



Алматы

**Орталық Азиядағы аймақтандыру
Қазақстан стратегиясы**

Алматы 2019

Сөз басы

Зерттеудің өзектілігі бір аймақта – Орталық Азияда – орналасқан бес мемлекеттің (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан) алуан түрлі саладағы өзара қарым-қатынастарының нақты жағдайымен сипатталады. Аймақ елдері арасындағы интеграция, кооперация тақырыбы көпшілікке арналған пікірсайыстарда жиі талқыланады. Ал соңғы кездерде сол пікірсайыс жаңа серпінге ие болды. Кооперация аталмыш аймаққа қарасты елдердің басшылықтары үшін күн тәртібіндегі маңызды саяси мәселеге айналды, бірақ оның шешімі әлі табыла қойған жоқ.

Сол себептен төмендегідей сұрақтарды талқылаудың қажеттілігі туындап отыр: Қандай салаларда жасалған тығыз ынтымақтастық аймақ елдеріне пайда әкелер еді? Интеграцияның қажеттілігі бар ма және аймақтың бірлесуі үшін қандай стратегия тиімдірек болмақ? Тығыз кооперацияға деген құлшыныс қаншалықты берік әлде бұл пікірсайыс сәнге айналған құбылыс па және оның шығу тегіне сыртқы сипат тән бе? Яғни, бұл Орталық Азиядан тысқары талқыланып жүген тақырып па?

Қазақстандық сараптамалық және ғылыми қоғамдастықтағы пікірсайыс дамуын қолдау және сонымен қатар басқа өңірлердегі ұқсас пікірсайыстарға қосылу мақсатында Қазақстандағы Ф. Эберт атындағы Қордың өкілдігі аймақтық интеграция дамуындағы Қазақстанның стратегиясын әзірлеудің дайындығына арналған жобалық жұмысқа бастамашылық етті. Жобалық жұмысқа аймақтық тақырыптаманың әртүрлі қырларымен (саяси, экономикалық, әлеуметтік) айналысатын әрі жұмыс тәжірибелері әрқилы сарапшылар – Фарход Аминжонов, Рустам Бурнашев, Икболжон Корабоев, Ислам Кураев, Қайрат Молдашев, Гаухар Нұрша, Анастасия Решетняк, Андрей Чеботаревтар – шақырылды. Аталмыш жоба аясында бірнеше рет ұйымдастырылған кездесулер барысында сарапшылар аналитикалық құжаттың басты идеяларын анықтап, аймақтағы интеграция стратегиясын әзірлеу үшін сұрақтар дайындады. Құжаттың басты идеялары 2018 жылдың қазан айында Астана қаласында өткен конференцияда бекітілді. Пікірсайыс барысында сараптамалық қоғамдастық тарапынан жасалған ескертулер мен ұсыныстар авторлардың құжатқа түзетулер енгізіп, оны ары қарай өңдеуіне мүмкіндік берді.

Зерттеу Орталық Азия аймағындағы аймақтандыру құбылысы бойынша Қазақстан үшін қолайлы жолдарды анықтау мәселесін саралайды. Аналитикалық құжаттың авторлары аймақтандырудың қандай стратегияларының қаншалықты оңтайлы екендігі және оларды іске асыруда қандай қауіп-қатерлердің орын алуы мүмкін екендігі туралы өз ойларын теория жүзінде ортаға салады. Аймақтандыру үдерістерінің стратегияларын анықтайтын салалар ретінде экономика, қауіпсіздік, энергетика және су қорларымен қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады. Аймақтық құрылыс мәселесі сонымен қатар этносаралық қарым-қатынастар мен жаһандану мәнмәтінінде де

зерделенеді. Жұмыстың жаңалығы мәселенаны геосаяси сипаттағыдан басқа да ғылыми-аналитикалық жолдар мен алуан түрлі парадигмаларға сүйене отырып саралауда көрініс табады.

«Интеграция» терминінің орнына аймақтандыру ұғымын (*орыс тілінде регионализация – ауд. ескертпесі*) қолданудың маңызын айта кеткен жөн. Өйткені интеграция ұлттық сипаттағы құрылымдардан да жоғары тұратын мемлекеттер саясатын біріктіруші құрылымдардың болуын талап етеді, ал бүгінгі таңда ондай құрылымдар жоқ. Авторлардың көзқарасы жайлы аймақтандыруды жүзеге асыру мен сол үдерістердегі Қазақстанның рөлі үшін өзара әрекеттестіктің және әртүрлі акторларды іске тартудың басқа да платформаларын құру мүмкіндігіне саяды. Бұл еңбек академиялық пікірсайыстарға өзіндік үлесін қосумен қатар Қазақстанның Орталық Азиядағы тиімді стратегиясын іздеуге көмегін тигізу арқылы практикалық құндылыққа да ие болады деген үміттеміз.

Генриетте Кифер

Ф. Эберт атындағы Қордың
Қазақстан және Өзбекстандағы
өкілдігінің аймақтық директоры

Мазмұны

КІРІСПЕ.....	7
1-ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ТУРАЛЫ БҰРЫНҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ БІЗДІҢ ҰСЫНЫСЫМЫЗДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	9
Орталық Азия аймақ ретінде.....	9
Біздің ұсынысымыз және терминология.....	11
Аймақтандыру динамикалық үдеріс ретінде	12
Аймақтандырудың жолдары және Қазақстанның рөлі.....	13
Қолданылған әдебиеттер тізімі	15
2-ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ АЙМАҚТАНУЫНА ҚАУІПСІЗДІК ТҮРҒЫСЫНАН КӨЗҚАРАС.....	17
Алғы сөз.....	17
Қауіпсіздік дискурсы	18
Орталық Азияда қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қарама- қайшылығы және қауіпсіздік қоғамдастығын құру	21
Орталық Азияда қауіпсіздік қоғамдастығын құрудың басты проблемалары.....	23
Қазақстанға және аймаққа арналған аймақтандыру стратегиялары.....	24
Қолданылған әдебиеттер тізімі	27
3-ТАРАУ. ОРТААЗИЯЛЫҚ АЙМАҚТАНДЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ӘЛЕУЕТІ.....	28
Алғы сөз.....	28
Ортаазиялық сипаттан еуразиялық сипатқа дейін	28
Сауда қарым-қатынастары.	29
Сауда құрылымы.....	31
Аймақ ішіндегі инвестициялық ағымдар	32
Қазақстанға және аймаққа арналған аймақтандыру стратегиялары.....	33
Қолданылған әдебиеттер тізімі	36
4-ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЙМАҚТАНДЫРУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ. ТРАНСПОРТ ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА: «ОҢТҮСТІК - СОЛТҮСТІК» ДӘЛІЗІН ДАМУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....	37
Алғы сөз.....	37
Транспорттық-логистикалық қатынастарға ықпал ету қабілеті.....	37
Транспорттық-логистикалық инфрақұрылымды дамыту	38
«Шығыс - Батыс» дәлізіне басымдылық беру	38
«Шығыс - Батыс» дәлізі: Қазақстан үшін қауіптер	39
Қазақстанның транспорттық-логистикалық қатынастарын дамыту стратегиясының басымдылықтары	40
Қолданылған әдебиеттер тізімі	43

5-ТАРАУ. ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНДІ ӨРТАРАПТАНДЫРУ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІ РЕИНТЕГРАЦИЯЛАУ	45
Алғы сөз.....	45
Қазақстанды газдандыру бастамасы	46
Мұнай секторындағы ортаазиялық ынтымақтастық.....	47
Ортаазиялық энергетикалық жүйе шеңберіндегі электр қуаты жеткізілімдерінің тұрақтылығы.....	49
Аймақтандыру стратегиясының энергетикалық сектордағы басымдылықтары	52
Қолданылған әдебиеттер тізімі	54
6-ТАРАУ. ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ СУ ҚОРЛАРЫН РЕТТЕУ: ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ	57
Алғы сөз.....	57
Климат өзгерісінен туындаған су қорларының азаюына қатысты Қазақстанның осал тұсы.....	58
Климат өзгерісінің қысқа мерзімдік оң әсері.....	58
Траншекаралық су қорларының азаюына осалдық	62
Шардара бөгетінің бұзылу қауіптері.....	60
Арал теңізінің проблемасын шешу.....	63
Орталық Азиядағы аймақтандыру стратегиясының басымдылықтары	65
Қолданылған әдебиеттер тізімі	67
7-ТАРАУ. ОРТААЗИЯЛЫҚ АЙМАҚТАНДЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС АҚТОРЛАР	69
Алғы сөз.....	69
Сараптамалық және академиялық қоғамдастықтар	70
Үкіметтік емес ұйымдар және аймақтық жобалар	71
Қазақстанға және аймаққа арналған стратегиялар.....	73
Қолданылған әдебиеттер тізімі	75
8-ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС.....	76
Алғы сөз.....	76
Орталық Азия елдеріндегі ұлттық құрылыс талаптары.....	77
Этносаралық ахуал туралы не білеміз?	78
Ұлттық құрылыс талаптарына берілер аймақтық жауаптар	80
Қазақстанға және Орталық Азия елдеріне арналған аймақтандыру стратегиялары	82
Қолданылған әдебиеттер тізімі	83
9-ТАРАУ. ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ АЙМАҚТАНУ МӘНМӘТІНІНДЕГІ ОРТААЗИЯЛЫҚ АЙМАҚШЫЛДЫҚ ..	85

Алғы сөз.....	85
Жаһанданған әлемдегі аймақшылдықтың зор мәні.....	86
АСЕАН: жаһандану мен аймақшылдық арасындағы өзара әрекеттестіктің үлгісі.....	87
Қазақстан және Орталық Азия жаһандану мен аймақтану құбылыстарының тоғысында.....	89
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	91

Кіріспе

Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары соңғы жылдарда алғаш рет 2018 жылы Наурыз мейрамының қарсаңында Астанада бас қосты. Әрине, Орталық Азия елдерінің жетекшілері бұрын да жүздесіп жүрген, бірақ ондай кездесулер көбінесе аймақтан тыс құрылымдар шеңберінде өтетін. Ал 2018 жылдың көктемінде өткен осы жолғы кездесуді расымен де ортаазиялық деп атауға болады. Бұл Орта Азия мемлекеттерінің қарым-қатынасында Наурыз (жаңа күн) туды және аймақтық ынтымақтастық бойынша болашақ бастамалар күтуге болады деген сөз бе? Аймақтағы байланыстарды нығайта түсу үшін қандай жолдар лайық? Орталық Азияда аймақтандыру ісін жүргізуде Қазақстан қандай стратегия ұстанғаны жөн? Бұл жинақта қамтылған баяндамалардың авторлары осы сұрақтарға жауап беруге тырысады. Бірақ Орталық Азиядағы бастамаларды талқылаудан бұрын өзара байланысты екі сұраққа жауап бере кету қажет. Оларға жауап бермей тұрып, аймақ туралы саралау қиынға түседі.

Бірінші сұрақ: Орталық Азияның шекаралары қайда жатыр? Орталық Азия аймағына қандай мемлекеттер енеді, қандай мемлекеттер енбейді деген сұрақтың жауабын қалай анықтауға болады? Әдетте шекара туралы сөз қозғалғанда, Орталық Азияға посткеңестік бес ел (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан) жатқызылады. Әйтсе де кейбір сарапшылар мен ғалымдар аймаққа Ауғанстанды, Қытайдың батыс бөлігін және Ресейдің түркі халықтары мекен ететін аумақтарын қосады. Біздің баяндамамызда Орталық Азия деп Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан елдерінің аумақтарын алып отырмыз. Бірақ белгілі бір жайттар аясында авторлар қарастырылып отырған аспектіге байланысты ОА-3 (бес елдің үшеуі) + Ауғанстан немесе ОА-4 + Қытай немесе Ресей форматындағы ынтымақтастықтың қажеттілігін атап көрсетулері мүмкін.

Екінші сұрақ: Орталық Азияда өтіп жатқан үдерістерді қалай атауға болады? Егер де интеграция туралы сөз қозғасақ, әдетте қарым-қатынастардың аймақтық ұйымдар түріндегі институционалдық формаларын құру деп түсініледі. Ал жай ғана ынтымақтастық десек, өте тығыз тарихи, мәдени, экономикалық және басқа да байланыстар орнаған аймақтың елдері үшін жеткіліксіз болатын секілді. Сондықтан біз «ортаазиялық аймақтандыру» терминін қолдануды ұсынамыз. Аймақтандыру алуан түрлі салалардағы – белгілі бір географиялық кеңістіктегі мемлекеттер мен қоғамдар арасындағы өзара әрекеттестіктің өсуіне алып келетін – ресми және бейресми үдерістерді қамтиды.

Қазіргі кезеңде Орталық Азиядағы аймақтандыру үшін жайлы аймақшылдық (*орыс тілінде мягкий регионализм - ауд. ескертпесі*) форматы сай келеді және оған бірнеше негіз бар.

Біріншіден, Орта Азия елдері үшін егемендік өте маңызды, ал одақтар немесе оларға ұқсас басқа бірлестіктер белгілі бір өкілеттіктердің аймақтық деңгейге тапсырылуын талап етеді. Мысалы, Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) туралы идеяны қолдап, оның мүшелігіне өтсе де – ал оған сыртқы сауда саясатын қалыптастыру ісі бойынша өкілеттіктер жартылай тапсырылып қойған – егемендік мәселесі өзекті сипатта қалып отыр және ел басшылығы оның тек экономикалық одақ екендігін үздіксіз қайталаумен келеді.

Екіншіден, аймақтық одақтар немесе соларға ұқсас бірлестіктер құру өте қиынға соғады, өйткені бұл жайт Қазақстан мен Қырғызстан үшін ЕЭО аясындағы қазіргі ережелерді қайта қарастыруды талап ететін болады. Және ондай ресми зор институттар құрудың қажеттілігі бар ма? Мәселен, кедендік шекаралар жоқ ЕЭО ауқымындағы саудада кез келген жақ

бейтарифтік кедергілер түріндегі тосқауылдар жасай алады, мұндай жағдай Ресей мен Беларусь арасында сүтке қатысты және басқа да «соғыстар» кезінде орын алуда.

Үшіншіден, ресми институттардың құрылуы аймақтағы көршілердің – атап айтқанда, Ресей мен Қытайдың – көңілінен шықпауы мүмкін және ондай интеграциялық бастамаларға кедергі келтіру талпыныстары жасалуы кәдік. Бұл тұста Ресейдің 2004 жылы Орта-Азиялық одаққа ілесуін және содан болып одақтың тура мағынасындағы ортаазиялық сипатын жоғалтқанын еске түсірсек те жетіп жатыр.

Ал төртіншіден, жайлы аймақшылдық барысында аймақтандыру үдерісіне белсенді қатыса алатын мемлекеттік емес акторлар (бизнес-құрылымдар, үкіметтік емес ұйымдар, қауымдастықтар және т.б.) арасындағы өзара әрекеттестіктің өрісі кеңірек болады. Қатан аймақшылдық барысында ұлттық мемлекеттік органдарға ұқсас аймақтық органдар тарапынан реттеу мен бақылау рөлі күшейіп кетеді. Яғни, ұлттық деңгейдегі үлкен бюрократия аймақтық деңгейде көрініс табатын болады және ол жайт бизнес пен басқа да мемлекеттік емес акторларға қосымша тосқауылдар тудыратын болады.

Жоғарыда атап көрсетілген тезистерге сүйене отырып, бұл еңбектің авторлары аталмыш мәселенің қазіргі күйіне алуан түрлі қырынан сараптама жасап, Орталық Азиядағы аймақтандыру құбылысының болашағы туралы өз ойларын ортаға салады. Бірінші тарауда авторлар Орталық Азиядағы аймақтандыру құбылысына жан-жақты сипаттама беріп, сол үдерістерге сараптама жасау жолдарына тоқталады. Орталық Азияға қатысты қазіргі аналитикалық ақпараттар ағымы көбінесе тек қана геосаяси парадигмаға, қауіп-қатер мәселелері мен жалаң деректерге сүйенген сараптамалық бағалауларды қамтиды. Ал біз Орталық Азияны зерделеу үшін ғылыми-аналитикалық тәсіл мен әртүрлі парадигмаларды қолданудың қажеттілігін сөз етіп отырмыз.

Еңбектің аналитикалық бөлігі екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімдегі 2-6 тараулар аймақтық ынтымақтастықтың дәстүрлі тақырыптамасына арналады. Екінші тарау Орталық Азиядағы аймақтандыру ісін қауіпсіздік мәселесі тұрғысынан саралайды. Үшінші тарау Орталық Азия елдері арасындағы экономикалық қарым-қатынастарды аймақтандырудың әлеуетіне шолу жасайды. Төртінші тарау транспорт пен логистика саласындағы аймақтандыру ісінің перспективаларын қарастырады және соның ішінде «Оңтүстік - Солтүстік» дәлізін дамытудың мүмкіншіліктеріне арнайы тоқталады. Бесінші тарау энергетикалық саладағы аймақтандыру құбылысына арналса, алтыншы тарау Орталық Азиядағы трансшекаралық суларды реттеу саласындағы қауіптер мен оларды шешуге қатысты шолуға аймақтандыру тұрғысынан талдау жасайды.

Орталық Азиядағы аймақтандыру ісін идеократиялық және қоғамдық факторлар тұрғысынан қарастыратын екінші бөлімдегі тарауларда (7-9) конструктивтік тәсіл туралы баса айтылады. Жетінші тарау ортаазиялық аймақшылдық дамуындағы мемлекеттік емес акторлардың рөліне баға береді. Сегізінші тарау ұлттық құрылыс (nation-building) пен аймақтық құрылыс (region-building) арасындағы өзара қарым-қатынасты саралайды. Тоғызыншы тарау салыстырмалы аймақшылдыққа зер салуды ұсынып, Орталық Азиядағы аймақтандыру стратегиясын жақсарту үшін халықаралық тәжірибеден үйренудің орынды екендігін тілге тиек етеді.

Әр тарауда авторлар еңбектің ортаазиялық аймақтандырудағы Қазақстан стратегиясының элементтері ретінде қолдануға болатын ең маңызды тұстарын атап көрсеткен негізгі сұрақтар қамтылған.

1-ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ТУРАЛЫ БҰРЫНҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ БІЗДІҢ ҰСЫНЫСЫМЫЗДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Икболжон Қорабоев
Қайрат Молдашев**

Орталық Азия аймақ ретінде

Ортаазиялық аймақшылдық 1990 жылдардың басынан бастап аймақ төңірегінде пікірсайыс тақырыбына айналған. Таза ортаазиялық аймақтық институттардың жоқтығына қарамастан, Орталық Азияға қатысты өзара әрекеттестіктің аймақтық өлшемдері жөніндегі идея өміршең болып шықты. Ортаазиялық аймақшылдықтың орнықтылығының көздері көп қырлы. Біз аймақтағы аймақшылдық туралы пікірсайыстарға түсініктеме беретін ғылыми және саяси маңызды әдебиетте айнымас белгілер ретінде тарихи дәйектерді, өтпелі кезең дәйектерін және геосаяси дәйектерді атап көрсете аламыз.

Тарихи дәйектің мәні Орталық Азияның ежелгі дәуірлерден бері Жібек жолы бойындағы өркенді өңір болғандығында. Орта Азияның маңыздылығы басты екі деректен көрінеді. Біріншіден, Орталық Азия әлемдегі ғылыми, саяси, мәдени және өнеркәсіптік үдерістерге маңызды үлес қосқан бірқатар озық мемлекеттер мен өркениеттердің аумағы болған. Екіншіден, өзінің орналасқан орнына сай Орта Азия үнемі жаһандық деңгейдегі саудасаттық, мәдени және өркениеттік алыс-берістер торабының рөлін атқарған. Бірақ әлемдік саудада теңіз және әуе тасымалдары пайда болғаннан кейін және сыртқы державалардың саяси және әскери ықпалымен Орта-Азиялық аймақтың ыдырауынан соң Орталық Азия жаһандық алыс-берістердегі өзінің орталық орнын жоғалтып алды (Canfield, 1992). Ортаазиялық аймақшылдықты жақтаушылардың ойынша, ортаазиялық аймақтық құрылымдарды құру Орта Азияның жаһандық сауда және экономикалық алыс-берістерде тәуелсіз аймақтық бірлестік ретінде өзінің маңыздылығына қайтадан ие болуына мүмкіндік береді (Starr, 2013).

Өтпелі кезең дәйегі Орталық Азия елдерінің ерекшеліктері мен қазіргі дәуір талаптарының ортақтығын көрсетеді. Орта Азия елдеріне ортақ географиялық, мәдени, тілдік және діни ерекшеліктер тән. Сонымен қатар Орта Азия мемлекеттері саяси даму, экономикалық өсім және әлеуметтік жаңғырту тұрғысынан алғанда да, ұқсас проблемалармен бетпе-бет келіп отыр. Бұл дәйекті алға тартушылар аймақтық ынтымақтастық Орталық Азия үшін объективті қажеттілік болып табылады және экономикалық өсім, елдерді жаңғырту мен дамыту аясындағы мақсаттарға жетуге мүмкіндік туғызады деген пікірді ұстанады (Linn, 2005). Нұрсұлтан Назарбаевтың төмендегі сөзі Орта Азия елдерінің тарихи бірлігі мен ортақ болашағына қатысты дәйекпен үйлесім табады: «Аймақта бізді экономикалық мүдделер, мәдени мұра, тіл, дін және экологиялық талап-тақауырлар біріктіреді және де біз ортақ сыртқы қауіптермен бетпе-бет келеміз. ЕО негізін қалаушылар оларда ортақ дүниенің біздегідей көп болуын тек армандаған ғана болар еді. Біз өз күш-қуатымызды тығыз экономикалық интеграцияға, ортақ нарық пен бірыңғай валютаға жұмсауымыз қажет».

Геосаяси дәйектің мәні Орталық Азия туралы сөз қозғалғанда, географияның бірлікті талап ететініне келіп тіреледі. Бұл дәйекті жақтаушылар үшін Орта Азия әлем картасында өз алдына жеке геосаяси бірлік болып табылады. Орталық Азияның жаһандық геосаясаттағы маңыздылығы XIX ғасыр дәйегі – аймақтағы үстемдік үшін созылған көп жылдық күреске ұлы державаларды (орыс және британ империяларын) тартқан «географиялық бетбұрыс»

түрінде атап көрсетілген (Kazantsev, 2008). Орталық Азияның әлемдік геосаясаттағы рөлі Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Ресей мен Қытай секілді елдердің жақын орналасуы, Орталық Азияның еуразиялық транспорт дәліздерінің торабында жатуы, табиғи байлық қорларының молдығы сияқты аталмыш аймақты геоэкономикалық көзқарас тұрғысынан тартымды ететін факторлардан болып қайтадан жаңғырды. Сол себептен Орталық Азия геостратегиялық (аймақта басқа ірі державалардың үстемдігіне жол бермеу мұраты, сондай-ақ бәсекелес державалардың қорғаныс жайын әлсірету мақсаты) немесе геоэкономикалық (аймақтың табиғи қорларын бақылауға деген бәсекелестік) себептерден ірі ойыншылардың назарын өзіне тартуда.

Бұл бәсекелестік жалғасын тапқан жағдайда Орта Азия үзіктелген және тұрақсыз сипатқа ие болады. Аймақты үзіктелуден қорғайтын бірден-бір жол Орталық Азия елдері арасында аймақтық бірлікті дамыту болып табылады (Tolirov, 2005). Сондықтан ортаазиялық бірлік идеясы әртүрлі мемлекеттік және қоғамдық деңгейде көрініс табады (Tolirov, 2009). Сөйтіп Орталық Азиядағы және одан тысқары аумақтағы көптеген бақылаушылар Орталық Азиядағы аймақ құрылысына шақыратын болады. Демек аймақтағы мемлекеттер мүшелері арасындағы қарым-қатынастарды реттеп қана қоймай, сыртқы субъектілерге Орта-Азиялық аймақтың ықпал етудің орынсыз бәсекелестігіне орын жоқ тәуелсіз елдердің ордасы екендігі туралы белгілер жіберіп тұратын белгілі бір аймақтық құрылымды орнататын болады.

Ортаазиялық бірлік тақырыбы дискурстық деңгейде баянды болып шықты. Әйтсе де ортаазиялық аймақтық ынтымақтастық үшін өміршең және тиянақты институционалдық негізді құрудың жолы түскен жоқ. Бұл ғалымдар назарын ортаазиялық аймақтық интеграция мәселесінен аймақтық динамиканың басқа қырларына аударды. Мысалы, кейбір ғалымдар аймақтық интеграция орнына басты тақырып етіп қауіпсіздік аймақшылдығын қою арқылы ортаазиялық аймақшылдық туралы пікірталастардың сипатын өзгертті (Bohr, 2004; Allison, 2008; Collins, 2009). Зерттеушілер басты назарды көбінесе сыртқы акторлардың жобалық жұмыстарына аударады. Олар аймақшылдыққа сыртқы күштердің (Қытай, Ресей, Америка Құрама Штаттары) аймақтық ұйымдардың өзіндік нұсқаларын алға жылжыту немесе көбінесе өздерінің геостратегиялық құрылымдарына (Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Еуразиялық экономикалық одақ пен «Үлкен Орталық Азия» және «Орталық Еуразия» ұғымдарына байланысты алуан түрлі жобаларға) сай келетін ортаазиялық аймақтық өлшемдер қалыптастыруды ұсыну үшінгі ұмтылыстары ретінде қарайды (Macfarlein, 2004; Flikke and Wilhelmsen, 2008; Kushkumbayev, 2016). Сонымен қатар сыртқы державалардың қолдауымен құрылған аймақтық құрылымдардың аймақтағы авторитарлық нормаларды өрістетуге мен нығайту жолындағы құрал ретінде қалай іске қосылатынын болжайтын еңбектер де бар (Melnykovska, Plamper and Schweickert, 2012). Ондай еңбектерде барлық мүше мемлекеттерге авторитарлық немесе қуатты президенттік режим тән болса, аймақтық бастамаларды дамытуға бола ма деген мәселе де сараланады (A. Libman and Vinokurov, 2015). Біз Орта Азияның аймақтық динамикасының нормативтік аспектілері туралы сөз қозғағанда, Орталық Азиядағы алуан түрлі аймақтық ұйымдар арқылы жүзеге асатын нормативтік бәсекелестіктің туатындығын алға тартатын сараптамаға да сілтеу жасай аламыз (Kavalski, 2007; Russo and Gawrich, 2017). Орталық Азия елдерін аймақшылдыққа тарту еуразиялық интеграциялық жобалар ауқымында жиі сараланатын болып жүр (Vinokurov, 2017; Moldashev and Aslam, 2017).

Соңғы кездердегі еңбектердің теориялық және әдістемелік тәсілдер тұрғысынан әрқилы (Libman, 2012) екендігіне қарамастан, ол жұмыстардың нысандары «ортаазиялық аймақтық институттар» ретінде емес, керісінше, «Орталық Азиядағы ірі державалардың

құралдары» ретінде сипатталады. Және одан да маңызды бір мәселе, ондай сыртқы оқиғалардың нәтижесі Орталық Азияның «бейтүзілімі» болып шықты, себебі іс жүзінде олар Орта Азияның дәстүрлі шеңберін бөлшектеуге әкеліп соқты.

Бүгінгі таңда біз ортаазиялық аймақшылдыққа деген қызығушылықтың қайтадан туғанын көріп отырмыз. Бұл жолы бізде ОА-5 өлшемін аймақтық ынтымақтастық бастамаларын дамыту үшін өміршең алаң ретінде қарастыратын эндогендік динамика да, сыртқы динамика да бар. Қазақстанның ұсынысымен ортаазиялық көшбасшылардың жоғары деңгейдегі кездесуін жаңғырту, Орталық Азияның аймақтық саясатындағы Өзбекстанның үлесін жаңарту, Еуропа Одағы, АҚШ немесе Жапония секілді сыртқы күштердің көпжақты кездесулер өткізуге қатысты «Орталық Азия+1» форматындағы бастамалары немесе «Бір белдеу, бір жол» қытай жобасының пайда болуы ортаазиялық аймақшылдық туралы пікірсайыстың қайтадан жаңғыруына түсініктеме бере алады.

Ғалымдардың онжылдықтар бойы жалғасып келе жатқан құбылысқа деген жаңа туған қызығушылыққа қатысты қандай көзқарасты таңдағандары жөн? Ортаазиялық аймақшылдықтың бүгінгі таңдағы үдерісі бар болғаны жаңа шөлмектегі ескі шарап қана емес пе? Әлде ол бұрынғы ұмтылыстардан мәні мен тәсілі арқылы ерекшелене ме? Осы жинақтың авторлары ортаазиялық аймақшылдықтың талқылануын оңтайлы етіп ұйымдастыру үшін Орта Азияда да, одан тысқары аумақта да жинақталған тәжірибеден сабақ алуымыз қажет екендігін тілге тиек етеді. Біз геосаяси динамиканың немесе ортаазиялық аймақшылдықтың қауіпсіздігі динамикасының сараптамасымен немесе аймақтық бастамалардың ұйымдастырушылық және құрылымдық аспектілерінің қарапайым сипаттамасымен шектеліп қалмауымыз керек. Орталық Азиядағы аймақшылдық туралы пікірсайыстар сонымен қатар сыртқы акторлардың өлшемдерімен немесе режимнің көзқарасымен шектелмеуге тиіс. Керісінше, біз аймақтық саясаттың нормативтік негіздерін зерттеу немесе Орталық Азияның көптеген әрекет етуші жақтардың, нормалар мен үдерістердің ықпалымен аймақ ретінде қалай құрылып немесе құрылмай жатқандығына назар аудару арқылы оны Салыстырмалы аймақшылдық картасына енгізудің теориялық тұрғыдан жүйелі тәсіліне қолдау көрсетуіміз керек. Ең бастысы, ортаазиялық аймақшылдықты «экономикалық интеграция формуласының» желілік жүзеге асуы ретінде де, дайын өнім ретінде де қарастыруға болмайды. Объективті категориялардан аулақ болуымыз керек. Керісінше, біз ортаазиялық аймақшылдық құбылысын аймақшылдықты әлеуметтік құрылым ретінде қарастыратын конструктивтік тәсіл арқылы дұрыс түсінуге болады деген ойдамыз.

Біздің ұсынысымыз және терминология

Біз «аймақтандыру» терминін қолданамыз және аталмыш үдерісті аймақтық интеграциядан бөлек қарастырамыз. Аймақтық интеграция дегеніміз мемлекетаралық және ұлттық органдардан жоғары тұратын институттар құру арқылы ынтымақтастықты тереңдету. Аймақтық интеграциядағы басты акторлар – мемлекеттер. Егер де мұндай анықтаманы қолдансақ, Орта Азияны аймақ деп атаудың өзі қиынға соғады, өйткені бүгінгі таңда экономика немесе қауіпсіздік мәселелері бойынша өзара әрекеттестікті реттейтін қандай да бір мемлекетаралық бірлестік жоқ.

Ал аймақтандыруға келсек, біз конструктивтік теорияларға негізделген анықтаманы қолданамыз (Söderbaum and Shaw, 2003; Coore, Hettne, and Söderbaum, 2008; Acharya, 2007; Langenhove, 2011; Neumann, 2003). Аймақтандыру мемлекеттік және мемлекеттік емес акторлардың қатысуымен өтетін көп қырлы динамикалық үдеріс ретінде қарастырылады.

Аймақтандыру үдерісі өзінен-өзі орын алмайды, оған аймақшылдықтың балама жобалары әсер етуі мүмкін. Ал аймақшылдық деп аймақты құру мақсатында мемлекеттік акторлар ла, мемлекеттік емес акторлар да жүргізе алатын жобаны айтамыз (Söderbaum and Shaw, 2003; Coore, Hettne, and Söderbaum, 2008).

Орталық Азиядағы аймақтық интеграция тұйыққа тірелгенімен, аймақтандыру үдерісі жалғасын табуда. Бүгінгі таңда бірқатар мемлекеттердің басшылары, жекелеген саясаткерлер, сараптамалық қоғамдастықтар және сыртқы акторлар қолдау көрсететін ортаазиялық аймақшылдық жобасы бар деп баға беруге болады.

Аймақтандыру динамикалық үдеріс ретінде

Егер аталмыш анықтаманың әрбір элементіне тоқталсақ, аймақтандыруды динамикалық үдеріс ретінде алып қарастыру арқылы бізге интеграция немесе дезинтеграцияға бағытталған өзгерістерді түсіндіру жеңілірек тиеді. ОА айқын шекаралары бар тұрақты аймақ емес. Керісінше, бұл аймақты салынуы және нығаюы мүмкін және сондай-ақ күйреуі де мүмкін құрылыс ретінде алып қарастыруға болады. Аймақтың өмір сүруі мен оның шекаралары акторлардың әрқилы аспектілердегі іс-әрекеттеріне байланысты.

Аймақтандыру аспектілері және ОА шекаралары

Біз аймақтандырудың қауіпсіздік, экономика, энергетика, су мәселелері және т.б. әртүрлі аспектілерін қарастырамыз. Бір аспектіде бес ел қамтылса, екінші біреуінде аймақтағы екі-үш елдің тығыз ынтымақтастығы жеткілікті. Жалпы алғанда біз ОА шекараларының анықтамасына бес елдің – атап айтқанда, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан – аумағын жатқызамыз. Әйтсе де ОА шекаралары туралы сұрақты ашық қалдырып, авторларға әр аспекті бойынша ынтымақтастықтың ең оңтайлы форматтарын және оған қатысатын елдердің санын өздерінің ұсынуына мүмкіндік бергіміз келеді. Егер ОА-5 форматы барлық бес елдің қатысуын білдірсе, ОА-3 аймақтағы үш елді ғана қамтиды. Мұндай тәсіл ресми үлкен мемлекетаралық ұйымдар құрмай-ақ, қазіргі проблемаларды шешу және болашақ проблемалардың алдын алу үшін ресми және бейресми платформалар орнату арқылы жайлы аймақшылдықты алға жылжытуға қатысты біздің көзқарасымызға сай келеді.

Аймақтандыру үдерісіндегі акторлар

Акторларға келсек, ОА туралы бұл еңбектің бұрынғы көптеген еңбектерден айырмашылығы – біздің сараптамалық қоғамдастық, бизнес-құрылымдар мен үкіметтік емес ұйымдар қатарлы мемлекеттік емес акторлардың рөліне ерекше көңіл бөлетіндігімізде. Аймақтық үдерістерде мемлекеттердің басты, тіпті басым акторлар болып табылатындығына қарамастан, олардың әрекеттері көп жағдайда түрлі факторларға тәуелді болып келеді. Ондай факторлардың бірі – мемлекеттік емес акторлардың көзқарастары. Бұл акторлар Орталық Азиядағы аймақтандыру құбылысына дискурс құру, қоғамдық пікір мен жекелеген мемлекеттік органдардың саясатына ықпал ету және басқа да қолжетімді жолдар арқылы әсер етеді. Акторларды аймақшілік және аймақтан тыс деп бөліп қарауға болады. Мемлекеттік және мемлекеттік емес сыртқы акторлар да Орталық Азиядағы аймақтандыру динамикасына сүбелі үлес қосады.

Сыртқы акторлардың рөлі

Егер сыртқы акторлардың рөлі туралы сөз қозғасақ, Орта Азиядағы аймақтандырудың екі түрлі басты жолын атап көрсетуге болады. Бірінші жолды ОА елдерінің ортақ мүдделеріне өкілдік ететін аймақтық ұйымнан гөрі жекелеген елдермен өзара әрекеттесу ұтымдырақ

болып табылатын Ресей мен Қытай ұстанады. Екі жақты ынтымақтастыққа балама ретінде ОА мемлекеттерінің Ресей мен Қытай басымдылық танытатын ұйымдарға енгізілуін атауға болады. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) мен ЕЭО осы бірінші жолдың мысалдары бола алады. Ресейдің 2004 жылы Орталық-Азия одағының құрамына енуі немесе ОА мемлекеттерінің басшыларының 2018 жылдың наурызындағы ақылдастық кездесуі туралы Ресейдегі ұлтшылдар тудырған дискурс та сыртқы акторлардың Орта Азиядағы аймақтық интеграцияны тереңдетуге деген ұмтылыстарға сақтықпен қарайтындықтарына дәлел бола алады.

Еуропалық елдер мен АҚШ ұстанатын екінші жол аймақ елдерінің интеграциясын дамытуды қолдайды. Бұл тұста еуропалық акторлар мен АҚШ-тың себептері өзара айырмашылықта екенін айта кеткен жөн. Еуропа мен Еуропалық Одақтың мемлекеттік емес акторларына Орталық Азиядағы белгілі бір проблемаларды шешу үшін аймақтандырудың еуропалық тәжірибесін өрістетуге амалы тән. Ал АҚШ ұсынып отырған 5+1 бастамасына аймақтағы күштер теңгерімін мөлшерлеудің геосаяси жобасы ретінде қарауға болады. Ірі ойыншылардың Орталық Азияға қатысты ұстанымдарындағы мүдделерінің ықтимал шиеленісін ескере отырып, аймақтағы мемлекеттердің «шахмат тақтасына» айналып кетпеу мақсатында өз жолын ойлап табуы аса маңызды.

Аймақтандырудың жолдары және Қазақстанның рөлі

АСЕАН тәжірибесіне және аймақтық кешенді экономикалық серіктестіктерді өрістетудегі үрдіске сүйене отырып, біз ОА мемлекеттеріне соған ұқсас стратегияны қолдануды ұсынамыз. Әдебиетте аймақтық ынтымақтастық бейресми алаңдар түрінде немесе интрузивтік емес ұйымдар мен келісімдер құру арқылы өтетін тәсіл жайлы аймақшылдық деп аталады (Fawcett, 2004). Ондай икемді аймақтандыру барысында басты рөлді табысты ынтымақтастыққа бағытталған бейресми нормалар атқарады. Жайлы аймақшылдық қатаң аймақшылдықтың баламасы болып табылады. Қатаң аймақшылдық барысында қатысушы елдердің іс-әрекетінің көптеген қырларын реттейтін айқын және интрузиялық ережелері бар мемлекетаралық немесе ұлттық институттардан жоғары тұратын институттар құрылады. Оған ЕО пен ЕЭО мысал бола алады.

Орталық Азияда жайлы аймақшылдықты өрістетудің артықшылықтары көп. Мемлекеттер үшін өз егемендіктерін құрбан етудің және шешімдер қабылдарда өкілеттігін аймақтық деңгейге тапсырудың қажеттілігі болмайды. Қатысушылары аталмыш аймақтың елдері болып табылатын бүгінге дейін құрылып қойған ұйымдармен жасалған келісімдерді қайта қараудың да қажеті жоқ. Бұл мәселе, әсіресе, ЕЭО-ға ілескен Қазақстан мен Қырғызстан үшін аса маңызды. Аймақтың «көшбасшысын» іздеуге де мәжбүрлік тумайды. Өйткені ол жағдай жетекші сипаттағы елдердің аймақтандыру құбылысына теріс көзқарасын тудырады. Ірі ойыншы сипатындағы Қазақстанға жайлы аймақшылдықты алға жылжыту бойынша жауапкершілік пен шығындарды өзіне алудың да қажеті жоқ. Және де ондай тәсіл барысында мемлекеттік емес акторлар – бизнес пен үкіметтік емес ұйымдарды қосып – үшін кеңірек кеңістік болады.

Жайлы аймақшылдық тым «жайлылығынан» немесе аймақтағы мемлекеттер арасында қатаң ережелердің немесе келісімдердің жоқтығынан ешқандай проблемаларды шеше алмайтындай болып көрінуі мүмкін.

Біріншіден, қатаң аймақшылдықтың ЕЭО секілді қазіргі форматтары аясында да келісімдердің орындала бермеу қаупі бар. Қазіргі біртұтас кедендік тарифтан алымдар, кері

экспорт проблемасы және саудадағы бейтарифтік кедергілерді азайтуға қабілетсіздік белгілі бір қатысушылардың мүдделеріне қайшы келген жағдайда күрделі институттар мен тым көп келісімдердің қағаз бетінде ғана қалып қоюы мүмкін екендігін көрсетеді.

Екіншіден, жайлы аймақшылдық ешқандай ережелер жоқ деген сөз емес. Керісінше, онда диалогтық алаңдар орнату, көптеген бейресми кездесулер ұйымдастыру және интрузивтік емес келісімдерге қол қою барысында қатысушылардың іс-әрекеттеріне әсер ететін ынтымақтастықтың нормалары қалыптасатын болады (Acharya, 2009). Бұл аймақта мемлекеттердің басшылары немесе министрлері бас қосатын ешқандай бейресми алаңдар болмаған деуге тұрарлық ОА қазіргі жағдайына қарағанда көп артық. Сондықтан да 2018 жылдың наурызында өткен ақылдастық кездесу ерекше оқиға ретінде қабылданды. Оның сыртында жайлы аймақшылдық немесе кешенді серіктестік ынтымақтастықтың көптеген салада алуан түрлі жылдамдықпен тереңдей түсуін білдіреді. Мысалы, қатысушы елдер үшін инфрақұрылымдық мәселелерді шешу мақсатында көбірек рәсімделген талаптары мен ережелері бар арнайы ұйымдар құруға болады. Ал бәтуа әлі де жеткіліксіздеу болып табылатын кейбір мәселелер бойынша қатысушылар ортақ мәмілеге келетін диалогтық алаңдар ұйымдастырылса да жетіп жатыр.

Келесі тарауларда біз әртүрлі проблемаларды және оларды алуан түрлі алаңдар, кездесулер, бірлескен институттар, комиссиялар мен жобаларды қолдану арқылы аймақтық деңгейде шешу мүмкіндіктерін қарастырамыз. Біз басты назарды Қазақстан өзі жалғыз шеше алмайтын және аймақтық ынтымақтастық талап етілетін мәселелерге аударуға тырыстық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Acharya, Amitav. 2007. “The Emerging Regional Architecture of World Politics.” *World Politics* 59 (4): 629-52.

Acharya, Amitav. 2009. *Constructing a Security Community in Southeast Asia: ASEAN and the Problem of Regional Order*. Routledge.

Allison, Roy. 2008. “Virtual Regionalism, Regional Structures and Regime Security in Central Asia.” *Central Asian Survey* 27 (2): 185-202.

Bohr, Annette. 2004. “Regionalism in Central Asia: New Geopolitics, Old Regional Order.” *International Affairs* 80 (3). Wiley Online Library: 485-502.

Canfield, Robert L. 1992. “Restructuring in Greater Central Asia: Changing Political Configurations.” *Asian Survey* 32 (10). University of California Press: 875-87.

Collins, Kathleen. 2009. “Economic and Security Regionalism among Patrimonial Authoritarian Regimes: The Case of Central Asia.” *Europe-Asia Studies* 61 (2): 249-81.

Coope, Andrew F., Björn Hettne, and Fredrik Söderbaum. 2008. “The Future of Regionalism: Old Divides, New Frontiers.” In *Regionalization and Global Governance: The Taming of Globalization?*, edited by Andrew Fenton Cooper, Christopher W. Hughes, Philippe De Lombaerde, Christopher W. Hughes, and Philippe De, 61–80. London: Routledge.

Flikke, G., and J. Wilhelmsen. 2008. “Central Asia: A Testing Ground for New Great Power Relations, Oslo, Norwegian Institute of International Affairs, 2008; B. Lo.” *Axis of Convenience: Moscow, Beijing and the New Geopolitics*.

Kavalski, Emilian. 2007. “Partnership or Rivalry between the EU, China and India in Central Asia: The Normative Power of Regional Actors with Global Aspirations.” *European Law Journal* 13 (6): 839–56.

Казанцев, А. А. 2008. „Большая игра“ с неизвестными правилами: Мировая политика и Центральная Азия. Москва: Наследие Евразии.

Kushkumbayev, Sanat. 2016. *Central Asian Lego: Who Is Configuring the Region?* Almaty: Friedrich Ebert Foundation.

Langenhove, Luk van. 2011. *Building Regions: The Regionalization of the World Order*. Aldershot: Ashgate Publishing Company.

Libman, Alexander. 2012. “Studies of Regional Integration in the CIS and in Central Asia: A Literature Survey.” *EDB Center for Integration Studies Report*, no. 2.

Libman, A., and E. Vinokurov. 2015. “Autocracies and Regional Integration: The Case of the Eurasian Economic Union and Its Predecessors.” Mimeo.

Linn, Johannes F. 2005. *Central Asia Human Development Report: Bringing Down Barriers: Regional Cooperation for Human Development and Human Security*. United Nations Publications.

Macfarlane, S. Neil. 2004. "The United States and Regionalism in Central Asia." *International Affairs* 80 (3). Oxford University Press: 447-61.

Melnykovska, Inna, Hedwig Plamper, and Rainer Schweickert. 2012. "Do Russia and China Promote Autocracy in Central Asia?" *Asia Europe Journal* 10 (1): 75-89.

Moldashev, Kairat, and Mohamed Aslam. 2010. "The Eurasian Union: Actor in the Making?" *Journal of International Relations and Development*

Neumann, Iver B. 2003. "A Region-Building Approach." In *Theories of New Regionalism: A Palgrave Reader*, edited by Fredrik Söderbaum and Timothy M. Shaw. New York: Palgrave Macmillan.

Russo, Alessandra, and Andrea Gawrich. 2017. "Overlap with Contestation? Comparing Norms and Policies of Regional Organizations in the Post-Soviet Space." *Central Asian Survey* 36 (3). Routledge: 331-52.

Söderbaum, Fredrik, and Timothy M. Shaw. 2003. *Theories of New Regionalism: A Palgrave Reader*. New York: Palgrave Macmillan.

Starr, S. Frederick 2013. *Lost Enlightenment: Central Asia's Golden Age from the Arab Conquest to Tamerlane*. Princeton: Princeton University Press.

Tolipov, Farkhad. 2009. "Central Asia: Regional Response to a Global Challenge." *Central Asia and the Caucasus*, no. 4-5 (5859).

Tolipov, Farkhod. 2005. "Central Asia as a Space, Polity, Peoples, and Fate." *Central Asia and the Caucasus*, no. 2. CA&CC Press AB: 32.

Vinokurov, Evgeny. 2017. "Eurasian Economic Union: Current State and Preliminary Results." *Russian Journal of Economics* 3 (1): 54-70.

2-ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ АЙМАҚТАНУЫНА ҚАУІПСІЗДІК ТҮРҒЫСЫНАН КӨЗҚАРАС

Рустам Бурнашев
Қайрат Молдашев

Негізгі сұрақтар:

- Қауіпсіздіктің қазақстандық дискурсында елдің «Орталық Азия» концепциясы көздейтін форматтағы аймақтандырудан шегініп, «Қазақстанның геосаяси сипатты төңірегі» және «іргелес мемлекеттер» сияқты аморфты және динамикалық тұжырымдамаларға қарай бет түзеген үрдісін көруге болады.
- Қазақстан қауіпсіздік дискурсы аясында Орталық Азия елдерін өзінің ұлттық қауіпсіздігіне төнер қатер тұрғысынан алғанда, ықтимал қарсылас ретінде де, одақтас ретінде де санамайды.
- Бейдискурсивті практикаларға жасалған талдау Орталық Азияда аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық механизмдері аймақтан тыс акторларды қамтитындығын көрсетеді.
- Орталық Азияда қауіпсіздік қоғамдастығын құруға қажетті әлеует бар. Бірақ аймақ ішіндегі шиеленістерді шешу үшін диалогтық платформалар орнату және ОА+1 платформалары аясында аймақтық барабарлықты қалыптастыру қажет.
- Қауіпсіздікке қатысты дискурста лаңкестік, экстремизм және есірткі тасымалының қауіп-қатеріне көңіл бөлінеді. Қауіпсіздік ұғымын кеңейтіп, адам қауіпсіздігі ұғымын енгізудің қажеттілігі туындап отыр.

Алғы сөз

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан бес мемлекеті форматындағы Орта Азияны қауіпсіздік мәселесі бойынша біртұтас аймақ ретінде қарастыруға болатындығы туралы ой бүгінгі таңда жалпы жұртшылық толықтай дерлік қабылдаған пікір болып саналады. Мұндай пікір 1990 жылдардың басынан нығая түсті. 1993 жылдың қаңтар айында Ташкентте өткен және аясында «Орта-Азиялық аймақ» тұжырымдамасы ұсынылған «Орта Азия елдері мен Қазақстанның мемлекет және үкімет басшыларының» кездесуінде «аймақтық қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайту» бойынша пікір алмасу орын алды¹.

Әйтсе де ондай пікірдің Орталық Азия елдерінің – соның ішінде Қазақстанның – қауіпсіздігі туралы қазіргі таңдағы дискурстарға қаншалықты сай келетіндігі туралы сұрақтың әлі жауабы жоқ. Орталық Азия елдерінің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығының мүмкіншіліктері көбінесе Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде олардың барлығының басты назары көбінесе мемлекеттік және ұлттық құрылыс мәселелерінде – соның ішінде барабарлық (*орыс тілінде идентификация – ауд. ескертпесі*) саясатын жүргізу аясында да – болғандығы арқылы анықталады (Kaldor, 2012). Орта Азия

¹ Президент Республики Казахстан. Президент Республики Кыргызстан. Председатель Верховного Совета Республики Таджикистан. Президент Туркменистана. Президент Республики Узбекистан. Совместное коммюнике от 4 января 1993 года // Правда Востока, 1993, 5 января.

елдері ең алдымен халықаралық немесе аймақтық деңгейде шешуге – басқаша айтқанда, ішкі істерге сырттан араласуға – жол берілуге болмайды деп саналған ішкі сипаттағы талаптар мен қатерлермен бетпе-бет келген еді.

Сөйтіп Қазақстан қауіпсіздігі дискурсы тұрғысынан алғанда, Орталық Азия аймақтық кешен ретінде түзіліп шыдамады. Сондықтан бұл тұста Орталық Азияны «қауіпсіздіктің квазикешені» ретінде (Burnashev, 2015: 111); қауіпсіздіктің аймақтық құрылымымен емес, идея немесе терминмен (бұл жағдайда «Орталық Азия» терминімен) және оны қолдану дәстүрімен анықталатын шартты кешен ретінде сипаттауға болады. Бірақ сөйте тұра Орта Азияға қауіпсіздік қоғамдастығының кейбір белгілері тән деуге де болады, мәселен, аймақтағы елдер бір-бірін әскери қауіп-қатер көзі ретінде санамайды.

Бейдискурсивтік практика сараптамасы Орталық Азияда аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық механизмдерінің құрамына аймақтан тыс акторлар (дәстүрлі түрде Орталық Азияға жатқызылмайтын елдер) енетіндігін көрсетеді және бұл жайт әрқилы ахуалға жетелейді:

- бір жағынан, аймақтан тыс акторлар зор күш-қуатқа, сондай-ақ өзіндік және ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде практикалық тәжірибеге ие, ал ол жайт өз кезегінде – ең кемінде қысқа және орта мерзімдік перспективада – Орталық Азияда шиеленісті айтарлықтай деңгейде төмендетеді;
- екінші жағынан, Орта Азияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне аймақтан тыс акторлардың институцияланған түрде қатыстырылуы аймақ елдерінің қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өзіндік аймақтық механизмін құруға деген ұмтылысын азайтады; ал ол жайт қысқа және орта мерзімдік перспективада ахуалдың тұрақсыздану қаупін тудырады;

Тарау төрт тармақтан тұрады. Бірінші тармақта Қазақстан қауіпсіздігі туралы ресми дискурсқа талдау жасалады. Одан соң біз аймақ ішінде өзіндік әлеует бар бола тұра, қауіпсіздікті тек сыртқы акторлар есебінен қамтамасыз етудің оғаштығына тоқталамыз. Үшінші тармақта аймақтандырудың қауіпсіздік тұрғысынан алғандағы проблемалары талқыланады, ал қорытындыда плюралистік қауіпсіздік қоғамдастығын құру үшін Қазақстан мен аймақ үшін стратегиялар ұсынылады.

Қауіпсіздік дискурсы

Қазақстандағы қауіпсіздік дискурсының заманауи формасы 2012 жылдың желтоқсан айында президенттің Қазақстан халқына жолдауы түрінде жарияланған «Қазақстан-2050» стратегиясының аясында көрсетілді². «XXI ғасырдың жаһандық он талабын» ескерген Стратегия тікелей қауіпсіздік саласына тек халықаралық сипаттағы мәселелерді жатқызады. Қазақстанда 2010 жылдардың басына қарай қалыптасқан ішкі қайшылықтар қауіпсіздік тұрғысынан қарастырылмайды. Соған сай қауіпсіздік ұғымы бұл сұрақтың бейбітшілік туралы зерттеулерде қарастырылатынындай (Peace Studies) (Galtung, 1964), адам қауіпсіздігі (Human Security) терминдері тұрғысынан немесе құрылымдық және мәдени зорлықтың бар екендігі аталмыш стратегияда айтылмайды.

² Президент Республики Казахстан. Послание народу Казахстана от 14 декабря 2012 года «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» // Казахстанская правда, 2012, 15 декабря (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>)

Аймақтық қауіпсіздік мәселелері тұрғысынан алғанда, жолдаудың негізгі ерекшелігі онда аймақтық тәсіл қарастырылмай, басты назардың «жақын төңірек» пен көпвекторлылыққа аударылуында: «біздің басымдылықтарымыз өзгермейді – көршілеріміз Ресей, Қытай, Орталық Азия елдері, сондай-ақ АҚШ, Еуропа Одағымен, Азия елдерімен серіктестікті дамыту»³. Сөйте тұра нұсқау «сыртқы саясаттың үйлесімділігіне» жасалады: «әлемдік істерде маңызды рөл атқаратын және Қазақстан үшін практикалық қызығушылық тудыратын барлық мемлекеттермен достық және болжауға келетін қатынастарды дамыту». Сонымен қатар жолдауда Орта Азияның Қазақстан үшін қажетті аймақ ретіндегі сипаты сақталған. Президент «біз бұдан былай да аймақтық қауіпсіздік үшін өз жауапкершілігімізді сезініп, Орталық Азияның тұрақтылығына өз үлесімізді қосуға тиіспіз. Біздің міндетіміз – аймақтағы шиеленісті ахуалдардың алғышарттарын жоюға барынша көмектесу» екендігін алға тартады. «Орталық Азияны тұрақтандырудың» оңтайлы тәсілі ретінде аймақшілік интеграция атап көрсетіледі. Жолдауда жиі аймақтық сипатта қарастырылатын Ауғанстанға байланысты мәселелер айқын түрде жаһандық қауіпсіздік мәселелерінің қатарына енгізілген.

Кейінгі жолдауларда қауіпсіздік мәселелері не мүлде қозғалмайды, не президент оның тек ұлттық сипатына ғана тоқталады⁴. Бірақ Қазақстан президенті Орталық Азияның дәл қауіпсіздік мәселелерімен анықталатын аймақтық құрылым ретіндегі 1990-2000 жылдарда қалыптасқан дәстүрлі ұғымына қайта оралады. Мәселен, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 2018 жылдың наурыз айындағы Астанадағы (ақылдастық) кездесуінің нәтижелері бойынша өткен брифинг барысында Қазақстан президенті «аймақ елдерінің қауіпсіздік кеңестерінің аппараттары арасындағы бес жақты тұрақты кеңес механизмін» құруды ұсынды. Оның ойынша, бұл жайт «аймақтық қауіпсіздікке қатысты ең маңызды мәселелер туралы тұрақты диалог құрып тұруға мүмкіндік береді»⁵.

Қазақстанның қауіпсіздігін аймақтық деңгейде қамтамасыз ету ісіне Сыртқы саясат тұжырымдамасы және Әскери доктрина секілді коцептуалды құжаттарда айтарлықтай назар аударылады.

«Қазақстан-2050» стратегиясымен толық үндестікте дайындалған Сыртқы саясат тұжырымдамасы⁶ Қазақстанның сыртқы саясаты басты назарды «Орта Азияның саяси тұрғыдан тұрақты, экономикалық тұрғыдан орнықты және қауіпсіз түрде дамуына» аударатындығын атап көрсетеді. «Қазақстан аймақтағы өз жауапкершілігі мен рөлін сезіне

³ Төменде қарастырылған Қазақстан Республикасының Сыртқы саясатының тұжырымдамасында осы тәртіп бекітілген.

⁴ Президент Республики Казахстан. Послание народу Казахстана от 11 ноября 2014 года «Нұрлы жол - путь в будущее» // Казахстанская правда, 12.10.2014 (http://adilet.zan.kz/rus/docs/K14002014_2); Президент Республики Казахстан. Послание народу Казахстана от 30 ноября 2015 года «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие» // Казахстанская правда, 01.12.2015 (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500002015>); Президент Республики Казахстан. Послание народу Казахстана от 31 января 2017 года «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» // Казахстанская правда, 31.01.2017 (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017>); Президент Республики Казахстан. Послание народу Казахстана от 10 января 2018 года «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» // Казахстанская правда, 10.01.2018 (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1800002018>)

⁵ Брифинг для представителей средств массовой информации по итогам Рабочей (консультативной) встречи глав государств Центральной Азии // Официальный сайт Президента Республики Казахстан «Акорда», 15.03.2018. http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/brifing-dlya-predstavitelei-sredstv-massovoi-informacii-po-itogam-rabochei-konsultativnoi-vstrechi-glav-gosudarstv-centralnoi-azii

⁶ Сыртқы саясат тұжырымдамасы https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31498994#pos=20;-43

отырып, аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барынша күш салып, жаңа талаптар мен қауіп-қатерлерге – соның ішінде іргелес аумақтар тарапынан да туған – мүмкіндігінше қарсы тұратындығы» алға тартылады. Шиеленістер тудырушы әлеуетті кемітудің және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешудің шарты ретінде аймақты кейін «халықаралық саясат пен экономиканың біртұтас біріктірілген субъектісіне айналдыратын» «аймақшілік интеграцияны дамыту» қарастырылады. Сөйте тұра, одан кейін тұжырымдаманың «Елдік және аймақтық басымдылықтар» тарауында Орталық Азия елдері Ресей мен Қытайдан кейін үшінші орынға жылжытылғаны оғаш көрінеді. Тағы да сөйте тұра бұл елдермен «көпжоспарлы қатынастарды» дамытуда бірінші орынға «ішкі және сыртқы талаптар мен қауіп-қатерлерге бірге қарсы тұру үшін аймақ елдерінің күш-қуатын біріктіру» қойылады да, тек содан кейін ғана саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық атап көрсетіледі.

Тұжырымдамаға сай Қазақстанның сыртқы саясатының – соның ішінде қауіпсіздік саласындағы саясаттың да – қалыптасуы халықаралық қатынастардың «вестфальдық» нормаларына негізделеді: мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, даулы мәселелерді шешудің бейбіт жолдарын іздеу.

Қазақстанның әскери қауіпсіздігіне және әскери қауіп-қатерлерге әсер ететін шарттар мен факторларды анықтауда бүгінгі таңда қолданыстағы 2017 жылы қабылданған Әскери доктрина ⁷ жекелеген мемлекеттердің әскери-саяси және әскери-стратегиялық мақсаттарына жету жолында пайдалануы мүмкін аймақ ішіндегі «саяси, әлеуметтік, экономикалық, аумақтық, этникалық және басқа да қайшылықтардың» маңыздылығын атап көрсетеді. Онда Қазақстанның әскери қауіпсіздігіне «аймақты милитарландыру мен Қазақстан Республикасының «қарулану жарысына» тартылуы» әсер етуі мүмкін екендігі ашық көрсетіледі. Бірақ доктринада Қазақстанға қатысты «аймақ» терминіне анықтама берілмейді, оның шекаралары белгіленбейді. Сондай-ақ құжатта атап көрсетілген Қазақстанға әскери қауіп-қатер тудыруы мүмкін шарттар мен факторлардың тізімі де жағдайды айқындауға көмектеспейді:

- Қазақстанға қарсы әскери күш қолдану немесе қолдану пиғылы;
- Қазақстанның шекаралық кеңістігінде шекаралық қару-жарақты шиеленісті шешу және біртіндеп арттыру;
- мемлекеттегі ахуалды тұрақсыздандыруға бағытталған бүлдіргіш күштердің әрекеті, конституциялық құрылысты күшпен өзгерту, елдің аумақтық тұтастығын бұзу;
- мемлекеттің әскери және әскери-экономикалық әлеуетін ақпараттық-психологиялық және бағдарламалық-техникалық әсерлер (кибер шабуылдар) арқылы төмендету;
- Қазақстан Республикасын «қарулану жарысына» тарту;
- аймақ мемлекеттерінде жаппай зақымдаушы немесе әсер етуші қару-жарақты жасауға, оны тасымалдауға қатысты рұқсат етілмеген бағдарламаларды жүзеге асыру;

⁷ Президент Республики Казахстан. Указ от 29 сентября 2017 года №554 «Об утверждении Военной доктрины Республики Казахстан» // Сборник актов президента и правительства Республики Казахстан. – 2017. – № 42-43. – Ст. 284 (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1700000554>).

Доктринада әскери қауіпсіздік саласындағы қазіргі жағдайды сипаттауда әскери құрылыс мәселесі бойынша тек ұлттық шаралар қарастырылып, аймақтық деңгейде қолданылатын шаралардың (екі жақты немесе көп жақты келісімдер) атап көрсетілмейтіндігі көзге түседі.

Доктринада «Қазақстан Республикасы мемлекеттердің бір де бірін қарсылас ретінде қарастырмайтындығы» атап көрсетіледі. Сөйте тұра одақтастық қатынастар туралы сөз жоқ, «позитивті вектор» Қазақстанның «басқа мемлекеттермен ынтымақтастық пен жақсы көршілік қарым-қатынастарды дамытуға бағытталған» саясат жүргізетіндігі және Қазақстанның іс-әрекетінің басты бағыттарының бірі «қауіпсіздіктің халықаралық жүйесін қалыптастыру мен мемлекетаралық және мемлекетішілік қайшылықтарды шешу мәселесіндегі әскери күштің рөлін азайту мақсатында басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдармен серіктестік пен ынтымақтастықты кеңейту» – соның ішінде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) мен Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШҰЫ) шеңберінде ұжымдық қауіпсіздік жүйесін дамыту – екендігі туралы айтылумен шектеледі.

Доктрина іс жүзінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша тек ұлттық деңгейде жүзеге асырылатын шараларға көңіл бөледі. Доктринаның халықаралық деңгейге арналған «Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне қатысуын арттыру» тармағы жалпы алғанда, аймаққа бөлмей, қауіпсіздіктің тек жаһандық деңгейін қарастырады.

Әскери доктринаға «күрестің гибридік тәсілдері» тұжырымдамасын енгізу және сондай-ақ Қазақстанға төнуі мүмкін әскери қауіп-қатер көздерінің тізіміне мемлекеттермен бірге халықтар мен әлеуметтік топтарды да қосу Қазақстан қауіпсіздігіне адам қауіпсіздігі мен бейбітшілік туралы зерттеулер арқылы қарау мүмкіншілігін қиынға соқтыратындығына көңіл бөлген орынды.

Дәстүрлі түрде Орталық Азияға жатқызылатын елдердің барлығы да халықаралық ынтымақтастықтың негіздері ретінде халықаралық құқықтың «вестфальдық» нормаларын қарастыратындары байқалады: ішкі істерге қол сұқпау, аумақтық тұтастық пен егемендікті сақтау, әр елдің дамудың өзіндік қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық үлгісін таңдауына құрмет көрсету.

Қауіпсіздіктің қазақстандық дискурсында елдің бес мемлекетті – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан – қамтыған «Орталық Азия» тұжырымдамасы ұсынатын айқын түрде шектеулі форматтағы аймақтандырудан шегініп, «Қазақстанның геосаяси төңірегі» немесе «іргелес мемлекеттер» секілді атап көрсетілген бес мемлекеттің сыртында кемінде Ресей мен Қытайды қосып қарастыратын аморфты және динамикалық сипаттағы тұжырымдамаларға бет түзейтіндігі анық байқалады. Сыртқы саясатқа қатысты елдік басымдылықтарға қатысты ұстаным да осы бағытта дамуда – мұнда бірінші орынға Ресей мен Қытай шығып, Орта Азия елдері солардан кейін орын алады.

Концептуалды деңгейде дәстүрлі түрде Орталық Азияға жатқызылатын басқа елдерде де қауіпсіздік кеңістігін аймақтандыруға қатысты бірыңғай ұстаным жоқ. Қазақстан секілді Түркіменстан мен Өзбекстан да қазіргі таңда белгіленген бір аймақ туралы емес, «көрші елдер» туралы айтуға бейім. Ал Қырғызстан мен Тәжікстан өз қауіпсіздігінің аймақтануына «Орталық Азия» тұжырымдамасын негізге ала отырып, аталмыш бес ел форматында құлшыныс танытады.

Жалпы алғанда, Қазақстан қауіпсіздік дискурсы аясында өзінің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатер тұрғысынан алғанда, Орталық Азия елдерін ықтимал қарсыластар

ретінде де, одақтасар ретінде де қарастырмайды. Соған сай мұнда достық пен қастық құрылымдары жоқ, күштің аймақтық теңгеріміне қолдау көрсетуге қатысты мәселелер талқыланбайды, аймақтық қауіпсіздік қауіпсіздік дилеммасы тұрғысынан қарастырылмайды. Басқаша айтқанда, Қазақстанның тек ресми құжаттарына зер салсақ, «шиеленістің тууы», «қауіпсіздік режимі» немесе «қауіпсіздіктің плюралистік қоғамдастығы» секілді терминдер «Орта Азияға» қатысты қолдануға жарамсыз.

Орталық Азияда қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қарама-қайшылығы және қауіпсіздік қоғамдастығын құру

Қазақстанның әскери-стратегиялық қауіпсіздігіне қатысты негізгі сыртқы саясаттық құжаттарына жасалған талдау ОА-ға басты басымдылық берілмесе де, Қазақстанның аймақтағы көршілерін қауіп-қатер көзі ретінде қабылдамайтынын түсінуге болады. Орта Азияның басқа елдерінің әскери-стратегиялық құжаттарында да және ғалымдар, аналитиктер мен журналистер деңгейіндегі қоғамдық-саяси дискурста да ОА-ның басқа бір мемлекеті тарапынан ықтимал әскери басқыншылық туралы сұрақ қойылмайды. Бұл жайт Орта Азияны қауіпсіздік қоғамдастығының белгілері бар аймақ ретінде қарастыруға негіз болады. Бұл терминді Карл Дойч енгізген болатын және ол – сол кезде үстемдік құрған, күштердің теңгеріміне негізделген реализм теориясынан айырмашылықта – социологиялық тәсілге негізделген аймақтық ынтымақтастықтың балама түсіндірмесінде қолданылған еді. Эмануэль Адлер мен Майкл Барнетт секілді ғалымдардың бұл концептіге қосқан үлесін ескерсек, қауіпсіздік қоғамдастығы дегеніміз мүшелері серіктестердің бір-біріне қарсы күш қолданбайтындығына сенімді, ортақ негізгі құндылықтары бар, біртұтастықты сезінетін және жанжалды ахуалдарды шешудің тек бейбіт жолдарын таңдау үшін жеткілікті деңгейде біріге білген мемлекеттер қоғамдастығы (Deutsch, 2015; Adler and Barnett, 1998). Майкл Лайфер мен Амитав Ачарья бұл концептіні Оңтүстік-Шығыс Азиядағы аймақтық үдерістер үшін қолданып, АСЕАН шеңберінде қауіпсіздік қоғамдастығы қалыптасуда деген тұжырымға келген (Leifer, 2014; Acharya, 2009).

Орталық Азияға келсек, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі ширек ғасырда аймақта ОА-ның қандай да бір мемлекеті тарапынан көршілерге қарсы әскери күш қолданатындай қауіп-қатерлі жайттар болған жоқ; аймақтағы елдер бір-бірін қауіп ретінде көрмейді және мемлекет басшылары, ғалымдар, сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің дискурстарында байқалатын бірыңғай тұтастық ұғымы бар. Мысалы, ОА елдерінің сыртқы істер министрлерінің 20-22 шілдеде Чолпон-Атада өткен кездесулерінің нәтижелері туралы біріккен мәлімдемесінде министрлердің «Орталық Азия елдері халықтарының мәдени-тарихи және тілдік бірлігін атап көрсеткендері» жөнінде айтылады⁸.

Қауіпсіздік қоғамдастығы туралы анықтамаға толық сай келу үшін ортақ негізгі құндылықтардың болуы, аймақтық барабарлық пен жанжалды ахуалдарды жылдам және бейбіт жолдармен шешуге арналған платформалар жетіспейді. Қазіргі таңда шиеленістерге жауап беру үшін диалогтық алаңдар толық қалыптасып үлгерген жоқ, аймақтас көршіні «жазалау» үшін шекаралар жиі жабылып қалады немесе басқа да жолдарға қатысты бір жақты шаралар қолданылады. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, көршілердің егемендігіне қарсы әскери күш қолдану немесе басқа да қауіп келтіру ниеті туралы ешқандай сөз жоқ. Тіпті шекараларды жабудың өзі ресми түрде көршінің «орынсыз жүріс-тұрысына» қарсы жасалған шара емес, лаңкестердің кіріп кетуінен қорғаныс мақсатында жасалған шара немесе кедендік жосық ретінде жарияланады. Мысал ретінде Каримов тұсындағы

⁸ <http://www.mfa.gov.kg/news/view/idnews/4949>

Өзбекстанның шекара жабуға қатысты шараларын немесе Атамбаев тарапынан Қазақстан президентінің атына айтылған сыни пікірден кейін қырғыз-қазақ шекарасынан өтуге байланысты туындаған проблемаларды атауға болады.

Орта Азияда қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қайшылығы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты ортаазиялық институттарды құру үшін шарттардың бар екендігіне қарамастан, аймақтағы мемлекеттердің тек сыртқы акторларға иек артып, халықаралық қатынастардың иерархиялық легіне жүгінетіндігінен көрінеді. Ал ол акторлар, атап айтқанда, Ресей мен Қытай, ОА елдерінің қоғамдық-саяси дискурсында қауіп-қатер ретінде қабылдануы мүмкін. Әрине, Ресей мен Қытайдың қауіп-қатер ретіндегі сипатының қаншалықты объективті екендігі – даулы мәселе, бірақ жалпы ондай ойдың бар екендігі анық және ол Қырым мен Шығыс Украинада орын алған оқиғалардан кейін Ресейге қатысты, ал Орталық Азияда қытай инвестицияларының шарықтап өсуіне және аз санды халықтарды қатаң бақылауға алып, ішкі Қытайдан Синьцзянға қарқынды түрде көшіріп жатқан шараларға байланысты Қытайға қатысты тіпті күшейіп кетті.

Бұл парадоксты аймақта қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты Ресей үстемдік ететін Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) мен басқалардан гөрі Қытайдың ықпалы күштірек Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) шеңберінде қазіргі құрылымдардан бас тарту емес, керісінше қауіпсіздік қоғамдастығын құру жолында аймақта деңгейлес байланыстарды (*орыс тілінде горизонтальные связи – ауд. ескертпесі*) қатар нығайту арқылы шешуге болады. Аймақтағы байланыстарды күшейтуде алғашқы қадамдар жасалып та қойды. 2018 жылдың наурыз айында Астанада ОА мемлекет басшыларының ақылдастық кездесуі, 2018 жылдың шілде айында Чолпон-Атада сыртқы істер министрлерінің кездесуі өтті және келесі ақылдастық бас қосулар 2019 жылдың наурыз айында мемлекет басшылары деңгейінде Ташкентте және сыртқы саясатқа жауапты мекемелердің жетекшілері деңгейінде Тәжікстанда өтетін болып жоспарланды⁹. Ондай кездесулер ортақ негізгі құндылықтарды қалыптастыруда және дағдарысты ахуалдарда ынтымақтастықтың жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуде өте маңызды болып табылады. ОА елдері арасындағы жоғары деңгейдегі мемлекетаралық диалогтың 2017-18 жылдарда жандануына дейін аймақтағы мемлекет басшылары кездесіп жүрген жалғыз құрылым Халықаралық Аралды құтқару қоры болатын.

Қауіпсіздік қоғамдастығын құру үшін ынтымақтастықтың жеткілікті деңгейі мен диалогтық алаңдармен қатар ортақ негізгі құндылықтар мен аймақтық барабарлықты қалыптастыру қажет. Институцияланудың жоғары деңгейі міндетті түрде ортақ құндылықтар мен барабарлықтың пайда болуына жеткізе қоймайды. Мысалы, еуразиялық аймақшылдық шеңберінде (ЕЭО, ҰҚШҰ) еуразиялық ұйымдар мен қоғамдардың қатысушы елдерінің ауқымын белгілеу үшін қолдануға жарайтын белгілі бір термин әлі қалыптасқан жоқ. Ал керісінше, «ортаазиялық» немесе «Орталық Азия» концептілері тіпті мемлекеттер арасында жоғары деңгейдегі тығыз диалог жоқ кездің өзінде де кеңінен қолданылатын. Орталық Азияның әртүрлі анықтамалары бар болса да, аймақ шекаралары туралы сөз болған кезде бұл концепт жалпы алғанда посткеңестік бес республика үшін қолданылады. Оның сыртында аймақтық деңгейде Орта Азияда аймақтық интеграцияның қажет екендігі туралы ортақ нормативтік қағидалары бар сараптамалық қоғамдастықтың қалыптасып үлгергенін айтуға болады (осы жинақтың мемлекеттік емес акторлар туралы тарауын қараңыз).

Аймақтық барабарлық мәселесінде аймақтың ішкі жақтан және сыртқы акторлар

⁹ <http://www.mfa.gov.kg/news/view/idnews/4949>

тарапынан алғандағы ұстанымы өте маңызды. Позитивті аймақтық барабарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және басқа елдер мен аймақтармен ынтымақтастықты жолға қоюды жеңілдетеді. Қазақстанның бастамаларының бірі Орталық Азияны ядролық қарудан азат аймақ ретінде көру мен басқа ұқсас аймақтармен ынтымақтастық орнату болып табылады. Жалпы алғанда, халықаралық қатынастарда аймақаралық қатынастардың өсу үрдісі байқалады. Еуропалық Одақ жекелеген елдермен белсенді түрде ынтымақтасып қана қоймай, аймақаралық институттарды да құруда (Doidge, 2011). АСЕАН де ЕО, Қытаймен, Оңтүстік Кореямен және Жапониямен АСЕАН+1 форматында ынтымақтастық орнатуда. Орталық Азияда да бүгінгі таңда Еуропалық Одақпен және Жапониямен ОА+1 форматындағы бастамалар мен платформалар туып үлгерді.

Қауіпсіздік саласындағы аймақтық ынтымақтастық үшін әлеует бар болса да, бұл жолда кедергілер де баршылық, олар келесі тармақта қарастырылады.

Орталық Азияда қауіпсіздік қоғамдастығын құрудың басты проблемалары

Аймақта қауіпсіздік қоғамдастығын құруға бөгет болған және бөгет болып отырған негізгі үш проблеманы атап көрсетуге болады. Біріншіден, аймақтағы мемлекет басшылары арасындағы жеке бас қарым-қатынастардың құбылмалы сипаты жоғары деңгейде. ОА мемлекеттерінде билікті орталықтандыру, тіпті дербестендіру шартында мемлекет басшылары арасындағы жеке басқа қатысты жақтырмау немесе аймақтағы көшбасшылық үшін бәсекелестік табысты ынтымақтастықты ұдайы бөгеп тұратын фактор болып табылады. Екіншіден, кейбір сыртқы акторлар аймақтағы ынтымақтастықтың нығаюын өз мүдделеріне және күштердің ағымдағы теңгеріміне төнетін қатер ретінде көруі мүмкін. Сондықтан әр мемлекеттің тәуелсіз сыртқы саясатқа деген егеменді құқығын баса айтумен қатар, қауіпсіздікті қамтамасыз етуші аймақтық құрылымдарды құруда эксклюзивтілікке жол бермеу қажет. Яғни, ортаазиялық институттар орнап жатса, олар сыртқы әлеммен араға қабырға тұрғызбай, керісінше, аймақ ішіндегі мемлекеттер арасындағы қабырғаларды бұзып, көпірлер салуы керек. Орталық Азияда ақылдастық кездесулер ұйымдастыру немесе ұдайы жұмыс істейтін аймақтық институттарды құру ҰҚШҰ немесе ШЫҰ-ға бәсекелестікті білдірмейді, керісінше, ол ұйымдардың мүшелерінің аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мақсаттарына қызмет ететін болады.

Үшіншіден, аймақта ОА елдерінің ішкі саясатында тетіктерді қатайту үшін жиі қауіп-қатерлерді артық секьюриттеу байқалады. Секьюриттеу деп ішкі және сыртқы акторлардың «салмақты қауіп-қатер» жоқ кезде өткізілуі мүмкін емес шараларды өз мүдделері үшін іске асыру арқылы қауіптіліктің деңгейін жасанды түрде көтеруін айтамыз (Wæver, 1993). Әрине, лаңкестік қаупінің, радикалдық ағымдардың және т.б. бар екендігін толығымен жоққа шығаруға болмайды. Бірақ секьюриттеудің – әсіресе, қауіпсіздік пен бостандық арасындағы дилемма қауіпсіздік пайдасына шешілетін аймақта – жағымсыз салдары болады. Аймақтағы басқарушы режимдердің төмен деңгейдегі легитимділігі олардан қорғану мақсатында ұнамсыз жаққа қарсы төтенше шаралар қолдануға мүмкіндік беретін «қауіп-қатерлердің» бар болуын талап етеді.

Жалпы алғанда, қауіпсіздік ұғымына тым артық назар аудару адамдардың ары-бері қозғалысына, таңдау еркіндігіне және басқа да еркіндіктеріне әсер етеді. Сонымен қатар қауіпсіздік концептісі де тар шеңберде қарастырылады және көбінесе әскери басып кірулерден, лаңкестік шабуылдардан және соңғы кезде гибридтік және ақпараттық соғыстан қорғанысты қамтиды. Ал бірақ сыртқы саясатта шешімдер қабылдауда адам

қауіпсіздігі (Human Security) туралы аз айтылады¹⁰. Мәселен, лаңкестік шабуылдар шықты деген желеумен шекараларды жабу мәселесі шекара төңірегіндегі өңірлерде тұратын адамдардың қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Өйткені көптеген адамдар шекарамен шектес саудадан түсетін кірістерінен және көрші елдегі ағайын-туысымен араласу мүмкіндігінен айырылады, лаңкестікті жою үшін жүргізілетін одан кейінгі қуғын-сүргіндік әрекеттерден қорқынышта өмір сүреді. Бұл жайт жекелеген адамдардың немесе топтардың қауіпсіздігіне кері әсерін тигізеді.

Қазақстанға және аймаққа арналған аймақтандыру стратегиялары

Орталық Азия елдері қазіргі таңда ұлттық қауіпсіздік жүйелеріне және аймақтан тыс державалардың мүдделері мен қауіпсіздік туралы ұғымдарын көрсететін ағымдағы халықаралық құрылымдарға сүйену арқылы өз қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар қауіпсіздік саласындағы Орталық Азия елдерінің ынтымақтастығының мүмкіншіліктерін олардың барлығының да бүгінгі таңда мемлекеттік және ұлттық құрылыс – соның ішінде барабарлық саясатын жүргізу аясында да – мәселелеріне қатты назар аударатындығы айтулы деңгейде шектейді (Kaldor, 2012). Орта Азия елдері ең алдымен халықаралық немесе аймақтық деңгейде шешілуі – басқаша айтқанда, ішкі істерге сырттан араласу – жол бергісіз жайт болып саналатын ішкі сипаттағы талаптар мен қатерлермен бетпе-бет келуде. Орталық Азия елдері ондай араласуды тіпті өз қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатер ретінде көреді.

Сондықтан дәл қазіргі кезеңде Орталық Азияда қауіпсіздік саласында одақ түріндегі аймақтық бірлестік құрудың мүмкіндігі туралы – ал қажеттілігі туралы тіптен де – айтудың қажеті шамалы болу керек. Аталмыш аймақ үшін нысандық аймақтық серіктестік стратегиясын жүзеге асыратын ақылдастық және координациялық органдар мен диалогқа арналған платформалар орнату көбірек үйлеседі. Және қазіргі таңда осы бағытқа арналған зор әлеует те бар. Қазақстан қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық аясында төмендегідей бастамаларды алға жылжыта алар еді:

- Біріккен жаттығулар өткізу мен жағдайға қарай жылдам әрекет ететін аймақтық күштерді құру арқылы аймақта әскери ынтымақтастықты нығайту. Елдің ҰҚШҰ аясында ондай тәжірибесі де бар. Өзбекстан мен аймақтағы басқа елдер белсендірек қатысуы мүмкін ондай әскери ынтымақтастық Орта Азияның жалпы қорғаныс қабілетін арттыруға көмектеседі.
- Мемлекет басшыларының ақылдастық кездесулерінің алдында тек сыртқы істер министрлерінің ғана емес, сондай-ақ экономика, мәдениет және білім министрлерінің де кездесулерін өткізу бастамасын көтеру. Мәдениет пен білім мәселелерінің қауіпсіздік қоғамдастығы мен аймақтық барабарлықты қалыптастыруға тікелей қатысы бар. Ұлттық барабарлықты қалыптастыру әр елдің өзінің ішкі ісі болса да, бұл мәселе бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыру барысында инклюзивтілік туралы ой-пікірлерді ашық бөлісу керек. Өйткені эксклюзивті ұлттық барабарлықты қалыптастыру аймақтағы тұрақтылыққа кесірін тигізуі әбден мүмкін (Жусипбек, 2015). Ондай мәселелерде ол тақырыптарға ашық пікір білдіре алатын мемлекеттік емес акторларды іске тарту да маңызды.
- Көпвекторлы сыртқы саясатты жалғастыру және ОА+1 қағидасы бойынша

¹⁰ Осы жинақтың мемлекеттік емес акторлар туралы тарауын қараңыз.

ынтымақтастықты нығайту. Егер де Орталық Азия елдерінің Ресеймен ынтымақтастығы әртүрлі деңгейде және ағымдағы келісімдерден болып аймақтық тәсіл дайындау қиынға соғатын болса, басқа елдер мен аймақтармен келіссөздер жүргізуде көбірек серпін беретін ОА+1 форматы сай келеді. Оның сыртында көптеген серіктестердің – соның ішінде Еуропалық Одақ, Еуропаның жекелеген елдері, Жапония, Оңтүстік Корея бар – жекелеген елдерге ғана емес, сонымен қатар жалпы Орта Азияға қатысты өзіндік стратегиялары бар. Қазақстан мен аймақтың басқа елдері сол қызығушылықты жалғыз өзі шеше алмайтын көптеген сұрақтар үшін пайдалануларына болады. Бұл тұста, әсіресе, экономикалық және экологиялық қауіпсіздік мәселелерін атауға тұрады. Еуропалық Одақ пен Жапония сондай-ақ адам қауіпсіздігі мәселесін қолдауға мүдделі, ал ол өз кезегінде аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұғымын кеңейте түседі.

- Қазақстандағы мемлекеттік және мемлекеттік емес акторлар Жапония мен ЕО-мен ОА+1 шеңберінде аймақтық ынтымақтастық және сондай-ақ аймақшілік платформалар аясында адам қауіпсіздігі ұғымына ерекше назар аударулары қажет. Аймақ мемлекеттерінің азаматтары жасанды және шынайы қауіп-қатерлер мен көршілер арасындағы алауыздықтардан болып бостандығынан және құқықтарынан айырылу қорқынышымен өмір сүрмеуге тиіс. Өйткені қазіргі шақта қауіпсіздік туралы сөз қозғалғанда, негізінен лаңкестікпен және есірткі тасымалымен күрес туралы айтылады. Ал дәстүрлі сипатқа ие болып үлгерген осы қауіп-қатерлердің алдын алу мақсатында жүргізілетін шектен шыққан тыйым салушылық және қуғын-сүргіндік саясаттың ерекше жағымсыз салдары жиі еленбей қалады.
- Орта Азия елдері арасында шиеленісті ахуалдар туған жағдайда сыртқы саясаттық мекемелер мен басқа да іске жауапты министрліктер бір-біріне қатысты қандай да бір салмақты шаралар қолданардан бұрын өзара келіссөздер мен жан-жақты кеңестер өткізуді дағдыға айналдыруға тиіс. Ал ол үшін алаңдар орнатылып, ережелер мен өзара әрекеттестіктің хаттамасы жасалуы қажет.

Жалпы алғанда, Орталық Азияда аймақ ретінде мемлекетаралық әскери шиеленіс қауіп жоқ және дауларды бейбіт жолмен шешуге арналған диалогтық алаңдар, ортақ негізгі құндылықтар мен аймақтық барабарлық болуға тиіс Дойч атап көрсеткен қауіпсіздіктің плюралистік қоғамдастығын құру үшін болашақ мүмкіндіктер мен шарттар жетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Acharya, Amitav. 2009. *Constructing a Security Community in Southeast Asia: ASEAN and the Problem of Regional Order*. Routledge.

Adler, Emanuel, and Michael Barnett. 1998. *Security Communities*. Cambridge University Press.

Deutsch, Karl Wolfgang. 2015. *Political Community and the North American Area*. Princeton University Press.

Burnashev, Rustam. 2015. "Security Challenges in Central Asia." *L'Europe en formation* 1 (375): 106-122
Galtung, Johan. 1964. "Foreign Policy Opinion as a Function of Social Position." *Journal of Peace Research*, 1:3/4: 206–231.

Doidge, Mathew. 2011. *The European Union and Interregionalism: Patterns of Engagement*. Aldershot: Ashgate Publishing Company.

Kaldor, Mary. 2012. *New and Old Wars: Organized Violence in a Global Era*. Third ed. Stanford: Stanford University Press.

Leifer, Michael. 2014. *ASEAN and the Security of South-East Asia* (Routledge Revivals). Routledge.

Vinokurov, Evgeny. 2017. "Eurasian Economic Union: Current State and Preliminary Results." *Russian Journal of Economics* 3 (1): 54–70.

Wæver, Ole. 1993. *Securitization and Desecuritization*. Centre for Peace and Conflict Research Copenhagen.

Жусипбек Галым. *Эксклюзивистские национальные самоидентификации, или пороховая бочка Центральной Азии*, 2015. <http://reflections.kz/index.php/ru/analytics-c/31-exclusive-identities>.

Сотников Владимир. О создании зоны, свободной от ядерного оружия, в Центральной Азии / *Аналитические записки Научно-координационного совета по международным исследованиям МГИМО (У) МИД России*, выпуск 8(37), 2008.

3-ТАРАУ. ОРТААЗИЯЛЫҚ АЙМАҚТАНДЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ӘЛЕУЕТІ

Қайрат Молдашев

Негізгі сұрақтар:

- *Орталық Азиядағы аймақтық экономикалық бастамалар өр мақсаттар көздеген еді, алайда олар толық орындалған жоқ және аймақтағы экономикалық интеграцияға дайын елдер еуразиялық бастамаларға ілестірілді (ЕЭҚ және ЕЭО);*
- *ОА-ның барлық елдері – әсіресе, Қазақстан мен Түркіменстан – ресурстарға тәуелді, бірақ басқа елдер де негізінен минералдық қорлар экспорттайды;*
- *ОА елдері арасындағы сауда толықтырмалы сипатта және негізінен ауыл шаруашылық тауарларынан тұрады;*
- *Қазақстан Орта Азияның көптеген елдері үшін ірі инвестор болып табылады;*
- *Орталық Азияға ұлттық органдардан жоғары тұратын ұйымдар құрылатын ЕЭО секілді интеграциялық жобаларға қарағанда, кешенді аймақтық экономикалық серіктестік стратегиясы лайық.*

Алғы сөз

Орталық Азияның тәуелсіз елдері үшін КСРО ыдырағаннан кейін күйреп қалған экономикалық байланыстарды жолға қою басты мақсаттардың бірі болды. Аймақ экономикаларындағы құрылымдық өзгерістерді үйлестіру үшін 1991 жылдың қаңтарында-ақ мемлекетаралық салалық комиссиялар құрылған болатын. Одан кейінгі жасалған қадам Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінің Біртұтас экономикалық кеңістіктің (БЭК) құрылуы жөнінде 1994 жылы қол қойған келісім-шарты болды. Тәжікстан ол келісім-шартқа 1998 жылы қосылды және сол кезде Орталық Азия Экономика Қауымдастығы (ОАЭҚ) құрылды. Одан соң 2002 жылы Орта-Азиялық ынтымақтастық ұйымы құрылды (Ушакова). 2004 жылы Ресей Федерациясының мүшелікке өтуімен ОАБҰ өзінің «ортаазиялық сипатынан» айырылып, аталмыш ұйым бір жылдан соң Еуразиялық Экономикалық Қауымдастыққа (ЕЭҚ) біріктірілді.

Бұл тарауда экономика саласындағы интеграциялық жобалардың сәтсіздікке ұшырауының себептері, аймақ елдері арасындағы сауда мен инвестиция жағдайы туралы талқыланып, экономикалық ынтымақтастықты арттыру жолында Қазақстан мен оның көршілері үшін ықтимал стратегиялар ұсынылады.

Ортаазиялық сипаттан еуразиялық сипатқа дейін

Жалпы посткеңестік елдер және оның ішінде Орта Азия елдері арасындағы 1990 жылдардағы интеграциялық жобалар олардың атаулары мен жариялаған мақсаттары тұрғысынан алғанда, өте өр мұраттарды көздеген еді. Бірақ елдер өз валютасын енгізіп, шекараларын бекітіп, сауда саясатына қатысты әртүрлі көзқарастар ұстанғандықтан, іс жүзінде аймақта ынтымақтастықтың нығаюынан гөрі ыдырауы (*орыс тілінде дезинтеграция – ауд. ескертпесі*) жүріп жатты. Мысалы, Қырғызстан бірден сауданы

ырықтандыру жолына түсіп, ОА елдерінің ішінен алғашқы болып Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке өтті. Түркіменстан мен Өзбекстан протекционистік саясат жүргізсе, Қазақстан оларға қарағанда либералдық сауда саясатын дамытса да, ДСҰ-на асықпай, белсенді түрде посткеңестік интеграциялық бастамаларды алға жылжытты. Сауда саясатына деген ұстанымдағы ондай айырмашылық барысында Баласса тоқтатқан терминнің ғылыми анықтамасы бойынша интеграцияның өте терең түрін білдіретін біртұтас экономикалық кеңістік туралы келісімді жүзеге асыру жөнінде сөз қозғаудың өзі қиын.

1991 жылы мемлекетаралық салалық комиссиялардың құрылуынан бастап 2004 жылы ОАЫ Ұйымының ЕЭҚ-мен бірігуіне дейінгі экономикалық ынтымақтастық тарихына үнілсек, интеграциялық үдерістердің Орталық Азияда (1990 жылдардың басындағы Қазақстан және Орта Азия) және посткеңестік Еуразияда қатарлас және ұқсас форматтарда жүргенін көруге болады. 1994 жылы ОА-ның төрт мемлекеті БЭҚ құрса, 1995 жылы Беларусь, Қазақстан және Ресей 2010 жылға дейін толық жүзеге аспаған кедендік одақ туралы келісімге отырды. Ал 1998 жылы құрылған ОАЭҚ құрылымы ЕЭҚ-қа ұқсас болды. Сондықтан да Орталық Азиядағы жобалардың сөз жүзінде ғана мықтылығы және Путин келгеннен кейін Ресейдің өсе түскен белсенділігі барысында еуразиялық бастамалардың ортаазиялық бастамаларды жұтып қоюы заңды құбылыс болды. Қазір ОА екі мемлекеті ЕЭҚ мен 2010 жылғы Кедендік одақтың мұрагері болып табылатын Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕЭО) мүше.

Аймақтағы бұрынғы интеграциялық бастамалардың сәтсіздікке ұшырағанын, сауда саясатындағы айырмашылықтың әлі күнге дейін жалғасып келе жатқандығын және белгілі бір міндеттемелердің орындалуын талап ететін екі мемлекеттің ЕЭО пен ДСҰ-ға мүшелігін ескерсек, Орталық Азияда тағы бір атышулы интеграциялық жобаны ұсынудың ойға қонымдылығы туралы сөз қозғаудың қажеті бар ма екен. Онан да сауда-экономикалық ынтымақтастықтың басқа нұсқаларын іздеген абзал болар. Өз ұсыныстарымызды жасамас бұрын ОА елдері арасындағы сауда қарым-қатынастарына жасалған қысқаша сараптаманы алға тартамыз.

Сауда қарым-қатынастары


Орталық Азия елдері арасындағы сауда қарым-қатынастарын екі қырынан қарастыруға болады. Біріншісі – әр елдің жалпы саудасындағы аймақтың үлесі. Ол деректер аймақ елдерінің саудалық серіктестер ретінде қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Екіншісі – сауда құрылымы. Бәсекелес емес, толықтырмалы құрылымы бар елдер өздерінде шаруашылықтың бәсекелестік артықшылық дамыған салаларын мамандандыру арқылы көбірек пайда көре алады.

Сауда бойынша деректер Халықаралық сауда орталығының (International Trade Center)¹ кейбір елдерге қатысты 2017 жылғы деректер әлі де қолжетімді емес болғандықтан, 2016 жылғы дерекқорынан алынды. Бұл тарауда сауда қарым-қатынастарының динамикасы көрсетілмей, бір жылдың тұрақты сараптамасы ұсынылса да, бұл мәлімет аймақтағы экономикалардың бірігуінің деңгейін түсіну үшін жеткілікті болып табылады.

Жекелеген әр ел үшін басқа ортаазиялық елдермен сауда қарым-қатынасының қаншалықты маңызды екенін білу мақсатында әр мемлекеттің жалпы саудасындағы аймақ

¹ <http://www.intracen.org/>

үлесі есептеп шығарылды. 2016 жыл бойынша ең жоғары көрсеткіш елдің жалпы сыртқы саудасының 19,4 % қалған төрт ортаазиялық елдің үлесіне сай келетін Қырғызстанның еншісінде. Ең төменгі көрсеткішке Түркіменстан ие – 2,9 %. Ел неғұрлым көп минералдық ресурстарды экспортқа шығарса, жалпы саудасындағы аймақтың сыбағалы салмағы соғұрлым аз болатын үрдіс байқалады. 1-суретте аймақтағы әрбір елдің жалпы саудасындағы ОА және басқа да негізгі сауда серіктестерінің үлестері бойынша деректер көрсетілген. Аймақ елдерінің басты сауда серіктестері Қытай, Ресей және ЕО елдері болып табылады. Түркия да маңызды сауда серіктестер қатарына жатады.



1-сурет. Орта Азияның жекелеген елдерінің жалпы саудасындағы ОА және басты сауда серіктестерінің үлесі
(автордың <http://www.intracen.org> -тың 2016 жылға арналған деректеріне сай дайындаған есептемелеріне негізделген)

Қазақстанның жалпы саудасындағы Орталық Азияның үлесі бар болғаны 4,8 %, бұл республиканың көптеген сауда серіктестеріне қарағанда біршама төмен көрсеткіш. Бұл жағдайды Қазақстанның көбінесе ЕО-ға ресурстар экспорттап, ЕО, Ресей және Қытайдан жоғары және орта деңгейде қосылған құны бар тауарларды импорттайтындығымен түсіндіруге болады.


Халықаралық сауда бойынша деректер де ОА барлық елдерінің – Қазақстан мен Түркіменстан жоғары, аймақтың басқа елдері олардан төменірек деңгейде – ресурсқа тәуелді екенін көрсетеді. Қазақстанда тек шикі мұнай экспорты экспорттың 52 % иеленсе (2016 жылғы деректер), Түркіменстанда экспорттың 75 % көгілдір отынға тиесілі. Өзбекстанда экспорттың 39 % алтын, 11 % газ құрайды. Алтын Қырғыз Республикасы экспортының 43 % иеленеді. Тәжікстан да жалпы алғанда минералдық ресурстардың экспортына тәуелді: алюминий мөлшері 26 %, қорғасын 13 % және мырыш 8,5 %,

қосындысы жалпы экспорттың 47,5 % құрайды. Өзбекстанның алтыны толықтай дерлік, ал Қырғыз Республикасының алтынының 81 % Швейцарияға экспортталады.

Бұл сандар Орталық Азияның барлық елдерінің өзара айырмашылығы аз экспортқа ие екендігін және минералдық ресурстардың құнына және сауда серіктестердің шектеулі шеңберіне тәуелді екендігін көрсетеді. Бұл статистикаға сүйеніп, Қазақстанның жалпы саудасындағы аймақтың төмен үлесі елдің басты назарды көршілес республикалармен саудалық байланыстарды дамытуға аударуға тиіс емес дегенді білдіреді деп қорытынды жасауға болмайды. Керісінше, сауда құрылымына жасалған сараптама аграрлық секторды дамыту арқылы экспортты әртараптандыру (*орыс тілінде диверсификация экспорта – ауд. ескертпесі*) мен жұмыссыздықтың төмен деңгейін сақтап отыру үшін аймақтың стратегиялық маңызы бар екендігін көрсетеді.

Сауда құрылымы

Егер Қазақстанның аймақ елдерімен жасайтын саудасының құрылымына үңілсек, оның көбінесе бидай мен ұнды, сондай-ақ көлік құралдарын экспорттайтындығын көреміз. Қазақстанның Орталық Азиядағы басты сауда серіктесі – Өзбекстан. 2-сурет Орта Азия елдерінің Қазақстанмен саудадағы сыбағалы салмағын көрсетеді.



2-сурет. Орталық Азия елдерінің Қазақстанмен саудадағы сыбағалы салмағы (автордың <http://www.intracen.org> -тың 2016 жылға арналған деректеріне сай дайындаған есептемелеріне негізделген)

Экспорт бойынша: Өзбекстанға 328,9 млн АҚШ долларына бидай мен ұн және 88,6 млн АҚШ долларына жүргінші транспорты экспортталады, бұл сол елге шығарылатын жалпы экспорттың 36 % және 10 % құрайды. Бидай мен ұн сондай-ақ Тәжікстанға экспортталатын басты тауар болып табылады, олардың қосынды көлемі ТР шығатын

жалпы экспорттың 50 % немесе 185,4 млн долларды құрайды. Қырғыз Республикасы мен Түркіменстанға бағытталған экспорт біраз әртараптандырылған. Қырғыз Республикасына шығарылатын бидай, басқа да астық түрлері, ұн 48,7 млн АҚШ доллары (13 %), темекі – 46,1 млн АҚШ доллары (12%), темір, металл және металл бұйымдар 48 млн АҚШ доллары көлемінде, бұл Қырғызстанға шығатын жалпы экспорттың 13 % құрайды. Түркіменстанға астық пен ұн 11,3 млн АҚШ долларына (16,3%), тағамдық қоспалар мен жартылай дайын өнімдер 9,4 млн АҚШ долларына экспортталады, бұл сол елге шығатын жалпы экспорттың 13,6 % құрайды.

Импортқа келсек, Өзбекстан негізінен көкөніс пен жеміс жеткізуші болып табылады. 2016 жылы 276,3 млн АҚШ доллары көлемінде импорт жасалған, ол Өзбекстан Республикасынан келген жалпы импорттың 51,4 % құраған. Өзбекстан да жүргінші транспортын жеткізеді. ЕАЭО туралы келісім-шарт күшіне енуден бұрын 2014 жылы 181,9 млн-ға машина импортталған, ол сол жылғы жалпы импорттың 19 % құраған. 2015 жылдан бастап жүргінші транспортының импорты азайған. Тәжікстан да көкөніс пен жеміс жеткізуші болып табылады, бірақ Өзбекстанның деңгейіне жетпейді (2016 жылы 13,7 млн - 9,7 %). Республика Қазақстанға негізінен басты металл рудаларын сатады (124,8 млн - 89 %). Қырғызстан негізінен негізгі және бағалы металл рудаларын (51 млн - 29,8 %) және матадан жасалған өнімдерді жеткізеді, ол 16,9 млн АҚШ долларын және Қырғыз Республикасынан келетін импорттың 10 % құрайды. Қырғызстан бойынша сонымен қатар Қазақстанға бағытталған реэкспортқа қатысты статистика да бар. Бірақ соңғы азды-көпті шынайы деректер тек 2013 жылға арналған, сан 54 млн АҚШ долларынан асып түседі және деректер негізінен ешқандай жіктелімге келтірілмеген тауарлардан тұрады. Түркіменстаннан көбінесе газ импортталады, 2016 жылы 175,5 млн АҚШ долларына көгілдір отын сатып алынған, ол Түркіменстан Республикасынан келген жалпы импорттың 90 % құраған.

Жоғарыда келтірілген деректер Қазақстан мен Орталық Азия елдері арасындағы сауданың толықтырмалы сипатта екенін, Қазақстаннан шығатын экспортта ауыл шаруашылық өнімдерінің, Өзбекстаннан келетін импортта азық-түліктің басымдылығын және ОА басқа елдерінен келетін ресурстардың импортына деген басты назарды көрсетеді. Көбінесе минералдық ресурстарды (негізінен алғанда мұнайды) экспорттайтын Қазақстанның сонымен қатар аймақ елдерінен ресурстар (газ, рудалар) импорттаушы екендігі – қызық жайт. Сондай-ақ аймақта машина жасау және мата саласындағы – ал бұл жағдайдың жұмыссыздықты азайтуға оң әсер етуі мүмкін – сауданың өсуіне алғышарттар бар.

Аймаққа қатысты сауда статистикасын қолданған кезде елдер бойынша деректер арасындағы айырмашылықтарға қатысты проблемалардың бар екендігін ескерген жөн. Мысалы, көрсеткіштер мағлұмдау (*орыс тілінде декларирование – ауд. ескертпесі*) кезіндегі бағаға әсер ететін тасымал шарттарынан болып сәл қана ауытқушылықта болуға тиіс болса да, Қырғызстаннан келетін Қазақстан импорты мен Қырғызстаннан Қазақстанға бағытталған экспорт бойынша деректер арасындағы айырмашылық өте жоғары болуы мүмкін. Сонымен қатар Түркіменстан бойынша деректер өте аз және көп жағдайда ТР сауда серіктестерінің деректеріне сүйеніп, айналық статистиканы қолдануға тура келді.

Қызмет көрсету саласы бойынша тереңірек сараптама жасау үшін сауда деректерінің статистикасы жеткілікті көлемде емес. Алайда қызмет көрсету саласы бойынша сауда деректерінің қолжетімді еместігіне қарамастан, бұл саланың екі себептен даму үшін әлеуеті өте жоғары екендігін айтуға болады. Біріншіден, жаһандық трендтер елдердің дамуы негізінен қызмет көрсету саласының өсуі арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. АҚШ пен ЕО елдері қаржы, кәсіби және біліми қызмет көрсетудің өсуі есебінен дамуда, ал

көптеген дамушы елдер туризм мен ойын-сауық және демалыс секторынан кіріс табады. Сонымен қатар қызмет көрсету саласы ең көп жұмыс орнын ұсынады. Екіншіден, көптеген қызмет түрлерін көрсету сол қызметті ұсынушы субъект мен оны қабыл алушының өзара жақын болуын талап етеді. Сондықтан аймақтық – әсіресе, шекара төңірегіндегі – ынтымақтастықтың қызмет көрсету саласында сауданың өсуіне тигізер әсері үлкен. Мысалы, Қазақстанның Қордай қаласының көптеген тұрғындары шекарадан өтудегі қиыншылықтарға қарамастан, жақындығынан болып, Алматыда емес, Бішкекте түрлі қызметтерге жүгінуді артық санайды.

Аймақ ішіндегі инвестициялық ағымдар

Тауарлар саудасына қатысты деректермен салыстырғанда, инвестиция бойынша деректерге қол жеткізу одан да қиын және олар шашыраңқы сипатта. Бұл тарауда Халықаралық валюта қорының Coordinated Direct Investment Survey (CDIS) дерекқорынан алынған 2016 жылға қатысты деректер қолданылады².

Қазақстандық компаниялар, әсіресе, қаржы институттары, аймақтағы елдерге белсенді түрде инвестиция жасайды. Қазақстаннан инвестиция тартудың көшбасшылығы Қырғызстанның иелігінде. 2016 жылдың соңында Қазақстаннан Қырғызстанға бағытталған тікелей инвестиция ағымы 274 млн АҚШ долларын құраған³. Бұл жиынтық сан бұрынғы және жаңа инвестициялық жобалардағы өзгерістерді ескереді. Одан кейінгі орынға Өзбекстан (66 млн) мен Тәжікстан (49 млн) кіреді. Түркіменстан бойынша деректер жоқ.

Аймақтағы Қазақстаннан басқа елдер аймақ ішінде ғана емес, жалпы алғанда да онша белсенді инвесторлар емес. Дерекқордағы Түркіменстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша мәліметтер қолжетімді емес. Қырғызстан бойынша деректер 2016 жылдың соңында тікелей инвестиция ағымы бар болғаны 2 млн АҚШ долларын құрағанын көрсетеді және барлық инвестиция Тәжікстанға салынған. Айналық деректер бойынша, яғни, қазақстандық статистикаға сүйенсек, Өзбекстан тарапынан ҚР салынатын тікелей инвестиция көлемі 6 млн, Тәжікстан тарапынан 2 млн АҚШ долларын құрайды деп қорытуға болады.

Аймақтағы инвестиция ағымдары Қазақстанның нетто-инвестор екендігін және Қырғызстандағы басты бес, Тәжікстандағы он инвестордың қатарына енетіндігін көрсетеді.

Қазақстанға және аймаққа арналған аймақтандыру стратегиялары

Аймақта тауарлар саудасы Кедендік одақ, ЕАЭО, ТМД еркін сауда аймағы аясындағы келісімдер және еркін сауда жөніндегі екі жақты мәмілелер секілді көптеген келісімдер арқылы реттеледі. Сонымен қатар транспорттық инфрақұрылымның және – шекарадағы (бақылау жосықтарының созылуы) және одан өткеннен кейінгі (техникалық жұмыс

² <http://data.imf.org>

³ Инвестордың шетелдік компаниядан қайта сату үшін акция сатып алуы емес, керісінше, басқару және ұзақ мерзімдік пайда көру мақсатында үлес сатып алуы тікелей инвестицияларға жатады. Статистикалық дерекқорларда тікелей инвестицияларды 10 % көлемінен бастап қоржындық инвестициялардан бөлек қарастырады. Шетелдік компанияның немесе инвестордың жергілікті компаниядан он немесе одан да көп пайыздық үлес сатып алатын инвестициялар тікелей инвестициялар ретінде сипатталады.

тәртіптерінің сәйкес келмеуі, транспорттық инфрақұрылымға қолжетімділіктің әрқелкілігі) – бейтарифтік кедергілердің бар екендігі де көп әсер етеді. Ондай тосқауылдар сауда саясатын ұлттық органдардан жоғары тұратын мекеме үйлестіретін ЕАЭО аясында да бар (Vinokurov, 2015). Сондықтан ауқымды өкілеттігі бар аймақтық ұйымның құрылуы ғана бұл проблеманы шеше алмайды, ол үшін экономикалық және сауда саясатына жауапты министрліктер деңгейінде аймақтық ақылдастық және координациялық алаңдар орнату қажет.

Аймақтың барлық елдерінде өндірушілердің екі проблемадан зардап шегіп отырғанын мойындау керек. Біріншісі – бизнестің өсуіне мемлекеттік органдар тарапынан жиі жасалатын әкімшілік кедергілер түріндегі әр елдің ішкі проблемасы. Нағыз қуатты бизнес-ассоциациялар мен мемлекеттік органдардың салық төлеушілер алдында нақты есеп беруге деген міндеттілігі бар жерде ғана аймақ елдерінің өндірушілерінің арасындағы адал бәсекелестік туралы сөз қозғауға болады. Екіншіден, ішкі проблемаларды шешу барысында халықаралық саудада мәмілеге келіп, қателіктерді жою қажет. Мұндай жайт мысалы, жергілікті өндірушінің мүдделерін алға жылжыту үшін транспорттық инфрақұрылымға деген тең емес қолжетімділік және баж салығы мен шикізат пен өңделген өнімге ҚҚС-тың әртүрлі мөлшерлемесі қолданылатын қазақ және өзбек ұн тартушылары арасындағы тең емес бәсекелестік кезінде орын алады.

Қазақстан мен аймақ үшін ең басты міндеттер ретінде төмендегілерді атап көрсетуге болады:

- Бейтарифтік кедергілерге қатысты проблема ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Бұл бағыттағы алғашқы қадам ағымдағы кедергілерді зерттеп, оларды жіктеп, мүдделер өзара қайшы келмейтіндерін біртіндеп жою болар еді. Мұндай жол ЕАЭО аясында жүргізіліп те жүр, кейбір амалдарды сол жақтан алуға болар еді.
- Аймақ елдерінің экономикаларының өзара толықтырмалы сипаты салмақты сауда шиеленістеріне ұрынбауға мүмкіндік бергенімен, дауларды жөнге келтіріп тұру үшін және әр елдің бәсекелестік тұрғыдан артықшылығына негізделген қазіргі тауар ағымдарын қолдау үшін тұрақты алаңдар қажет. Белсенді сауда-саттық жүріп жатқан әр сектор бойынша қазірге дейін жиналып қалған мәселелерді шешу үшін салалық сипаттағы комиссиялар құруға болады.
- Орталық Азиядағы қазақстандық инвестицияларды алға жылжытуды және оларды елге тартуды қайта қарап, инвестицияларды ынталандыру және екі жақты қорғау туралы 1990 жылдардың соңында қол қойылған келісімдерге заманауи ерекшеліктерге лайық өзгерістер енгізген жөн. Орта Азия елдерімен жасалған келісімдердің мәтіндері мәселен, Жапониямен жасалған инвестицияларды қорғау туралы келісімдерден мүлде бөлек. 2014 жылғы Қазақстан-Жапония келісімі егжей-тегжейлі жасалып, көптеген жайттарға тоқталса, 1997 жылы жасалған Қазақстан - ТМД елдері (ОА елдерін қосып) келісімі ондай тиянақты емес. Мысалы, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы Инвестицияларды ынталандыру және екі жақты қорғау туралы келісімде дау туған жағдайда «инвестор мен келісуші жақ (бұл жағдайда мемлекеттердің бірінің үкіметі)» БҰҰ Халықаралық сотына немесе Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа өтініш жасай алатындығы атап көрсетілгенімен, өтініш беру тәртібі мен сол мекемелер шығарған шешімдердің келісімге қол қойған екі елдің аумағында орындалуы міндетті екендігі айтылмайды⁴.

⁴ http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1014760

Ал Қазақстан мен Жапония арасындағы Инвестицияларды ынталандыру және екі жақты қорғау туралы келісімде бұл мәселелер егжей-тегжейлі атап көрсетілген⁵.

• Қызмет көрсету саласындағы саудада ең алдымен өтіп жатқан үдерістерді түсіну үшін статистиканы жақсарту қажет. Өзара тиімді ынтымақтастық үшін әлеуетті екі сфера бар. Біріншіден, Өзбекстанның бұрынғыдан гөрі ашықтау саясаты арқылы оңтүстік Қазақстанда мәдени және бизнес-туризм үшін аймақтық хаб құрудың мүмкіншіліктері туды. Өзбекстан шетелдік туристерді тарихи орталықтарға (Бұқара, Самарқанд, Хива) белсенді түрде тартуда. Бұл бағытта Өзбекстанға келген туристердің Қазақстанға да соғуы үшін жосындарды жеңілдету арқылы логистиканы оңды үйлестіруге болар еді. Бұл тұста Silk Road Visa⁶ бастамасын ары қарай дамыту қажет. Екіншіден, Қазақстанның аймақтағы елдерге білім саласында қызмет көрсету экспорты тұрғысынан әлеуеті зор. 2018 жылдың ақпан айында бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында «Қазақстан Орталық Азияның білім беру хабына айналуға ұмтылатын болады»⁷ деп көрсетілген 1.10 «Білім беру хабын құру және білім беру саласында қызмет көрсету мен өнімдердің экспортын дамыту» бастамасы ұсынылған. Бұл жоспардың жүзеге асуы үшін дипломдарды, оқу бағдарламалары мен кредиттерді өзара мойындау мәселелері бойынша білім министрліктері ғана емес, университеттер мен ғылыми-педагогикалық қызметкерлер арасында да аймақтық деңгейде жұмыс жүргізу қажет болады. Ортаазиялық ЖОО қауымдастығын құру бұл бағыттағы алғашқы қадам болар еді. Ол қауымдастық біріккен конференциялар мен зерттеулер ұйымдастыруды, жабдықтар мен зертханаларға қолжетімділікті қамтамасыз етуді, студенттер мен оқытушылардың аймақтағы мобильділігін қарқындатуды қолға алар еді.

• Қазіргі кезеңде кедендік немесе экономикалық одақ түріндегі аймақтық бірлестік құрудың қажеттілігі туралы айту артық болу керек. Атышулы мақсаттар жария етілгенімен, келісімдер тек қағаз бетінде қалған өткен жылдардағы сәтсіз тәжірибе мен Қазақстан мен Қырғызстанның ЕАЭО шеңберіндегі қазіргі міндеттемелері ондай шараны тым тартымды ете қоймайды. Аймақ үшін одан да ағымдағы келісімдер аясында экономикалық ынтымақтастықтың проблемаларын шешетін ақылдастық және координациялық органдардың құрылғаны жөн. Қажеттілік туса, аймақтағы елдер арасындағы өзара әрекеттестіктің жекелеген сфераларын реттейтін тар деңгейдегі келісімдер жасауға болады.

• Өзара сауда мен инвестицияларды жақсарту үшін тауарлық және қызмет көрсету саудасы, инвестициялар, электрондық сауда, шағын және орта бизнесті дамыту және т.б. салаларды қамтитын Аймақтық кешенді экономикалық серіктестік тәрізді кешенді экономикалық серіктестік туралы келісімді жүзеге асыруға болар еді. Ондай амал барысында ынтымақтастық нығайып, бәтуаға қол жеткен салалардағы интеграция мен өзара әрекеттестік қажет болса да, мүдде қайшылықтары туатын салалардағы координацияның тереңдеуі ықтимал.

⁵ <https://egov.kz/cms/ru/law/list/U1300000709>

⁶ <https://24.kz/ru/news/economy/item/269120-kazakhstan-i-uzbekistan-mogut-vvesti-obshchuyu-vizu-pod-nazvaniem-shelkovyj-put>

⁷ https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38490966&mode=p&page=2#pos=344;-80

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Balassa, Bela. 1961. “Towards a Theory of Economic Integration.” *Kyklos: Jahrbuch Des Instituts Fur Geschichte Der Medizin an Der Universitat Leipzig* 14 (1): 1–17.

Evgeny Vinokurov, Mikhail Demidenko, Igor Pelipas, Irina Tochitskaya, Gleb Shymanovich, Andrey Lipin. 2015. “Assessing the Impact of Non-Tariff Barriers in the EEU: Results of Enterprise Surveys.” 30. *EDB Centre for Integration Studies*. https://eabr.org/upload/iblock/d99/report_30_ntb_2_en.pdf.

4-ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЙМАҚТАНДЫРУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ. ТРАНСПОРТ ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА: «ОҢТҮСТІК - СОЛТҮСТІК» ДӘЛІЗІН ДАМУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Фарход Аминжонов

Негізгі сұрақтар:

- *Теңізге шығар жолы жоқ елдегі транспорттық шығындар екі еседей жоғары, ал сауда теңгерімі сондай көлемдегі теңізге шыға алатын мемлекетпен салыстырғанда, жарты есеге төмен.*
- *Сараптама қазақстандық билік үлкен үміттер артып отырған «Шығыс - Батыс» транспорттық дәлізі ойдағыдай тиімді болып шықпауы мүмкін екендігін көрсетеді.*
- *Қазақстанның транспорттық-логистикалық секторда транзиттік мемлекет мәртебесімен ғана шектеліп қоюына болмайды. Қазақстандық стратегия транспорттық-логистикалық саясаттағы басымдылық ретінде ағымдағы және жобадағы инфрақұрылымды пайдалана отырып, ортаазиялық сауда динамикасын арттыруды ұсына алады.*
- *Орталық Азияның мемлекеттері сыртқы сауда саясатында бүгінгі таңда жеті транспорттық дәлізге үміт артып отыр, олардың төртеуі Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Қазіргі дәліздер аясында Орта-Азиялық аймақ негізінен өтімнің соңғы нарығының рөлін атқарады. Қазақстан транзиттік мемлекет мәртебесін пайдалана отырып, өзінің транспорттық-логистикалық инфрақұрылымды дамыту стратегиясында Орталық Азия Қазақстан арқылы еуропалық нарыққа тауар жеткізетін экспорттаушыға айналатындай етіп саудалық қатынастарды дамытуы қажет.*

Алғы сөз

Қазақстанның даму стратегиясында транспорттық-логистикалық секторға әрқашан басымдылық берілген. Қазақстан құрлықтарды жалғаушы ел және еуразиялық хаб ретінде танылады. Қазақстандық билік соңғы кездерде Ұлы жібек жолы бойындағы саудалық қатынастарды жаңғыртуды көздейтін Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасының аясында транспорттық-логистикалық желілерді дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Шығыс пен Батысты жалғайтын Қазақстанның стратегиялық орналасуы елдің транспорттық саясатында маңызды рөл атқарады. Алайда бұл тараудағы сараптама Қазақстанның «Шығыс - Батыс» бағытына тым үлкен сенім артуына болмайтындығын көрсетеді. Елдің транзиттік мемлекеттің маңызды рөлін одан ары да атқара беруі үшін транспорттық бағыттарды әртараптандыруды қолға алғаны жөн. Қазақстанның Шығыс - Батыс және Солтүстік - Оңтүстік бағыттары бойынша сауда қатынастарының дамуына өз мүдделерін қорғау тұрғысынан алғанда ықпал ету мүмкіншіліктері шектеулі. Әйтсе де Қазақстан Оңтүстік - Солтүстік бағытында сауда қатынастарының дамуына әсер ететін шарттарды жасай алады және осы мәселені басымдылық деңгейіне көтеру қажет.

Транспорттық-логистикалық қатынастарға ықпал ету қабілеті

Теңізге шығар жолы жоқ елдің сондай көлемдегі теңізге шығар жолы бар елмен салыстырғанда, транспорттық шығындары екі еседей көп, ал сауда теңгерімі жарты есе төмен болады. Теңізге шығар жолы жоқ елдермен сауда қатынастарын дамытуда транзиттік мемлекеттермен сенімді байланыстардың болуы маңызды рөл атқарады. Теңізге шығар жолы жоқ аймақта транспорттық-логистикалық сектордағы мемлекетаралық қарым-қатынастардың тұрақтылығы бірқатар факторларға тәуелді (Kuliranova, 2012: 6):

- трансшекаралық инфрақұрылымның болуы;
- сенімді аймақшілік саяси қатынастар;
- аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздік;
- транспорттық-логистикалық саясаттың басымдылықтары.

Теңізге шыға алмайтын Орталық Азия елдері ондай мүмкіншілікке ие мемлекеттер кеңінен қолданатын көптеген артықшылықтардан ада. Ондай елдердің сауда динамикасы жоғарыда атап көрсетілген факторларға тікелей тәуелді. Қазақстан транспорттық инфрақұрылымның сапасын жақсарту және аймақта ортақ нарықты құру мәселелерінде белгілі бір оң нәтижелерге қол жеткізе білген. Қазақстандық билік Орталық Азияда тұрақты және сенімді транспорттық-логистикалық қатынастарды қамтамасыз ететін шарттардың түзілуінде маңызды рөл атқара алады. Ал ол жайт өз кезегінде мемлекеттің аймақтағы аймақтандыру стратегиясында көрініс табуға тиіс.

Транспорттық-логистикалық инфрақұрылымды дамыту

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұлы жібек жолы бойындағы сауданы жаңғыртуды көздеген бастама аясында Қазақстанның еуразиялық транспорттық, логистикалық және сауда орталығы болуға ұмтылған мақсаты туралы бірнеше қайтара айтты. Қазақстандық билік елдің транспорт пен логистика тиімділігінің халықаралық рейтингіндегі деңгейін көтеріп, 88-орынға және ТМД елдері ішінде ең жақсы көрсеткіштерге жеткізе алды (Transport and Logistics, 2017). Өткен он жылда транспорттық-логистикалық секторға шамамен 30 млрд АҚШ доллары көлеміндегі инвестиция салынды, бұл сектор қазіргі таңда елдің жалпы ішкі өнімінің 8 % құрайды. Қазақстанның Инвестициялар және даму министрінің айтуы бойынша бұл кезеңде 2000 км астам темір жол және 6300 км астам жол инфрақұрылымы пайдалануға берілген. Өткен жылмен салыстырғанда, 2017 жылы транзит көлемі 7 есеге, транзиттен түсетін кіріс 5,5 есеге өсіп, 4 млрд АҚШ долларын құраған (Alieva, 2018). Жол инфрақұрылымын дамытуға да елдің даму стратегиясында басымдылық беріледі. Үкімет 2019 жылға қарай 37000 км астам жол инфрақұрылымын жетілдіруді және салуды жоспарлап отыр. Жол тасымалын тиімдірек және арзанырақ ету мақсатын көздеген инвестициялар жиынтығы 9 млрд АҚШ долларына жететін болады (Transport and Logistics, 2017). Үкімет транзиттік әлеуетті дамыту үшін Қазақстанның әр өңірінде дерлік және бес орталық қаласында 15 халықаралық логистикалық орталық салуды көздеп отыр (Kuliranova, 2012: 20-21).

«Шығыс - Батыс» дәлізіне басымдылық беру

Аймақтық державалар, соның ішінде әсіресе Қытай, Орталық-Азия аймағының стратегиялық географиялық орнына мынадай себептерден қызығушылық танытады: біріншіден, теңіз бағыттарына шамадан тыс тәуелділікті әртараптандыру үшін; екіншіден, тауарларды тасымалдауға кететін уақытты қысқарту үшін. Қазақстан транспорттық-логистикалық инфрақұрылымды кеңейту мақсатында инфрақұрылымды дамытуға

арналған «Нұрлы жол» жоспарын қабылдады. Екі бастаманы өзара түйістіру екі ел арасындағы өзара қарым-қатынастарды нығайта түседі деген оймен «Нұрлы жол» 2015 жылы Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен ресми түрде байланыстырылды (Tian, 2018: 30). Пекин мен Астана Шығыс Қорғасты қосқандағы ерекше экономикалық өңірлерді Қазақстанның батысында порттармен байланыстыруға тырысады. Бұл жайт күллі еуразиялық аймақ арқылы өтетін сауда динамикасын арттыруға жол ашады деп болжам жасауға болады (ICG, 2018: 8). «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы – Орталық Азиядағы Еуропаны Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ арқылы Қытаймен қосатын және Қазақстан стратегиялық тұрғыдан маңызды транзиттік аумақ болып табылатын ең үлкен транспорттық-логистикалық орталық.

Транспорттық-логистикалық сектор өте көп қаражатты қажет етеді. Елдегі транспорттық инфрақұрылымның дамуына бұған дейін шамамен 27 млрд АҚШ доллары жұмсалған. «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының ашылуына 357 млн АҚШ доллары жұмсалған. Бірақ бұл инвестициялар алдағы бес жылда Қытаймен өзара қарым-қатынасты нығайтуға бөлінген 36,2 млрд АҚШ долларына тең инвестициялық пакеттің тек кішкене бір бөлігі ғана болып табылады. 2020 жылы Құрық жүк терминалы салынған соң Қазақстанда қытай тауарларын батыс бағытқа қарай жіберетін Ақтау және Құрық порттары болады (Transport and Logistics, 2017). Құрылысы 2016 жылы 1 ақпанда басталған Қазақстан мен Түркіменстан аумағы арқылы өтетін Қытайдан Иранға дейінгі темір жол енді контейнерлерді 9000 км қашықтыққа белгілі дәрежеде аз уақытта (25-30 күнде) жеткізе алады.

Ағымдағы және жоспардағы транспорттық инфрақұрылым аясында Қазақстанға стратегиялық транзиттік мәртебе беретін бірнеше халықаралық дәліздер бар:

- Трансазиялық теміржол магистралінің солтүстік дәлізі: Ресей мен Қазақстан арқылы Батыс Еуропа – Қытай – Корей жарты аралы және Жапония (Достық - Ақтоғай – Саяқ – Мойынты – Астана – Петропавл бөлігі);
- Оңтүстік дәліз: Түркия, Иран, ортаазиялық мемлекеттер мен Қазақстан арқылы Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия (Достық – Ақтоғай – Алматы – Шу – Арыс – Сарыағаш бөлігі);
- ТРАСЕКА: Қара теңіз, Кавказ және Каспий теңізі арқылы Шығыс Еуропа – Орталық Азия (Достық – Алматы – Ақтау бөлігі);
- Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы транспорттық дәліз: Ресей мен Иран арқылы, Қазақстан арқылы Парсы шығанағы елдері (Ақтау – Орал және Ақтау – Атырау бөлігі) (Transport and Logistics, 2017).

Осы аталған барлық дәліздерде Қазақстан транзиттік мемлекеттің маңызды рөлін атқарады. Бірақ барлық дәліздерде транспорттық-логистикалық саясатты негізінен ең алдымен өз мүдделерін ойлаған Қытай, Ресей немесе еуропалық елдер секілді державалар қалыптастырады. Қазақстан транзиттік мемлекет ретіндегі өзінің стратегиялық маңызына қарамастан, өз мүдделерін алға жылжыту үшін жеткілікті мүмкіншіліктерге ие емес. Бұл тұста жағдайдың Оңтүстік - Солтүстік бағытындағы тауар ағымында ғана бөлек екенін айта кеткен жөн. Онда қазақстандық билік ортаазиялық тауарларды солтүстік бағыттарға жеткізуде сауда қозғалысына ықпал ете алады.

«Шығыс - Батыс» дәлізі: Қазақстан үшін қауіптер

Қазақ билігі транспорттық-логистикалық қатынастардың дамуында жүк тасымалының уақытын қысқарту мақсатында – әсіресе, «Шығыс - Батыс» дәлізінің аясында – Қазақстан аумағын транзиттік кеңістік ретінде пайдалануға мүдделі сыртқы ойыншыларға үміт артады. Қазақ үкіметі өзінің транзиттік әлеуетін толығымен пайдалануға мүдделі. Қазақстан аумағы арқылы өтетін тауар транзиті 2017 жылы өткен жылмен салыстырғанда 17 % өсіп, 17 млн тоннаға жеткен. Мемлекет 2020 жылға қарай транзиттік қатынастардан 5 млрд АҚШ доллары көлемінде пайда табуға үміттеніп отыр. Ол қаржы транспорттық инфрақұрылымның құрылысы үшін алынған несиелерді қайтару үшін қажет («Новые возможности», 2018).

Бірақ қазіргі кезеңде саудалық қатынастар көбінесе қытай жағы арқылы қаржыланып отыр және нарықтық механизмдерге онша сенім артуға келмейді. Сол себептен сауда деңгейі мен транзиттік тасымалдардың көлемі көбінесе қытай жағының мүддесі мен субсидия бөлуге деген ниетіне тәуелді. Қаржылай шығындар бұл дәлізді қытай жағының белсенді түрде алға жылжытуына әсер етуі мүмкін. Ал ол жайт өз кезегінде транзиттік тасымалдардан бюджетке түсер кіріс ағымына кері әсер етеді. Financial Times журналы Қытайдың шығыстан батысқа қарай бағытталған тауарлар жеткізіліміне қаржылай көмек көрсететіні туралы бірнеше қайтара жазған. Ал құрғақ жолмен жүретін жүк ағымы теңіз бағыттарына – ол сондай-ақ шамамен 40 пайызға қымбатырақ – қарағанда жылдамырақ (Stonski, 2018). Транзиттік жеткізілімдердің бұған дейінгі жағымды теңгерімі жәрдем ақшалар мен олардың көлемінің салыстырмалы түрде аз болғандығымен байланысты болатын. Экспорты жылдам жеткізілімге тәуелді белгілі бір тауарлар тасымалы субсидиясыз жалғаса береді. Алайда серіктестер транзиттік қатынастардың күткендегідей көлеміне қол жеткізе алмаулары мүмкін. Бұл дәліз аясындағы транзиттік қатынастардың ықтимал тұрақсыздығы шартында Қазақстанның ортаазияшылық сауда қарым-қатынастарды дамыту үшін жаңа инфрақұрылымға жүгініп, аймақтық тауарларды сыртқы нарықтарға жеткізуде стратегиялық тұрғыдан маңызды транзиттік хабқа айналуына мүмкіндік бар (Tian, 2018: 25).

Қазақстанның транспорттық-логистикалық қатынастарын дамыту стратегиясының басымдылықтары

- *Қазақстан ортаазиялық сауда қозғалысын арттырудан пайда таба алады*

Қазақстанның транспорттық-логистикалық сектордағы стратегиясы оның ортаазиялық елдердің нарықтарына шығудағы рөлін нығайту мүмкіншілігін қарастыруға тиіс. Астық өндіру – Қазақстанның аймақтық нарықтағы салыстырмалы түрдегі артықшылықтарының бірі. Мысалы, Тәжікстан Қазақстаннан келетін бидай импорты мен ұн жеткізіліміне 90 % тәуелді. Бірақ Орталық Азия елдері таяуға дейін сенімсіз Өзбекстаннан болып конструктивті емес сауда саясатын қолданып келді. Алайда ең бастысы – сыртқы нарықтарға жеткізілетін астықтың бағасы инфрақұрылымдық және логистикалық жоғары құнды қамтиды. Жоғары бағалар ауыл шаруашылық өнімдерінің саудалық теңгеріміне кері әсер етеді. Ортаазиялық елдер белгілі бір дәрежеде Қазақстаннан келетін белгілі бір тауарлардың жеткізіліміне тәуелді болғандықтан, әрі сұраныс өсіп жатқандықтан, транспорттық-логистикалық инфрақұрылымды жақсарту, операциялық шығындарды азайту және бейресми тосқауылдарды жою шаралары Орталық Азиядағы транспорттық қатынастарды дамыту стратегиясына енгізілуі шарт (Khan et al., 2017: 30).

- *Өзбекстанмен ынтымақтастықты нығайту арқылы сауда қозғалысын жақсарту*

Көршілес Өзбекстан мен Түркіменстанның экономикалық саясатының формальды және бейформальды кедергілері үлкен қазақ бизнесіне Орталық Азияда транспорт желісі мен сауда дамуына кеңінен инвестиция құюға мүмкіндік бермеді (Каррагов, 2012: 11). Әйтсе де сауда секторында соңғы кезде транспорт бағыттарының желісін кеңейтіп, Орталық Азия елдері мен сыртқы нарықтар арасындағы сауда теңгерімін арттыруға мүмкіндік беретін он үрдіс байқалады. Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиеев жуықта Астанаға келген кезінде 2020 жылға қарай Қазақстанмен тауар айналымын жыл сайын 1,5 млрд АҚШ долларынан 5 млрд АҚШ долларына жеткізуге бағытталған салмақты шаралардың ойластырылып жатқанын алға тартты. Өзбек тауарларының Қазақстан арқылы өтетін транзитінің көлемін арттыру да қысқа және орта мерзімдік мақсаттарға жатады (Сатпаев, 2017). Өзбекстан Орталық Азияның барлық елдерімен шекараласатындықтан, Қазақстан өзінің аймақтандыру стратегиясында Өзбекстанмен ынтымақтастықты нығайтуға тиіс. Бұл Қазақстанға аймақтағы басқа нарықтарға шығуға – сондай-ақ олардың Қазақстанға шығуына да – жол ашады (Ордабаев, 2016: 16).

- *«Солтүстік - Оңтүстік» дәлізін реверсті режимде пайдалану*

Темір жол және автожол инфрақұрылымы – «Солтүстік - Оңтүстік» дәлізі – ортаазиялық елдерге Кеңес Одағынан мұралыққа қалған еді. Инфрақұрылымның өзі белгілі бір дәрежеде жетілдіріліп, транспорт пен жүк тасымалын өткізу мүмкіншілігі артса да, Орталық-Азиялық аймақ негізінен әлі де Ресей тауарларының өтіміне арналған нарық ретінде қабылданады. Орталық Азия елдерінің Ресейге және/немесе еуропалық нарыққа шығаратын тауарларға қарағанда, Ресейден импорттайтын тауарлары көп. Төмендегі кесте 2018 жылдың бірінші жартысындағы Ресей мен Орталық Азия елдерінің арасындағы экспорттық-импорттық қатынастарға (млн АҚШ доллары есебінде) қатысты деректерді көрсетеді¹.

Экспорт	Импорт	Теңгерім	Ресейдің жалпы экспортының көлемінде (%)	Ресейдің жалпы импортының көлемінде (%)	
6296.6	2718.2	3578.4	24.1	21.2	Қазақстан
708.4	120.7	587.7	2.7	0.9	Қырғызстан
456	20.4	435.6	1.7	0.2	Тәжікстан
1498.9	523.6	975.3	5.7	4.1	Өзбекстан
90.9	58.3	32.6	0.3	0.5	Түркіменстан

¹ Тәуелсіз мемлекеттер достастығы. «Ресейдің Достастық елдерімен 2018 жылдың бірінші жартысындағы экспорттық-импорттық операциялары (млн АҚШ доллары)». http://www.cisstat.com/rus/macro/mac6_qrt-rus.pdf.

Ағымдағы инфрақұрылым негізінен ресейлік тауарлардың ортаазиялық нарыққа жетуінің басты жолы ретінде қолданылады. Ол тауарлардың барлығы да Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Аймақтағы аймақтандыру стратегиясы бұл мәселедегі Қазақстанның орнын нығайта түсу үшін – бұл жайт сондай-ақ бюджетке қосымша кіріс әкелетін мүмкіншілік тудырады – ағымдағы инфрақұрылымның реверсті – яғни, ортаазиялық тауарлардың еуропалық нарыққа тасымалын мүмкін ететін – режимде қолданылу мүмкіндігін қарастыруға тиіс. Орталық Азияның басқа елдері бүгінгі таңда сыртқы сауда саясатында жеті транспорт дәлізіне иек артады, ал оның төртеуі Қазақстан аумағы арқылы өтеді және олардың еуропалық нарыққа шығу мүмкіндігі бар.

- Балтық елдерінің теңіз порттары бағытындағы Қазақстан арқылы өтетін транзит (Литва - Клайпеда, Латвия - Рига, Лиепая және Вентспилс және Эстония - Таллин);
- Қазақстан және Ресей, Белорусь және Украина арқылы өтетін транзит (Чоп және Брест шекаралық аумағы);
- Қазақстан және Ресей арқылы Қара теңізге шығатын украин порты Ильичевскіге бағытталған транзит;
- Түркіменстан, Қазақстан және Әзірбайжан арқылы Қара теңізге шығатын транзит (TRASECA жобасы) (Turaeva, 2014: 55).

Қазақстанның осы транспорт дәліздерін белсенді түрде алға жылжытуына кеңес береміз. Ондай жағдайда Қазақстан шығыс-батыс бағытындағы транзиттік түсімдерден ғана емес, сонымен қатар «Солтүстік - Оңтүстік» дәлізінің аясында да қос бағытта пайда көретін болады.

- Қазақстандық билік елдің транзиттік әлеуетін арттыру мақсатында тауар тасымалының жосықтарын стандарттауға, темір жол вагондарының санын көбейтуге, ауыл шаруашылық секторында заманауи тоңазытқыш қоймалардың жетіспеушілігіне қатысты проблеманы шешуге міндетті (Weitz, 2017: 4). Өндірістік кешен ауқымында логистикаға кететін шығындар деңгейі – ең жоғары шығындардың бірі және шамамен тауардың ақтық құнының 20-25 % құрайды. Бұл көрсеткіштер Қазақстанда ЕО, АҚШ немесе Канадамен салыстырғанда, екі еседен де жоғары (Khan et al., 2017: 30). Қазақстан осы атап көрсетілген кедергілерді жойып шыдаса, басқа ортаазиялық нарықтарға шығу арқылы өзінің экспорттық әлеуетін көтеріп, ортаазиялық тауарлардың Қазақстан мен Ресей арқылы еуропалық нарықтарға шығатын экспорттың көбейтуден пайда табатын болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Aliyeva, Kamila. “Kazakhstan’s Investments in Transport and Logistics Revealed,” January 30, 2018. <https://www.azernews.az/region/126316.html>.

Embassy of the Republic of Kazakhstan in the US. N.d. “Transportation and Logistics.” <https://www.kazak-hembus.com/content/transportation-logistics>.

International Crisis Group. 2017. “Central Asia’s Silk Road Rivalries,” Europe and Central Asia Report 245, July 27.

Kapparov, Kassymkhan. 2012. “Kazakhstan’s Investments in Central Asia,” UCA Working Paper No 14. <http://www.ucentralasia.org/Content/Downloads/UCA-IPPA-WP14-KazakhInvestmentCA-Eng.pdf>.

Khan, Yury, Timur Taipov, Shyryn Kantarbayeva, Altynshash Zamanbekova and Valery Khan. 2017. “Kazakhstan: Transport and Logistical Risks in Grain Export,” *Revista Espacios*, Vol. 38, No. 44. <http://www.revistaespacios.com/a17v38n44/a17v38n44p30.pdf>.

Kulipanova, Elena. 2012. “International Transport in Central Asia: Understanding the Patterns of (Non) Cooperation,” UCA Working Paper No. 2. <http://www.ucentralasia.org/Content/downloads/UCA-IP-PA-WP2-International%20Transport%20in%20Central%20Asia.pdf>.

Stonski, Paul. 2018. “Cooperation and Competition: Russia and China in Central Asia, the Russian Far East, and the Arctic,” Carnegie, January 28. <http://carnegieendowment.org/2018/02/28/cooperation-and-competition-russia-and-china-in-central-asia-russian-far-east-and-arctic-pub-75673>.

Tian, Hao. 2018. “China’s Conditional Aid and Its Impact in Central Asia,” in *China’s Belt and Road Initiative and Its Impact in Central Asia*, edited by Marlene Laruelle (Washington: Central Asia Program, 2018). http://centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2018/01/OBOR_CAP_2018.pdf.

“Transport and Logistics Center of Kazakhstan. What Has Been Done?” Atameken, August 4, 2017. <http://atameken.kz/en/articles/27077-transportkazakhstana>.

“Transport and Logistics in Kazakhstan: An Overview.” ITE Transport&Logistics, July 4, 2017. <http://www.transport-exhibitions.com/Market-Insights/Turkey-and-Eurasia/Transport-Logistics-in-Kazakhstan-An-overview>.

Weitz, Richard. “Kazakhstan’s National Development Strategies. An Assessment,” in Marlene Laruelle, Kazakhstan: Nation-Branding, Economic Trials, and Cultural Changes Marlene Laruelle (Washington: Central Asia Program, 2017). http://centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2015/11/Kazakhstan_CAP.pdf.

«Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции - Послание Президента». KazInform, January 10, 2018. <http://www.inform.kz/ru/novye-vozmozhnosti-razvitiya-v-us-loviyah-chetvertoy-promyshlennoy-revolyucii-poslanie>

prezidenta_a3118616.

Ордабаев Асет. 2015. «Геополитика транспортных коридоров в Центральной Азии». Институт мировой экономики и политики, апрель.
http://iwep.kz/files/attachments/article/2015-05-12/geopo-litika_tk.pdf.

Сатпаев Досым. Казахстан и Узбекистан: партнеры или конкуренты?» *Forbes.kz*, 27.03.2017.
https://forbes.kz/process/expertise/kazahstan_i_uzbekistan_partneryi_ili_konkurenty/.

Содружество Независимых Государств. «Экспортно-импортные операции России со странами Содружества в I полугодии 2018 года (млн долларов США)».
http://www.cisstat.com/rus/macro/mac6_qrt-rus.pdf.

Тураева О.М. Транспортная инфраструктура стран Центральной Азии в условиях современной регионализации». Российская академия наук, 2014.
https://inecon.org/docs/Turaeva_paper_2014.pdf.

5-ТАРАУ. ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНДІ ӘРТАРАПТАНДЫРУ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІ РЕИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Фарход Аминжонов

Негізгі сұрақтар:

- *Қазақстан табиғи газдың мол қорларына ие. Бірақ ішкі нарықтағы сұранысты қамтамасыз ететіндей және елдің оңтүстік өңірлерін газбен қанымдайтындай жеткілікті газ өңдеуші әлеуеті жоқ. Қазақстан газын Өзбекстанның зауыттарында өңдеу елді газ өнімдерімен қанымдап, оның энергетикалық кешенін әртараптандыруға мүмкіндік береді.*
- *Қазақ-өзбек біріккен кәсіпорынында өндірілген қосылған құнды газ өнімдері ортаазиялық нарықтарға жеткізіліп және сол арқылы аймақтағы энергетикалық қауіпсіздікті арттырып, Қазақстан мен Өзбекстанның бюджетіне қосымша кіріс әкелетін болады.*
- *Қазақстан мұнайы – өзбек мұнай өңдеуші зауыттарының бар қуатымен жұмыс істеуін қамтамасыз ете алатын энергия қорларының жақсы көзі. Ал ол жайт өз кезегінде елдің ішкі нарығын мұнай өнімдерімен қанымдап, бюджетке қосымша кіріс көзі ретінде қызмет ететін болады.*
- *Аймақішілік электр қуатының саудасы қазақстандық билікке жалпы тұтыныстағы экологиялық тұрғыдан таза энергияның үлесін арттыруға және елдің оңтүстік өңірлерін олардың ирригациялық қажеттіліктері үшін жеткілікті су мөлшерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.*

Алғы сөз

Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев Қазақстан Республикасына жасаған ресми сапары кезінде энергетикалық қорлар тасымалына қатысты бір де бір аймақтық ірі ауқымды жоба ортаазиялық елдердің белсенді қатысуынсыз жүзеге асырылмайтындығын айтты («Президент Узбекистана», 2017). Қазақстан Орталық Азияда энергетикалық сектордағы біріккен бастамаларды әрқашан қолдаумен келеді. Алайда Қазақстанның аймақішілік энергетикалық қауіпсіздік пен энергия қорларының саудасына қосар үлесі шектеулі болды. 2000 жылдарға қарай Қазақстан энергия қорларын өндіру деңгейін арттырып, энергетикалық инфрақұрылымды кеңейте білді. Қазақстандық билік енді елдегі энергия қорлары жеткізілімінің көлеміндегі өз үлесін арттырып, ортаазиялық энергетикалық нарықтағы өз қатысу сыбағасын үлкейте алады. Қазақстанның экономикасы энергетикалық қорлардың – соның ішінде шикі мұнай мен табиғи газдың – экспортына қатты тәуелді. Теңізге шығар жолы жоқ Қазақстан энергетикалық қауіпсіздік пен энергия қорларын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында экспорттық жеткізілімдерді және жалпы энергетикалық кешенді әртараптандырудың кез келген мүмкіндігін қарастырғаны жөн.

Бұл еңбек Орталық Азиядағы аймақтандырудың қазақстандық стратегиясында басымдылық берілуге тиісті төмендегідей мүмкіндіктерді алға тартады: 1) Қазақстан газын Өзбекстан зауыттарында өңдеуге жеткізуді қамтамасыз ету арқылы газ кешенін әртараптандыру мүмкіндігі; 2) аймақтың мұнай өңдеу әлеуетін ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қанымдау ғана емес, сонымен қатар бюджетке қосымша кіріс әкелер көз ету мақсатында да пайдалану; 3) электр қуатының саудасын тұтыныстың жалпы теңгеріміндегі экологиялық таза электр қуатын арттыру мен ирригациялық қажеттіліктер

үшін жеткілікті су қорларына қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін пайдалану мүмкіндігі.

Қазақстанды газдандыру бастамасы

Қазақстанда тұтынылатын газдың шамамен 30 % Өзбекстан мен Ресейден импортталады. Аймақтағы басқа елдер секілді Қазақстан да ол тәуелділікті өзінің энергетикалық қауіпсіздігіне төнетін қатер ретінде көреді. Газдың мол қорына иелік ете отырып (1,5 млрд текше метр), билік елдің энергетикалық мұқтаждығын қамтамасыз ете алар еді. Қазақстандық билік Қашағаннан және басқа да кен орындарынан шығатын газ көлемінің қазіргіден де көбеюіне үміт артып отыр. Бұл жайт елдің өз мұқтаждығын ғана емес, экспорттық сұранысын да қанымдар еді. Қазақстандық билік газдың сыртқы нарықтарға шығар экспортын арттыруға басымдылық береді. Алайда ол саясат энергия қорларының аймақшілік жеткізілімдеріне қауіп төндірмеуге тиіс, сонда аймақтың газ өңдеу қуатын толық көлемде пайдалануға мүмкіндік болар еді.

«ҚазТрансГаз» АҚ бас директоры Серік Сұлтанғалидың айтуынша, Қашаған газының 70-80 % ішкі тұтынушылар үшін жеткізіліп, тек 20-30 % ғана сыртқы нарықтарға бағытталатын болады (Червинский, 2017). Қазақстан Маңғыстау мен Қызылордадағы жаңа кен орындарының арқасында орта мерзімдік болашақта газ өндірудің көлемін арттыра алар еді. Аталмыш кен орындарынан шыққан газ елдің оңтүстік өңірлерін қанымдап ғана қоймай, Қытайға шығатын экспорт көлемін де көбейтетін «Бейнеу - Бозой - Шымкент» құбыр желісін толтыратын болады (Kazenergy, 2016: 105).

Бейнеу - Шымкент газ құбырының құрылысы президент Нұрсұлтан Назарбаевтың 2008 жылғы бастамасы болатын. Жобаның басты мақсаты – елдің оңтүстік облыстарын газбен қанымдау. 1454 км ұзындықтағы құбыр желісі Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда қалалары және Түркістан облысы арқылы өтеді. Құбыр желісінің белгіленген қуаттылығы – жылына 10 млрд текше метр газ (алғашқы кезең 2010 - 2016: 6 млрд текшеметр, екінші кезең 2014 - 2017: 10 млрд текшеметр). Құбыр желісі газ тасымалын 2013 жылдың 27 желтоқсанында бастаған (Kazmunaugas, n.d). Бейнеу - Бозой - Шымкент құбыр желісі жүйенің транспорттық қабілетін 15 млрд текше метр газға дейін арттыру үшін салынған. Бейнеу - Бозой - Шымкент құбыр желісінің құрылысы 2015 жылы аяқталды (EITI Report, 2015).

Бейнеу - Бозой - Шымкент газ құбыры Қазақстанның газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған Бас схемасында шешуші рөл атқарады. Құны 4 млрд АҚШ доллары болатын құбыр желісін Қазақстан мен Қытай тең көлемде инвестиция құйып, бірге салды. Алайда Қазақстан жағының бір бөлігі Қытай даму банкі бөлген несие арқылы қаржыландырылған. Қазақстандық билік болашақта аталмыш құбыр желісі арқылы 15 млрд текше метр газ тасымалдауды жоспарлап отыр, оның 5 млрд текше метрі Қытайға жол тартып, 10 млрд текше метрі елдің оңтүстік өңірлерін жабдықтауға жұмсалатын болады. Бұл жайт елдің газдың Өзбекстан жеткізіліміне тәуелділігін азайтатын болады (Kazenergy, 2016: 105). 10 млрд текше метр газды өз кезегінде ішкі тұтыныс үшін де, табиғи газды қосылған құнды өнімдерге қайта өңдеу мақсатында да қолдануға болады.

- *Қазақстан газы қосылған құнды газ өнімдерінің өндірілуін арттыруға көмектеседі*

Өзбекстан Орталық Азияда ең үлкен газ өңдеу қуатына ие. Өзбекстанның белгіленген қуаттылығы - жылына 50 млрд текшеметр газ деп бағаланады (Uzinfoinvest, n.d.). Бірақ елдегі газ өндірудің шектеулілігінен болып, Өзбекстан өзінің газ өңдеуші нысандарын тек 60 % ғана пайдаланады. Қазақстаннан қосымша газ жеткізілімдер екі жаққа да газ өңдеу

қуатын толық көлемде пайдалануға және ақырғы өнімдерді аймақішілік нарыққа жеткізуге мүмкіндік берер еді.

1972 жылы салынған 30 млрд текшеметр газ өңдеу қуаты бар «Мубарек» – әлемдегі ең ірі газ өңдеу кешендерінің бірі. «Мубарек» зауытынан шыққан газ өнімдері ішкі және сыртқы нарыққа жеткізіледі. 1980 жылы салынған «Шуртан» газ өңдеу кешені жылына 20 млрд текшеметр газ өңдей алатын қуатқа ие (Uzinfoinvest, n.d.). Келесі бір газ-химиялық кешен «Устюрт» жыл сайын 4,5 млрд текшеметрге дейінгі көлемде газ және 115 мың тонна газ конденсатын өңдейді. Құны 4 млрд АҚШ доллары болатын «Устюрт» зауыты 2012 жылы іске қосылып, ішкі және сыртқы нарыққа өнімдер жеткізе бастаған («Открывающий регион», 2017). Қазақ газын Өзбекстанға жеткізуге мүмкіндік беретін құбыр желісі бар.

Негізгі магистралдық жүйенің қызметін 1965 жылы пайдалануға берілген ұзындығы 2000 км Бұхара-Орал құбыр желісі атқара алады. Ол құбыр желісі басында түркімен және өзбек газын Қазақстан аумағы арқылы Ресейге тасымалдау үшін жобаланған еді. Соңғы жылдарда құбыр желісінің жалпы қуаттылығы жылына 15 млрд текшеметрден 7,5 млрд текшеметр газға қысқарды (Fredholm, 2008: 45). Ресей қазіргі шақта ортаазиялық газдың импортына мүдделі емес болғандықтан, құбыр желісі кері бағытта жұмыс істеп, Ресей газының Қазақстанға тасымалдануы үшін қолданылады («Российский газ», 2015). Бірақ шығарылатын газдың көлемін арттыруға қол жеткізілсе, билік аталмыш жүйені Қазақстан газының Өзбекстан газ өңдеу кешендеріне жеткізу көлемін арттыру үшін пайдалана алар еді. Өңделген өнімдерді ортаазиялық нарыққа қазақ-өзбек біріккен кәсіпорны жеткізер еді. Ал ол жайт өз кезегінде аймақтағы энергетикалық қауіпсіздікті нығайтып қана қоймай, қосылған құнды өнімдердің сатылымы арқылы Қазақстан мен Өзбекстан бюджетінің өсуін қамтамасыз ететін болады.

Мұнай секторындағы ортаазиялық ынтымақтастық


Қазақстан – аймақтағы ірі мұнай өндіруші және экспорттаушы. Қазақстанда шығарылатын мұнайдың көлеміне сай ел билігінің тізгінін ұстаушыларды ортаазиялық энергетикалық нарық қызықтыра қойған жоқ. Басымдылық шикі мұнайдың сыртқы нарықтарға – соның ішінде Еуропа мен Қытайға – экспортталуына беріледі. Елдің өзінде мұнайды өңдеу қуаттылығы жетіспейді, мемлекет мұнай өнімдерін сырттан алуға мәжбүр. Билік шикі мұнайдың бірнеше сыртқы нарықтарына және мұнай өнімдерінің импортына орасан тәуелділікті елдің энергетикалық және қаржы қауіпсіздігі үшін қатер ретінде көреді. Сараптама мұнай өнімдерінің аймақішілік нарығы Қазақстанның сыртқы тұтынушыларға тәуелділігін аз деңгейде болса да кемітетіндігін көрсетеді. Қазақстан мұнайы өзбек мұнай өңдеу зауыттарының қуатын толық көлемде пайдалануға мүмкіндік беретін энергия қорлары көзінің рөлін атқара алар еді.

Қазақстан өзінің мұнай шығару қуатының көлеміне қарамастан, мұнай өнімдеріне деген ішкі мұқтаждықты қанымдай алмайды. Елдің жалпы мұнай өңдеу қуаты бүгінгі таңда тұтыну деңгейінің 78 % құрайды, ал қалған бөлігі негізінен Ресей мен Қытайдан импортталады. Қазақстандық билік мұнай өңдеу қуаттылығын арттыру мақсатында мұнай өңдеу зауыттарын жетілдіру бағдарламасын бекітті (Kazenergy, 2016: 24). «ҚазМұнайГаз» ұлттық энергетикалық холдинг директорының орынбасары Данияр Сатыбалды жетілдіру бағдарламасы жүзеге асқаннан кейін 2018 жылға қарай мұнай өңдеу зауыттарының күші 14,5 млн тоннадан 16,5 млн тоннаға жететінін айтқан еді (Елемесов, 2018). Өзіндік мұнай өнімдерінің жетіспеушілігі елдің энергетикалық қауіпсіздігі деңгейінде талай рет көрінді. 2017 жылы мұнай өнімдерінің ішкі тұтыныстағы тұрақтылық Ресейден келетін импорттың

беделі түскен кезде әлсіреп қалды (Sorbellо, 2017). Ол кезде жеткізілімдер қысқа мерзімге үзілген еді. Аймақ елдерінің арасында – соның ішінде Өзбекстанмен – ынтымақтастық жолға қойылған болса, ондай оқиғаның алдын алуға болушы еді. Қазақстан Өзбекстанмен ынтымақтау арқылы Орталық Азияда мұнай өнімдерінің ең ірі жеткізушісіне айналып, бюджетке түсер қосымша кіріске мүмкіндік ашып қана қоймай, сонымен бірге ішкі нарыққа мұнай өнімдерінің тұрақты жеткізіліп тұруын да қамтамасыз ете алады. Аймақтық ынтымақтастықтың бұл стратегиясы бойынша өзбек мұнай өңдеу зауыттарына жеткізілу үшін Қазақстаннан Өзбекстанға шығарылатын шикі мұнай көлемі көбейеді. Ал өңделген өнімдер өз кезегінде ортаазиялық нарықтарға жеткізілетін болады.

Өзбекстан мұнай өңдеу ісінде ғасырдан асқан тәжірибесімен мақтана алады. Елдегі алғашқы мұнай өңдеу зауыты 1906 жылы Ферғана қаласында салынған («Узбекнефтегаз», 2015). Ферғана мұнай өңдеу зауыты (екінші кешен) 1959 жылы пайдалануға берілген. Бұхара қаласындағы мұнай өңдеу зауыты 1997 жылы салынған («Узбекнефтегаз», 2015). Өзбекстандағы мұнай өңдеу зауыттарының жалпы қуаттылығы елдің ішкі қажеттіліктерін толығымен өтеуге ғана емес, сондай-ақ мұнай өнімдерін сыртқы нарықтарға экспорттауға да мүмкіндік береді. Кеңес Одағы тұсында Өзбекстан Орталық Азияның басқа елдері секілді өзінің үш мұнай өңдеу зауыты үшін ресейлік шикі мұнайға иек сүйейтін. Алайда Өзбекстан Ресейден шикі мұнай импорттауды 1995 жылы тоқтатқан болатын. Өзбекстан мұнай өнімдеріне деген ішкі қажеттіліктерді өтеу мақсатында Ресейден мұнай өнімдерін импорттауды 1998 жылға дейін жалғастырды. Ферғана мұнай өңдеу зауыты – Өзбекстан ғана емес, бүкіл Орта Азиядағы ең үлкен зауыт. Зауыт жылына 5,5 млн тонна мұнай өнімдері мен машина майын өңдейді. Өзбекстан мұнай өнімдерін өндіруді арттыру мақсатында 1997 жылы Бұхара облысында белгіленген жалпы қуаттылығы 2,5 млн тонна мұнай өнімдері болатын жаңа мұнай өңдеу зауытын іске қосты. Ол тәуелсіздік жылдарында Орталық Азияда орнаған алғашқы мұнай өңдеу зауыты болды. Сол мұнай өңдеу зауыты Өзбекстанды энергетикалық тәуелсіздікке жеткізіп, өз тұтынушыларын мұнай өнімдерімен өзі қанымдады (Kalyuzhнов, 2000). Алайда елдегі мұнай өндірудің көлемі 90-жылдардың соңында күрт кеміп кетті. Шикі мұнай шығарудың шектеулі көлемі билікке өзінің мұнай өңдеу зауыттарын толыққанды пайдалануға мүмкіндік бермейді. Энергетикалық сектордағы Ортаазиялық ынтымақтастық стратегиясының аясында Қазақстан өзбек зауыттарында өңдеуге жетіспей тұрған мұнай көлемінің жеткізілімін арттыра алады. Ал ол жайт өз кезегінде қазақ нарығын мұнай өнімдерімен қамтамасыз етіп, қосылған құнды өнімдерді сату арқылы бюджетке кіріс кіргізетін болады.

Төменде көрсетілген график Өзбекстандағы мұнай өндірудің кері теңгерімін көрсетеді. Кері үрдіс ішкі нарықта мұнай өнімдерінің жетіспеушілігіне алып келді. Өзбекстан да мұнайдың нетто-экспорттаушысынан нетто-импорттаушысына айналды. Бұл проблеманы Қазақстан мен Өзбекстан арасында мұнай секторындағы ынтымақтастықты нығайту арқылы тиімді түрде шешуге болар еді. Және ондай ынтымақтастықтың ықтимал пайдасын күллі Орталық Азия аймағы көрер еді. Аталмыш стратегия аясында Қазақстан экспортқа шығаратын шикі мұнайдың бір бөлігін өңдеуге Өзбекстанға бағыттауға тиіс. Мұнай өнімдерінің бір бөлігі Қазақстан мен Өзбекстандағы жетіспеушілікті жабуға жұмсалса, қалған бөлігі аймақтағы көрші елдерге экспортқа шығарылатын болады.



Өзбекстандағы мұнай өндіру мен тұтыну, 2004-2016 (күніне мың баррель)
Дереккөз: BP Statistical Review of World Energy June 2017.

Сонымен қатар Қазақстаннан Өзбекстанға шикі мұнай тасымалдау үшін инфрақұрылымның бар екендігін айта кету қажет. Бұл жайт аталмыш стратегияны бүгінгі таңда-ақ іске асыра беруге мүмкіндік береді және құбыр желісіне салынған инвестицияларды қайтаруға жұмсалатын шығындар ақырғы өнімдердің құнына қосылмайтын болады. Аталмыш стратегия шеңберінде қазақстандық мұнайды Өзбекстанға тасымалдау үшін Омбы – Шымкент – Бұхара және Шымкент – Ташкент мұнай құбырларын қолдануға болады. Ал Өзбекстанға жеткен мұнай оны өңдейтін зауыттарға ішкі жолдармен жеткізілетін болады. Құбыр басында сібір мұнайын Омбыдан Павлодар, Қарағанды, Шымкент арқылы Өзбекстанға жеткізу үшін қолданылған еді (Kochnakyan et al., 2013). Мұнай қорларының бір бөлігін аймақшілік нарыққа қарай бағыттау арқылы Қазақстан ресей мұнайының орнын басып, өзбек мұнай өңдеу зауыттарының толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ете алар еді.

Өзбек билігі мұнайды Омбы – Павлодар – Шымкент – Ташкент құбыры арқылы импорттау мен жүйені жетілдіру мәселесі бойынша Қазақстанмен келісімге келіп те қойды. Жоғарыда айтылғандай, Өзбекстанда мұнай шығару азайды, Бұхара, Ферғана және Алтынарық мұнай өңдеу зауыттары бар болғаны 60 пайыз жұмыс істейді («Нефтепровод Казахстана», 2017). Бұл келісім аймақшілік энергетикалық ынтымақтастықты қалпына келтірудің алғашқы талпыныстарының бірі және ол қазақстандық энергетикалық стратегияның бір бөлігі болуға тиіс.

Ортаазиялық энергетикалық жүйе шеңберіндегі электр қуаты жеткізілімдерінің тұрақтылығы

Орталық Азия елдерінің электр энергетикалық секторлары басында біріккен ортаазиялық энергетикалық жүйе аясында жұмыс істеу үшін жобаланған еді. Ол жүйе энергияны

ұтымды пайдалануды талап ететін ресурстар айырбасының механизміне негізделген болатын. Аймақтағы әр мемлекет электр қуатын өндіру үшін энергияның бастапқы көздерін қолдануда салыстырмалы түрде өзіндік үстемдікке – Қырғызстан мен Тәжікстан су электр энергиясына, Қазақстан мұнай мен көмірге, Түркіменстан газға және Өзбекстан мұнай мен газға – ие. Қазақстанның электр энергетикалық секторының басты проблемасы оның көмірмен жұмыс істейтін жылу электр станцияларына шамадан тыс тәуелділігінде. Электр қуатын өндіретін басты көздер – Екібастұз-1 және 2 елдің солтүстігінде жатыр және электр қуатын көмір жағумен өндіреді, ал ол жайт ауаның ластануын күшейтеді. Қазіргі шақта елдегі электр қуатының 80 пайызы көмір жылу электр станцияларында өндіріледі. Ал энергетикалық секторға энергияның жаңартылмалы көздерін енгізу үдерісі тым баяу жүрілуде. Қазақстанның электр энергетикалық сектордағы ортаазиялық стратегиясы тұтыныстың жалпы көлеміндегі экологиялық таза энергияның үлесін арттыруға мүмкіндік береді және ирригациялық қажеттіліктер үшін жеткілікті су қорларына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

- *Таза электр энергиясына қолжетімділік*

2016 жылдың соңына қарай Қазақстан электр станцияларының жалпы белгіленген қуаттылығы 22,055 МВ (22 млрд кВт/сағ) құрады, оның 18,789 МВ (18,8 млрд кВт/сағ) – пайдалы қуаттылық. Елде электр қуатын өндіру жыл сайын артып келеді. 2016 жылы Қазақстанда 93,9 млрд кВт/сағ электр қуаты өндірілген, ол өткен жылмен салыстырғанда сәл көбірек (91,073 млрд кВт/сағ) («Казахстанская электроэнергия», 2017). Қазақстанның электр энергетикалық секторындағы көмірсутектердің үлесі 88 % құрайды. Шамамен 11 % су энергетикасына тиесілі. Күн және жел энергиясы секілді жаңартылмалы көздердің үлесі 1 % аспайды. Билік басындағылар «Қазақстан-2050» ұлттық стратегиясында көрсетілгендей, ұзақ мерзімдік жоспарда тұтынудың жалпы теңгеріміндегі энергияның жаңартылмалы көздерінің үлесін 50 % дейін арттыруға ұмтылуда. Ал қысқа және орташа мерзімдік жоспарда тұтынудың жалпы теңгеріміндегі таза электр энергиясының үлесін арттыруға ортаазиялық елдер арасында электр қуатын сату арқылы қол жеткізуге болады.

2017 жылдың 12 маусымында өткен ЭКСПО-2017 ашылу салтанатында Тәжікстан энергетика және су қорлары министрі Усмонали Усмонзода Қазақстанға Ресей – Қазақстан – Орталық Азия жаңа үшбұрышы шеңберінде аймақтағы энергетикалық орталық болуға ұсыныс жасады («Роль Узбекистана», 2017). Тәжікстан Қазақстанға су электр қуатын жазда ағыстың жоғары жағында орналасқан ортаазиялық мемлекеттерден импорттауды, ал қыста оларға көмір жылу станцияларында өндірілген электр қуатын жеткізіп отыруды ұсынады. Бұл ұсыныстың мәні – экспорттық-импорттық қарым-қатынастар ортасында Қазақстан болатындай етіп, біртұтас жүйе аясындағы электр энергиясының жеткізілім жүйесін қалпына келтіру. Дәл қазір бұл ұсыныс салмақты қаржылай, техникалық және экономикалық шарттармен бекітіле қоймаған саяси сипаттағы өтініш секілді болып қана көрінеді. Әйтсе де Орталық Азия аймағының үш елінде (Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстан) ағымдағы инфрақұрылым бар (электр тасымалының Солтүстік - Оңтүстік жолы). Тек Қазақстанның оңтүстігін Қырғызстанның солтүстігімен Кемин - Алматы 500 кВ жолы, сондай-ақ Қырғызстанның оңтүстігін солтүстік Тәжікстанмен 500 кВ Датқа - Ходжикент жолы арқылы байланыстыру ғана қалды (ADB, 2012: 2-34). Электр тасымалы жолдарының баламалы жүйелері бұл үш елге өзеннің жоғары жағындағы елдердегі электр қуатының маусымдық тапшылығын өтеу және Қазақстандағы жалпы тұтыныс көлеміндегі таза электр қуатының үлесін арттыру мақсатында электр қуатын сатуға мүмкіндік берер еді. Қазақстан да Сырдария өзенінің ағысы тұрғысынан төмен жақта орналасқандықтан, аймақтағы су қорларының бөлісіне қатысты Өзбекстанның алаңдаушылығы бұл елге де

ортақ.

• *Су-энергетикалық проблемалардың шешімі*

Орта Азиялық аймақ климаттың өзгерісі мен ірі су қоймалары / су электр станциялары (ГЭС) құрылысының салдарынан туған су қорларының жетіспеушілік қатеріне душар. Соңғы он жылдық ішінде (2005-2015 жылдарда) XX ғасырдың басынан бергі ең жоғарғы температура белгіленді. Өзеннің жоғары және төмен жағында орналасқан елдердің ұстанымдарындағы іргелі қайшылықтар ирригация қажеттіліктері мен электр қуатын өндіруге қажетті судың бөлісіне қатысты жанжалға алып келді. Сараптама Қазақстанның Орталық Азиядағы жаңа су стратегиясының шеңберінде су қорларының бөлісіне қатысты мәселелерде медиатордың рөлін атқарып, гидроэнергетикалық саясатқа ықпал ете алатындығын көрсетеді.

Көпшілігі Кеңес Одағы дәуірінде салынған Орта Азиядағы су қоймаларының басты міндеті өзеннің төмен жағындағы елдердің ирригациялық қажеттіліктері үшін жеткілікті су қорларын бөліп тұру болған. Екінші кезектегі мақсат су қоймаларын судың жиналуы мен электр қуатын өндіруді реттеу үшін қолдану еді. Аймақтағы ең үлкен екі су қоймасы / ГЭС – Тәжікстандағы Нурек (3000 МВт белгіленген қуаттылығы бар 10,5 текше километр) және Қырғызстандағы Тоқтоғұл (1200 МВт белгіленген қуаттылығы бар 19,5 текше километр) су ағысын реттеп, ауыл шаруашылығына зардабы тиер сел-тасқынның алдын алу мақсатында және су бөлінуінің, су электр қуатын өндірудің нәтижесі ретінде салынған (Қарыбеков, 2012). Кейінірек тағы екі алыпты салуға шешім қабылданды: Тәжікстандағы Рогун (3600 МВт белгіленген қуаттылығы бар) және Қырғызстандағы Қамбарата-1 (1600 МВт белгіленген қуаттылығы бар). Сырдария өзенінің төменгі өңіріндегі Қазақстан жоғары жағындағы елдердің (Тәжікстан мен Қырғызстандағы) су нысандарын қолдану режимін алмастырғаны үшін зор алаңдаушылық танытады. Тәуелсіздіктен кейін Тәжікстан мен Қырғызстан су қоймаларын пайдалануды су режимінен энергетикалық режимге алмастырған еді. Электр қуатын өндірудің жетіспеушілігін – әсіресе, қыс мезгілінде – бастан кешірген бұл елдер қыс мезгілінде аса қажет электр қуатын өндіру үшін жиналған судан бөліп алу арқылы жазда көп су жинап алуға шешім қабылдаған болатын.

Мысалы, Қырғызстан жылы жаз күндерінде орташа есеппен 22-23 млн кВт/сағ электр қуатын, суық қыс күндерінде 70 млн кВт/сағ электр қуатын қолданады («Поставки газа из Узбекистана», 2014). Энергетикалық секторларды басқарудың тиімді аймақтық механизмі жоқ кезде қазақстандық билік үшін өзіне қажетті суға қолжетімділікті қанымдаудың ең сенімді жолы – көрші Қырғызстаннан электр қуатын сатып алу. Аталмыш стратегияның мәні – Қазақстанға су қажет болғанда, билік электр қуатын – ал ол су қоймаларынан су түсіру жолымен өндірілетін болады – Қырғызстаннан импорттау туралы қосымша келісім жасайды. Ол су өз кезегінде ағыстың төмен жағында орналасқан Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне жететін болады. Қазақстан 2010 жылға дейін электр қуатының нетто-экспорттаушысы болған. Алайда 2013 жылы үрдіс өзгеріп, Қазақстан елде өндірілетін электр қуатынан артық мөлшердегі электр қуатын тұтына бастады (Kazakhstan Electric Power, 2017). Климаттың өзгерісі аймақтағы су қорларының көлемі мен олардың бөлісіне кері әсер ететін болады деген болжам бар. Аталмыш мәселе Қазақстанның осал тұсы болғандықтан және ел оның шешімінде жоғары жақтағы елдерге тәуелді болғандықтан, билік электр энергетикалық сектордағы экспорттық-импорттық қатынастарды алға жылжыту арқылы Орталық Азиядағы су саясатын қалыптастыру ісіне белсенді түрде қатысуға тиіс.

- *Аймақтың энергетикалық динамикасына белсенді қатысу*

Қазақстан қазірдің өзінде аймақтағы су-энергетикалық қатынастардың маңызды ойыншысы болып саналады. Жаңа стратегия ағымдағы өзара қатынастарды одан ары нығайтуға бағытталуға тиіс. Қазақстан Қырғызстанға 2014 жылы Жамбыл ЖЭС-да өндірілген 1,4 млрд кВт/сағ электр қуатын экспортқа шығаруға келісті. Бұл электр энергиясы 2014 жылы 330 миллион текше метр импортталған өзбек газынан өндірілген еді, ал оны өз кезінде Ресей газ компаниясы Газпром жеткізген болатын («Газпром будет поставлять...», 2014). Аталмыш механизм бүгінгі таңда да жұмыс істеп тұр. 2017 жылы Қырғызстан үкіметі өзбек әріптестерімен бірге электр қуатын Өзбекстанға экспорттау бойынша келісімге қол қойды. Өзбекстандағы жаңа үкімет Орталық Азия энергетикалық секторындағы аймақшiлiк ынтымақтастықты жолға қою ісіне ерекше көңіл бөледі. Қырғызстан мен Өзбекстан жылына 1,25 млрд кВт/ сағ көлемдегі қырғыз электр қуатын Өзбекстанға экспорттау туралы келісімге қол қойды (Улитина, 2017: 5). Бұл жайт Қырғызстанда қыс мезгілінде қажетті қазақ электр қуатына сұранысты өсіретін болады. Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев түркімен электр қуатының Қырғызстан мен Қазақстанға өзбек электр тасымал-жолдары арқылы жеткізілуіне де келісімін берді («В Узбекистане начался...», 2017). Қырғызстанның бұрынғы президенті Алмазбек Атамбаевтың 2017 жылдың 6 қазанында Өзбекстанға жасаған соңғы сапары кезінде екі жақ «Қамбарата-1» ГЭС жобасы бойынша ынтымақтастық туралы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды («Узбекистан приступил к проектированию...», 2017). Бұл жоба бойынша шешім – су-энергетикалық келіспеушіліктерді реттеу мәселесіндегі маңызды қадам. Қамбарата-1 бұған дейін аймақтағы ең даулы гидроэнергетикалық жобалардың бірі болатын. 2000-жылдарда ортаазиялық үкіметтердің негізінен аймақтық энергетикалық ынтымақтастықты ескермей, ең алдымен алысқа бара алмайтын ұлттық энергетикалық саясатқа көңіл бөлгеніне қарамастан, сараптама қысқа және орта мерзімдік перспективада аймақта энергетикалық байланыстарды қалыпқа келтіру энергетикалық қауіпсіздікті нығайтып, су қорларының сенімді бөлісін қамтамасыз ететіндігін көрсетеді.

Аймақтандыру стратегиясының энергетикалық сектордағы басымдылықтары

Бірыңғай ортаазиялық энергетикалық жүйе шеңберіндегі бір-бірінің беделін түсіруді көздеген қатынастар көмірсутекті қорларды ұтымсыз қолдануға әкеліп соқты да, мұнай мен газ өңдеу қуаттылықтарының тиімділігін әлсіретіп жіберді. Қазақстан алға жылжитқан Ортаазиялық энергетикалық ынтымақтастық өз кезегінде электр қуаты саудасын қалыпқа келтіріп қана қоймай, аймақтағы энергетикалық кешендердің нашар дамыған буындарын пайдалану үшін қолайлы шарттар тудыратын болады.

- Қазақстан өзінің энергетикалық стратегиясында елдің оңтүстік өңірлеріне газ жеткізуге ерекше көңіл бөліп, аймақтың ағымдағы газ өңдеу қуатын өз мүддесіне пайдаланып, Орта Азияға қосылған құнды газ өнімдерін өткізетін нарық ретінде қарауға тиіс.
- Қазақстандық билік өзбектің мұнай өңдеу зауыттарын өзінің шикі мұнайын өңдеу үшін пайдалануға және одан соң өнімнің ішкі нарыққа да, ортаазиялық нарыққа да жеткізілуіне көңіл бөлуге тиіс. Қазақ-өзбек біріккен кәсіпорынында өңделген мұнай өнімдері Орталық Азия елдерінің нарығына жеткізілетін болады және сол арқылы аймақтағы энергетикалық қауіпсіздікті арттырып, Қазақстан мен Өзбекстанның бюджетіне қосымша кірістер әкелетін болады.

- Қазақстан қазірдің өзінде су-энергетикалық саясаттың маңызды қатысушысы болып табылады, әйтсе де ол өзінің орнын, ұстанымын нығайта түсуге тиіс. Ағыстың жоғары жағындағы елдермен электр энергиясының саудасын қалыпқа келтіріп, оның көлемін өсіру ирригациялық қажеттіліктер үшін суға қолжетімділікті қамтамасыз етіп, елдегі тұтынудың жалпы теңгеріміндегі экологиялық таза энергияның үлесін арттыратын болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Asian Development Bank. 2012. “Technical Assistance Consultant. *Central Asia Regional Economic Co-operation: Power Sector Regional Master Plan*”. Metro Manila: Asian Development Bank, Report no. 43549. <http://adb.org/sites/default/files/projdocs/2010/43549-01-reg-tar.pdf>.

British Petroleum. BP Statistical Review of World Energy June 2017. <https://www.bp.com/content/dam/bp/en/corporate/pdf/energy-economics/statistical-review-2017/bp-statistical-review-of-world-energy-2017-full-report.pdf>.

EITI. 2015. “The 11th National Report: On Implementation of the Extractive Industry Transparency Initiative in the Republic of Kazakhstan for 2015.” EITI, 2015. https://eiti.org/sites/default/files/documents/national_reports_fot_eiti_2015_eng.pdf.

Fredholm, Michael. “Natural Gas: An Expensive Trickle.” *Transitions Online*, April 10, 2008. <http://www.tol.org/client/article/19509-an-expensive-trickle.html?print>.

Kalyuzhnov, Andrei. 2000. “Caspian Area Refineries Struggle to Overcome Soviet Legacy”. *Oil and Gas Journal*. <http://www.ogj.com/articles/print/volume-98/issue-34/special-report/caspian-area-refineries-struggle-to-overcome-soviet-legacy.html>.

Kochnakyan, Artur, Sunil Kumar Khosla, Iskander Buranov, Kathrin Hofer, Denzel Hankinson and, Joshua Finn. 2013. “Uzbekistan Energy/Power Sector Issues Note.” *International Bank for Reconstruction and Development / The World Bank*.

“Kazakhstan - Electric Power.” Kazakhstan Country Commercial Guide, September 13, 2017. <https://www.export.gov/article?id=Kazakhstan-Electrical-Power-Generation>.

Kazenergy. 2016. “The National Energy Report 2015.” *Kazenergy*. http://www.kazenergy.com/images/NationalReport15_English.pdf.

KazMunayGas. N.d. “Transport Infrastructure Projects.” *KazMunayGas website*. Accessed January 5, 2016. <http://www.kmg.kz/en/manufacturing/gas/projects/>.

Marketos, Thrassy N. 2009. China’s Energy Geopolitics: *The Shanghai Cooperation Organization and Central Asia* (Abingdon, Oxon: Routledge).

IPCC. Climate change 2014. *Impacts, Adaptation and Vulnerability. Contribution of Working Group II to the Fifth Assessment Report of the Intergovernmental Panel on Climate Change*. Chapter 24. 2014.

“Russian Gas Transit to China Through Kazakhstan is Less Viable—Expert.” *ITAR-TASS News Agency*, March 24, 2015. <http://tass.ru/en/economy/784580>.

Shaffer, Brenda. 2009. *Energy Politics*. Philadelphia: University of Pennsylvania Press.

Sorbello, Paolo. “Fuel Crisis Exposes Kazakhstan’s Energy Contradictions.” *The Diplomat*, October 23, 2017. <https://thediplomat.com/2017/10/fuel-crisis-exposes-kazakhstans-energy-contradictions/>.

«Узбекистан начал активное сотрудничество с соседними странами». *Uznews*, 10 Июля 2017. <http://uznews.uz/article/6017>.

«Узбекистан приступил к проектированию одной из крупнейшей ГЭС в Центральной Азии». *Спутник*, 13 ноября 2017.

<http://ru.sputnik-tj.com/asia/20171113/1023867265/uzbekistan-pristu-pil-proektirovaniyu-odnoy-ikrupneyshih-ges-centralnaya-aziya.html>.

Узбекнефтегаз. «История нефтегазовой отрасли Узбекистана». 2015. Полученный доступ 19 июня 2016. <http://www.ung.uz/ru/about/history>.

Узбекнефтегаз. «Ключевые показатели». Ташкент: Ung.uz, 2014. <http://www.ung.uz/ru/business/indicators>.

“Unlocking Region’s Enormous Potential in Today’s Economic Realities.” 2017. *4th International Annual Conference, Post-Conference Report 2016*. <http://www.globuc.com/wp-content/uploads/2017/02/Downstream-Central-Asia-2016-Post-Conference-Report-ENG.pdf>.

Uzinfoinvest. N.d. “Oil and Gas Sector.” http://www.uzinfoinvest.uz/eng/investment_opportunities/by_industry/oil_and_gas_sector/.

“Uzbek Gas Supplies to Southern Kyrgyzstan Resumed.” *The Times of Central Asia*, December 31, 2014. <http://www.timesca.com/news/14814-uzbek-gas-supplies-to-southern-kyrgyzstan-resumed>.

Vivoda, Vlado. 2009. “Diversification of Oil Import Sources and Energy Security: A Key Strategy or an Elusive Objective?” *Energy Policy* 37.

Елемесов Марат. «Казахстан удовлетворит потребности собственной нефти от своих собственных ресурсов к 2018». *Liter*, 17 февраля 2017. https://liter.kz/mobile/ru/articles/show/29284-k_2018_godu_kazahstan_gotovitsya_obespechit_sebya_benzinom_na_100_.

«Газпром будет поставлять дополнительные 330 млн кубометров газа в Кыргызстан». *TREND*, 27 октября 2014. <http://www.trend.az/casia/kyrgyzstan/2326511.html>.

Карыбеков Эрнест. «Общенациональные плюсы электрификации. Потребность стран Центральной Азии: новая модель объединенной энергосистемы». *Centralasia.ru*, 3 июня 2012. <http://www.centra-sia.ru/newsA.php?st=1338670560>

«Казахский нефтепровод поможет Узбекистану увеличить топливный выпуск бензина». *Anhor.uz*, 27 марта 2017. <http://anhor.uz/society/10481>.

«Президент Узбекистана о визите в Казахстан» (Prezident Uzbekistana o Vizite v Kazaxstan). 20 марта 2017. http://www.inform.kz/ru/prezident-uzbekistana-o-vizite-v-kazahstan-narodynashih-gosu-darstv-mnogogo-zhdut-ot-etoy-vstrechi_a3009595.

Правительство Республики Казахстан. «Концепция развития газового сектора Республики Казахстан до 2030 года». *Online.zakon.kz*, 5 декабря 2014.

http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31641775.

«Роль Узбекистана в энергетике Центральной Азии может перейти к Казахстану». *Anhor.uz*, 27 июля 2017. <http://anhor.uz/events/roly-uzbekistana-v-energetike-centralynoy-azii-mozhet-pereyti-k-ka-zahstanu>.

Червинский Олег. «Как Астана планировала искать Кашаган на суше». *Ratel*, 20 февраля 2017.
http://www.ratel.kz/outlook/kak_astana_planirovala_iskat_vtoroj_kashagan_na_sushe#comments.

Улитина Екатерина. «Кыргызстан начал экспортировать электричество в Узбекистан». 2017. <http://www.kp.kg/online/news/2799944/>.

6-ТАРАУ. ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ СУ ҚОРЛАРЫН РЕТТЕУ: ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Фарход Аминжонов

Негізгі сұрақтар:

- *XXI ғасырдағы климаттың өзгеруі туралы қарастырылатын еңбектердің барлығында Қазақстанның температураның көтерілуіне осалдық танытатындығы тілге тиек етіледі. Қазақстандық билік ел үшін ықтимал жағымсыз салдарды жеңілдету мақсатында барлық ортаазиялық елдердің бірлескен күшімен алдын алу шараларын дайындауға тиіс.*
- *Бұған дейін Орталық Азияда трансшекаралық су қорларын реттеу мен бөлудің аймақтық механизмі жасалған жоқ. Ағыстың төмен жағындағы елдер климаттың жылынуының салдарынан су жетіспеушілігі орын алған жағдайда серіктестердің су қорларын бөлісуге қатысты квоталар мен келісімдерді сақтайтындығына ешқандай кепілдіктің жоқтығына алаңдайды. Ағыстың жоғары жағындағы елдерден электр қуатын импорттауды ағыстың төмен жағында орналасқан Қазақстанның ирригациялық қажеттіліктеріне жеткілікті судың тұрақты әрі сенімді болуына кепілдік беретін механизм ретінде қарастыруға кеңес береміз.*
- *Шардара бөгеті жарылысының Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысы үшін орын алатын ықтимал салдарына жеткілікті назар аударып, төтенше ахуал туған жағдайда ағыстың төмен жағында орналасқан Өзбекстанмен бірге Шардара су қоймасының су қорларын реттеуді жолға қоюға мүмкіндік беретін механизм дайындау қажет.*
- *Өзбек және қазақ билігі Көкарал бөгеті мен жалпы Солтүстік Арал теңізі кеңейту ісінде күш біріктіруге; Әмудария өзенінің суын құмға сіңіп кететін жерге жеткенше ирригациялық арықтар арқылы Солтүстік Аралға дейін бағыттауға; сонымен қатар Арал теңізі құрғауының салдарын жеңілдету мақсатында дағдарысқа қарсы біріккен саясат дайындауға тиіс.*

Алғы сөз

Орта Азия елдерімен шекараласып жатқан Қазақстанның екі облысын мекен ететін халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрмыс-тіршілігі жер беті суларының жеткілікті және трансшекаралық су нысандарындағы гидрологиялық режимдердің тұрақты болуына тікелей байланысты. Өкінішке қарай Қазақстан Сырдария бассейніне қарасты трансшекаралық төрт елдің бірі ғана бола отырып, трансшекаралық су нысандарына – Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысындағы Сырдария өзені және Қызылорда облысындағы Сырдария өзені мен Арал теңізіне – толық бақылау жүргізе алмайды. Қазақстан климаттың өзгерісіне тым осалдық танытады. Бұл өңірлердегі климаттың өзгерісі салдарынан су қорларының қысқаруы халықтың аууына және экономикалық дағдарысқа әкеліп соғуы мүмкін. Климаттың өзгерісі мен су қорларын тиімсіз басқару судың өңірдегі бөлісіне кері әсер ететіндіктен, трансшекаралық су нысандарына тәуелді Оңтүстік Қазақстан облысы мен Қызылорда ондай ауыртпашылыққа алдымен ұшырайды. Осы тараудағы сараптама трансшекаралық су қорларын басқарудағы бір жақты саясат Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде су жетіспеушілігіне қатысты қауіпті ұтымды түрде шеше алмайтындығын көрсетеді. Бұл тарау Қазақстанның Орталық

Азиядағы аймақтандыру стратегиясының үкіметтің күн тәртібіндегі мәселелерінің қатарына еруге тиіс үш негізгі қырын қарастырады: 1. Климат өзгерісінің салдарынан трансшекаралық су нысандарындағы жер беті сулары көлемінің азаю мәселесі; 2. Шардара бөгетінің бұзылуынан болатын ірі тасқындар қаупі; 3. Арал теңізін құтқару бастамасының келесі кезеңінің мақсаттарына жету жолындағы шаралар.

Климат өзгерісінен туындаған су қорларының азаюына қатысты Қазақстанның осал тұсы

Өткен ғасыр бойында орын алған климат өзгерісі Қазақстанға салмақты әсер тигізді. Ауа температурасының көтерілуі 1910 жылдан бастап Қазақстан үшін 1,37°C құраса, Климат өзгерісін зерттейтін үкіметаралық сарапшылар тобының бесінші есептемесі бойынша жаһандық орташа жылыну 0,85°C құраған (Kazhydromet, 2014: 55). Ауа райының өзгерісіне байланысты болжамдар ондай үрдістің ары қарай жалғаса беретіндігін көрсетеді. XXI ғасырдағы ауа райының өзгерісіне қатысты қарастырылған барлық сценарийлер бойынша Қазақстанда температура салмақты деңгейге көтерілетіндігі күтілуде. XXI ғасырдың соңына қарай Қазақстан аумағында күтілетін жылыну B1 сценарийі бойынша 2,7°C, A1B сценарийі бойынша 4,1°C және A2 сценарийі бойынша 4,7°C құрайтын болады (Долгих, Смирнова и Сабитаева, 2006: 7-20).



1-сурет. XXI ғасырдағы Қазақстан аумағындағы болжалды климат өзгерісі
Дереккөз: “Kazhydromet”, 2014.

Елде қолданылатын су теңгерімінің 98 % өзен ағымына тиесілі болғандықтан, билік басындағылар судың ықтимал жетіспеушілігіне қатысты мәселеде басты назарды жер беті су қорларына бөледі. Ал жер беті су қорлары ауа райы өзгерісінің ықпалына ұшырауға душар келеді. Климат өзгерісінің әсері қазірдің өзінде экожүйенің тұрақтылығында, ауыл шаруашылығында және энергетика саласында көрініс тауып отыр. «Температураның жаһандық масштабта 4°C көтерілуі су қорларының азаюына әкеліп соғып, суғарғыш суға сұранысты шамамен 30 пайызға өсіреді. Орталық Азиядағы мұздықтар қазірдің өзінде XX ғасырдың басындағы көлемінің үштен біріне дейін қысқарған. Олардың көлемі температура 2°C көтерілген жағдайда 50 пайызға, ал жаһандық жылыну 4°C көтерілсе, мүмкін тіпті 78 пайызға қысқарады деген болжам бар», - дейді Орта Азия Аймақтық экологиялық орталықтың атқарушы директоры Искандер Абдуллаев (Climate change of Central Asia, 2018).

Климат өзгерісінің қысқа мерзімдік оң әсері

Мұздықтардың жылдам еруіне әкеліп соқтырып, өзендердегі су көлемін арттырып отырған климат өзгерісінің оң әсері ауыл шаруашылығын, өнеркәсіптік секторды және аймақтағы

тұрғындарды тіршілікке қажетті сумен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етіп отыр. Ауа райы өзгерісінің әзірше көбінесе оң салдары көрініп отырғандықтан, билік баяғыда өтіп кеткен оқиғаларға – соның ішінде Орталық Азия аумағында климаттың өзгеруінің салдарынан қоршаған ортада орын алып жатқан салыстырмалы түрде кішірек көлемдегі қауіпті табиғи құбылыстарға да – көңіл бөлу саясатын жүргізуде. Егер де үлкен көлемдегі дағдарыстық ахуал орын алатын болса, биліктің ондай саясаты адам өлімі тұрғысынан да, қираған жайылымдар мен бұзылған экожүйе және т.б. мәселелерде де тым қымбатқа түсуі мүмкін. Ауа райы өзгерісінің әлеуметтік-экономикалық даму мен климат өзгерісіне қатты ұшырағыш өңірлерді мекен ететін халықтың тұрмыс-тіршілігіне тигізер ықтимал әсерін жұмсарту мақсатында ортаазиялық мемлекеттер алдын алу шараларын дайындап, оларды белсенді түрде жүзеге асыруға тиіс.

Климат өзгерісінің жалпы алғанда Орталық Азия аймағы, соның ішінде Қазақстан үшін де оң салдары да, теріс салдары да бар. Ауа райы өзгерісінің оң әсерлері: а) суық айлар кезінде (қараша-наурыз) температураның көтерілуі; ә) вегетациялық кезеңнің ұзақтығының артуы; б) мұздықтардың жылдам еруінің нәтижесінде өзендер суының көбеюі. Ауа райының өзгерісі климаттық зоналарды солтүстікке қарай аздап жылжитса да, елдегі егістік жерлер ауыл шаруашылығын жүргізу үшін әлі де жарамды. Алайда ғалымдардың жорамалы расқа шықса, климат өзгерісінің бір қарағанда оң әсер секілді көрініп тұрған салдары төмендегідей салмақты проблемаларға әкеліп соқтыруы мүмкін: а) гидрологиялық циклдің өзгеруі және қалыптан ауытқыған суық қыс мезгілі; б) қуаңшылық; в) жаз мезгіліндегі жауын-шашын көлемінің – әсіресе, оңтүстік өңірлердегі – азаюы және т.б. (ИОМ, 2016: 4). Ең бастысы, ауа райының өзгеруі Қазақстанның оңтүстік облыстарының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрмыс-тіршілігі қатты бағынышты су жетіспеушілігіне соқтырып отыр. Ауа райы өзгерісінің салдарынан туындаған қауіп-қатерлерді зерттеу жергілікті және орталық биліктердің жоғарыда атап өтілген қауіптерге осал аумақтарға қолдау көрсетуге ұмтылысын жоғарлатады.

Қазақстан үкіметі Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың 2015–2040 жылдарға арналған бас схемасын дайындаған. Онда Қазақстандағы қоршаған ортаның келешек өзгерістеріне қатысты барлық болжамдар ағымдағы көрсеткіштерге (су ресурстарының деңгейі, судың ағып кету құбылысының көлемі, алынатын су көлемі, ирригациялық инфрақұрылымның күйі және т.б.) негізделген. Ауа райы өзгерісінің Қазақстан үшін ықтимал салдарының алдын алу немесе жеңілдету мақсатындағы шаралар үшін қажетті сараптама Сырдария өзені бассейнінің бойында орналасқан аймақтағы барлық елдердің деректерді жинап, оларға талдау жасауда күш біріктіруін талап етеді.

Траншекаралық су қорларының азаюына осалдық

Қазақстандық билік елдің оңтүстік өңірлері үшін басты су көзі болып табылатын Сырдария өзені ағысының гидрологиялық циклін толығымен бақылауда ұстай алмайтындықтан, трансшекаралық су ресурстарын басқару механизмінің жоқтығынан қатты алаңдайды. Ондай механизм ең бастысы ұзақ мерзімдік перспективада жер беті су ресурстарының ауа райының өзгеруіне қатысты осал қасиетін есте сақтай отырып, тек қана су мол жылдарда емес, сондай-ақ құрғақшылық жылдарда да су ағысы өзгерісінің динамикасын ескеруге тиіс.

Өткен ғасырдың екінші жартысы бойына Қазақстандағы өзен суларының ағысы мен су қоймаларының көлемі климаттың өзгерісі мен антропогендік фактор салдарынан айтулы өзгерістерге ұшырады. Елдегі өзен ағымының көлемі 1950-жылдарда 126 текше

километрді құраған болса, 1990-жылдарда ол деңгей 100 текше километрге дейін қысқарған. Қазақстан су теңгерімінің бүтін 45 пайызы көршілес Қытай, Өзбекстан, Ресей және Қырғызстан аумақтарында құралады. Ғалымдар су ағымының одан ары азаятындығын (2030 жылға қарай жылына 72,4 текше км) және суға сұраныстың артып, жылына 88-90 текше километрге жететіндігін болжауда (Lee and Popova, 2008: 27-46). Аталмыш проблема елдегі басқа өңірлерге қарағанда, трансшекаралық су ресурстарына тәуелді Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің ең осал тұсы екендігін айта кету керек. Сырдария бассейнінің су ресурстарына қатысты ахуал, әсіресе, Оңтүстік Қазақстан облысы мен Қызылорда үшін ерекше маңызды.

Сырдария бассейнінің жер беті суларының ресурстары табиғи шарттар аясында шамамен 26 текше км құрайды. Оның 3,5 текше км Қазақстан аумағында, 22,6 текше км көрші елдер аумағында құралады. (Ұлттық атлас, 2010). Судың төрттен үш бөлігі (74 %) Қырғызстанда, 14 % Өзбекстанда, 3 % Тәжікстанда болса, небәрі 9 % Қазақстанның еншісінде. Қазақстан аумағындағы Арыс өзенінің саласына жасалған талдау оның 2007 жылдан бері азаю үрдісінде екендігін көрсетеді. Су ресурстарын құрайтын сыбағаның ең үлкен бөлігі тиесілі болып келетін мұздықтардың жылдам еруі жоғары ағыс елдерінің суды пайдалану көлемінің өсу қаупімен біріккенде небәрі 20 жылдан кейін-ақ Оңтүстік Қазақстан облысы үшін су ағымының 20-30 пайыздық дефицитіне алып келуі мүмкін. Қызылорда – Сырдария өзенінің бойындағы соңғы елді мекен. Миграция бойынша халықаралық ұйымның зерттеу тобының сараптамасына сай бұл өңір қазірдің өзінде қоршаған орта факторлары (тұтынылатын су көлемі) мен аймақаралық миграцияның кері теңгерімінің үлкен арақатынасын көрсетіп отыр (ИОМ, 2016: 52).

1-кесте. Орташа көпжылдық су ағымы

Облыс	Орташа көпжылдық су ағымы км ³ /жылына			1 шаршы км шаққандағы орташа көпжылдық су ағымы, мың м ³ /жылына		Жан басына шаққандағы орташа көпжылдық су ағымы, мың м ³ /жылына	
	Жергілікті	Сырттан	Барлығы	Жергілікті	Барлығы	Жергілікті	Барлығы
Қызылорда	0,11	8,12”	8,23	0,49	36,49	0,18	13,80
Оңтүстік Қазақстан	3,34	14,58”	17,92	28,49	152,83	1,69	9,05
Қазақстан							
Қазақстан жалпы алғанда	57,56	44,70”	102,26	21,13	37,53	3,85	6,84

Дереккөз: Қазақстан Республикасының ұлттық атласы. 1-том: «Табиғи шарттар мен ресурстар». - Алматы, 2010. - 150 б.

1-кестеде көрсетілгендей, Қазақстанның оңтүстік өңірлері – ауа райы өзгерісінің немесе трансшекаралық су ресурстарын ұтымсыз басқарудың салдарынан болсын – судың ықтимал жетіспеушілігіне тым осалдық танытады. Ахуал уақыт өткен сайын нашарлап келеді. Мысалы, 2016 жылы вегетациялық кезеңде Шардара су қоймасынан алынатын су судың 2,84 текше километр дефицитінен жоспарланған көлемнің (11,65 текше километр) 76 % (8,82 текше километр) ғана құраған (ICWC, 2016: 2). Аймақтағы төменгі және жоғарғы ағыс елдері арасындағы басты қайшылықтар шешілмесе, болашақта Сырдария өзеніндегі су ағымының деңгейі кемігенде су үшін жанжалдан қашып құтыла алмайтын боламыз. Аймақтағы трансшекаралық су ресурстарын пайдаланудағы басымдылықтар Орталық Азия елдерінің мәртебесімен анықталады. Ал бұл басымдылықтар өзара үйлеспей тұрған шақта төменде атап көрсетілген даулы тұстарға көңіл бөле отырып, жақсы ойластырылған аймақтық саясат аймақтағы суға қатысты қайшылықтарды шешудің басты құралы бола алады.

Қазақстанның Орталық Азиядағы аймақтандыру стратегиясы электр энергетикалық сектордағы экспорттық-импорттық қарым-қатынастарды Қазақстанның ирригациялық мұқтаждықтарына қажетті тұрақты әрі жеткілікті су ағымын қамтамасыз ететін механизм ретінде қолдануға тиіс. Төмен жақтың елдері ирригациялық мұқтаждықтарға қосымша су ресурстарын қажет еткен жағдайда қазақ және өзбек биліктері әр жолы ағыстың жоғары жағында орналасқан Тәжікстан мен Қырғызстаннан су электр қуатын импорттайтын болады. Ал ағыстың жоғары жағындағы елдер өз кезегінде су қоймаларынан көбірек су түсіріп, Қазақстан мен Өзбекстанды қажетті сумен қанымдап, су электр қуатын өндіретін болады. Ағыстың төмен жағында орналасқан мемлекеттер қыстың суық айларында жылу электр қуаты жоғары жақ елдері сатып алуға дайын көлемде жеткізіліп тұратындығына кепілдік берген жағдайда ғана Тәжікстан мен Қырғызстан өздерінің су қоймаларындағы судың деңгейін кемітуге келісетін болады. Сөйтіп энергия саудасы судың төмен жағындағы елдер Қазақстан мен Өзбекстанды тұрақты сумен қамтамасыз етеді. Алайда ондай тәсіл Сырдария өзенінің су ағымын бөлісетін барлық мемлекеттердің су және энергетикалық саясатын үйлестіруді талап етеді.

2-кесте. Орталық Азияда су ресурстарын басқару мәселелеріндегі басты қайшылықтар

		ҚЗ	ҚР	ТЖ	ТМ	ӨЗ
Су пайдаланудағы басымдылық	Электр қуатын өндіру		X	X		
	Ирригация	X			X	X
Су қорларын алмасу режимі	Монетизация	X	X	X		
	Бартер (статус-кво)				X	X
Су түсіру режимі	Энергетикалық		X	X		
	Ирригациялық	X			X	X
Су қорларын бөлудің өлшемшарттары	Жан басына шаққанда					X
	Статус-кво	X	X	X	X	

Квоталар режимі	Қайта қарау		X	X		
	Статус-кво	X			X	X
Су сақтау үшін өтемақы	Қайта қарау		X	X		
	Статус-кво	X			X	X

Дереккөз: Victor Jensen, “Hydroelectric Dams and Conflict in Central Asia,” Central Asia Regional Data Review 1, no. 1, September 2009.

Шардара бөгетінің бұзылу қауіптері

Сырдария өзені мен оның салаларындағы Тоқтоғұл, Қайрақұм және Андижан су қоймалары сияқты барлық негізгі су нысандары ең басында ирригациялық режимдегі жұмыс үшін – ағыстың төмен жағында орналасқан елдерді жеткілікті сумен қанымдау мақсатында – салынған болатын. 2000-жылдарда Қырғызстан мен Тәжікстан өздері электр қуатын ең қажет еткен шақта, яғни қыс мезгілінде өндіруге басты басымдылық беріп, аталмыш нысандарды энергетикалық режимде басқара бастады. Бөгеттерден түсірілген суды қыста ирригациялық мақсаттарға көп мөлшерде пайдалану немесе өз су қоймаларында жинау мүмкіндігі жоқ ағыстың төмен жағында орналасқан ортаазиялық елдер, әсіресе Қазақстан, аталмыш саясаттың кері салдарын көре бастады, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысы мен Қызылордада жиі орын алған тасқындарды да атауға болады.


Сырдария өзеніндегі су шығынының режимі Шардара су қоймасы мен 2010 жылы пайдалануға берілген Көксарай қарсы реттеуші су қоймасы арқылы ретке келтіріледі. Іске қосылған соң Көксарай қарсы реттеушісі Қырғызстанда орналасқан Тоқтоғұл және Тәжікстанда орналасқан Қарақұм су қоймаларынан шығатын судың қысқы өткізілімінен көлем жинай бастады. Сөйтіп қарсы реттеуші бөгеттің ықтимал бұзылуының алдын алу мақсатында 1965 жылы салынған, жалпы көлемі 5 текше км болатын Шардара су қоймасындағы судың деңгейін реттеуге көшті.

Алайда бұл қарсы реттеушінің жалпы қуаттылығы 2,5 текше километрді құрайды. Ондай көлеммен Көксарай Шардара су қоймасынан түсетін суды тек су аз жылдары немесе судың молдығы қалыптан аспаған кезде ғана қабылдай алады. Мол сулы жылдары Көксарай қарсы реттеушісінің көлемі Шардара су қоймасындағы су ағынының салмағын реттеу үшін жеткіліксіз болуы және ол жайттың бөгеттің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін (European Commission for Energy, 2011: 15). Нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының зор аумағын су алып кету қаупі бар. Сарапшылардың ойынша, егер де 1969 жылғы су деңгейінің көтерілуі секілді оқиға орын алатын болса, Шардара төтеп бере алмай қалады. 2012 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында қардың еруі салдарынан орын алған орасан су тасқыны ондай қауіптің нақты екендігіне дәлел бола алады (UNDP, 2018).

Дағдарыстық ахуалдан Қазақстан билігі Шардара су қоймасының су деңгейін мол сулы жылдары бірлесіп реттеу механизмін дайындап жасаған жағдайда ғана құтылуға болады. Шардара су қоймасында орналасқан жалпы су түсіру қуаттылығы 200 текше м/с болатын Арнасай гидроторабы Арнасай су қоймасына судың құйылып тұруын қамтамасыз етеді, бұл жайт бөгеттің бұзылу қаупінің азаюына мүмкіндік береді (Kozhakhmetov and

Nikiforova, 2016: 21). Әзірше Шардара су қоймасынан түсетін суды реттеу туралы бастау ғана келісім бар. Қазақстанның Орталық Азияда аймақтандыру стратегиясы сонымен қатар төтенше жағдайлар кезінде көрші Өзбек елімен қажетті саясатты үйлестіретін механизм даярлауды да қарастыруға тиіс, мұнда дер кезінде ақпарат алмасу, су түсіруді үйлестіру, тұрғындарды қауіпсіз елді мекендерге көшірудің ықтималдығы және қосымша қорғаныс нысандарын салуды атауға болады.

2-сурет. Шардара бөгеті бұзылуының салдары



Дереккөз: Рябцев Анатолий, «Безопасность гидротехнических сооружений на примере гидротехнического комплекса Шардара», Казгидроводхоз, 2015, www.carawan-net.org.

Арал теңізінің проблемасын шешу

Қызылорда облысы Сырдария өзенінің бойымен төмендегенде соңғы әрі басқа өңірлерге қарағанда, Арал теңізі тартылуының зардабын ең көп көрген елді мекен болып табылады. Арал теңізінің аумағы кері әсері жаһандық деңгейде қарастырылатын экологиялық дағдарыс аймағына енгізілген. Қоршаған орта шарттары шындап көңіл бөлуді талап етеді деп баға берілгеніне қарамастан, аталмыш өңір құрғап кеткен Арал теңізінің маңайында жатқан белгілі бір елді мекендерді қоспағанда әлеуметтік-экономикалық іс-әрекет жүргізу үшін тым жарамсыз емес. Аралдың Қазақстан аумағындағы проблемасын шешу бойынша қолданылған шаралар адамдардың тұрмыс-тіршілігіне оң әсерін тигізіп те үлгерді. Әйтсе де Қазақстан аумағында жатқан Солтүстік Аралды құтқару бастамасының екінші кезеңі көршілес ортаазиялық елдермен күш біріктіруді талап ететін болады.

Өткен 50 жыл бойы Сырдария және Әмудария өзендерінен суды ирригациялық мақсатта қарқынды түрде алу судың тым азаюына және Арал теңізінің тартылуына әкеліп соқты. Оның көлемі 1083 текше километрден 20 текше километрге дейін қысқарған. Сол уақыт

ішінде теңіз бетінің ауданы 68900 шаршы километрден 28000 шаршы километрге қысқарған (Mambra, 2017). 1989 жылдың басына қарай теңіз деңгейі 40,0 абс. метр көлеміндегі дағдарыстық белгіге дейін түсіп кеткен. Нәтижесінде теңіз екі бөлікке бөлінді. Үлкен Арал теңізі Өзбекстан аумағында, Кіші немесе Солтүстік Арал теңізі Қазақстан аумағында қалды. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасы Арал теңізінің төңірегінде экологиялық және әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсартуға бағытталған нақты істерді жүзеге асырды. Жоба нәтижелерінің бірі 2005 жылы Көкарал бөгетінің (3-сурет) салынуы болды. Теңіз деңгейін 42 абсолюттік метрге көтеру жоспары 2006 жылы орындалды (Lee, 2013).

3-сурет. Көкарал бөгеті



Фото: Фарход Аминжонов

Сырдария өзенін реттеуге және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалуға арналған аталмыш жобаның нәтижесінде су деңгейі көтеріліп, Аралға балық аулау кәсібін қайтаруға мүмкіншілік туды. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының екінші кезеңі Солтүстік Арал теңізінің көлемін көтеруді 59 текше километрге дейін жеткізуді көздейді. Ол су деңгейін екі есеге көбейтіп, теңіз бетін бұрынғы көлемінің 1/3 дейін үлкейтеді (Lee, 2018). Әйтсе де бұл мақсаттарға қол жеткізу трансшекаралық Сырдария өзенін бөлісетін барлық елдерден су ресурстарын үйлестірілген түрде басқаруды талап етеді. Орта Азияда аймақтандырудың қазақстандық стратегиясының бір қыры Арал теңізіне құйылып тұрған келесі ірі өзеннің суын пайдалануға бағытталуға тиіс. Әмудария өзені Арал теңізі суының негізгі көзі болатын (жалпы өзен суы ағымының 60 пайызы). Бірақ Өзбекстан аумағы арқылы өтетін өзен бүгінгі таңда өз бетімен тіпті Үлкен Аралды да толтыра алмайды. Төмен жақтағы елдер қазірдің өзінде судың жетіспеушілігін сезінуде. Бұл теңізге жететін судың көлемі барған

сайын азая береді деген сөз. Әмудария бассейні елдерінің ауыл шаруашылық секторында су дефициті 2016 жылы 4,3 текше км құраған (ICWC, 2016: 6). Оның сыртында Өзбекстан ХАҚҚ (Халықаралық Аралды құтқару қоры) өкілдерінің айтуынша, энергетикалық компаниялар суы тартылып кеткен Үлкен Арал теңізінің аумағында мұнай мен газ шығара бастапты (Өзбекстан ХАҚҚ өкілдерімен интервью). Үлкен Арал теңізін қалпына келтіруге талаптану энергетикалық сипаттағы мүдде үстемдік құрып тұрған болуы мүмкін елде энергетикалық компаниялармен мүдделер шиеленісіне әкеп соқтыруы мүмкін. Қазақстан жағы белсенділік танытып, бастама жасау арқылы Өзбекстанмен бірге Көкарал бөгетін кеңейту мүмкіншілігі бар. Серіктестер оған қоса Әмудария өзенінің суын Үлкен Аралдың құмында жоғалып кетпей тұрғанда, Солтүстік Аралға қарай бұратын арықтар салу мүмкіндігін қарастыруларына болады. Бұл Аралды құтқару бағдарламасының екінші кезеңінде көрсетілген мақсатқа жетуге мүмкіндік берер еді. Ондай ынтымақтастық серіктестерге бүкіл аймақ үшін Арал теңізінің құрғауының салдарын жұмсартуға қатысты біріккен дағдарысқа қарсы саясатты даярлауға мүмкіндік тудырады. Сонымен қатар төмен жақ елдері күш біріктіре отырып, Сырдария және Әмудария өзендерінен жоғары жақта салынатын ірі су қоймаларының құрылысы мен олардың толтырылуы Арал теңізін құтқару бастамасына қауіп төндірмейтіндігіне қатысты кепілдікке келісім ала алатын болады.

Орталық Азиядағы аймақтандыру стратегиясының басымдылықтары

Сөйтіп су саласындағы Қазақстанның ортаазиялық аймақтандыру стратегиясы төмендегідей негізгі мәселелерге көңіл бөлуі қажет:

- Бүкіл Орталық Азия аймағы секілді Қазақстан да климат өзгерісінің әсеріне және температураның жоғарлауына қатты шалдыққыш сипатқа ие. Және де ғалымдардың болжамы бойынша бұл сипат уақыт өткен сайын арта беретін болады. Қазақстандық билікке ауа райы өзгерісінің салдарын жеңілдету үшін дағдарыстық ахуалдарға олар орын алғаннан кейін ғана назар аудармай, алдын алу шараларын белсенді түрде жүргізе бастауға кеңес береміз. Климаттың өзгеруі бір мемлекеттің көлемінен асып, біріккен іс-қимыл мен ұжымдық шаралар даярлауды қажет етеді. Аталмыш шаралар мен климат өзгеруінің салдарына жауап қайтару саясаты бүкіл аймақ бойынша деректердің толық жиынтығын жасап, оған сараптама жасауды талап етеді. Тек Қазақстан бойынша ғана жиналған деректер ауа райы өзгерісінің күллі аймаққа тигізер әсерін толық көрсете алмауы мүмкін.
- Қазақстанның оңтүстік облыстары климат өзгерісінің әсеріне ғана емес, сонымен қатар Орталық Азиядағы трансшекаралық су ресурстарының тиімсіз басқарылуына да осалдық танытады. Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарын қанымдап тұратын Сырдария өзеніндегі судың 85 пайыздан көп бөлігі Орта Азияның басқа елдерінің аумағында құралады. Ағыстың төмен жағында орналасқан Қазақстанды тұрақты және жеткілікті су ағынымен қамтамасыз ету мақсатында энергетикалық ресурстардың экспорттық-импорттық қарым-қатынастарын пайдалануға кеңес береміз. Қазақстанда ирригациялық мақсаттар үшін қосымша су ресурстарына мұқтаждық туған әр жолы билік тізгінін ұстаушылар жоғары жақ елдерінен су электр қуатын импорттайтын болады. Тәжікстан мен Қырғызстан ол су электр қуатын су қоймаларынан көбірек су жіберу арқылы өндіретін болады, ал ол су өз кезегінде ағыспен төменге қарай ағып, Қазақстанның суармалы жерлеріне жететін болады.
- Шардара бөгетінің бұзылу қаупі өте жоғары. Ол жайт Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылық саласына және жалпы экономика саласына көп зардап

әкелмек. Қазақстандық билік бұл мәселені қазір-ақ күн тәртібіне қойып, өзбек жағымен бірге Шардара су қоймасын басқаруға байланысты қатерлердің алдын алуға және оларды жеңілдетуге қатысты тиімді шаралар даярлауға тиіс: мәселен, дер кезінде ақпарат алмасу, су ағымын үйлестіру, мұқтаждық туған жағдайда тұрғындарды көшіретін жерлерді дайындау және қосымша қорғаныс нысандарын салу.

• Және де Қазақстан егер өз іс-әрекеттерін аймақтың басқа елдерімен үйлестіретін болса, Аралды құтқару бағдарламасының екінші кезеңінде көрсетілген мақсаттарды тиімді түрде жүзеге асыруға қол жеткізе алар еді: мәселен, Көкарал бөгетін кеңейту, Солтүстік Арал теңізін арықтардың жаңа желісі арқылы Әмудария өзенінің суымен толтыру және Арал теңізі құрғауының салдарын жеңілдетуге қатысты дағдарысқа қарсы біріккен саясат қабылдау істерінде күш біріктіру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

“Climate change of Central Asia discussed in Kazakhstan.” Uzdaily, January 25, 2018. <https://www.uzdaily.com/articles-id-42479.htm>.

European Commission for Europe. 2011. “Assessment of the Status of Transboundary Waters in the UN- ECE Region: Assessment of Transboundary Rivers, Lakes and Groundwaters in Central Asia.” Meeting Group on Monitoring and Assessment, April 11.

Government of the Republic of Kazakhstan. Resolution dated 08.04.2016 №200 “On approval of the General Scheme of Complex Use and Protection of Water Resources.”

International Organization for Migration. “Assessing the Links Between Migration, Natural Hazards and Climate Change in Kazakhstan.” International Organization for Migration/ The UN Migration Agency, 2016. Interstate Coordination Water Commission (ICWC). “Analysis of Hydrological Conditions in the Syrdarya and Amudarya Basins over the Growing Season 2016.” http://sic.icwc-aral.uz/pdf/analytical_report_2016_en.pdf.

Jensen, Victor. 2009. “Hydroelectric Dams and Conflict in Central Asia.” *Central Asia Regional Data Review* 1, no. 1, September.

Kozhakhmetov P. and Nikiforova L. 2016. “Weather Elements of Kazakhstan in the Context of Global Climate Change.” Kazhydromet.

https://new.kazhydromet.kz/upload/pagefiles/nits/%D0%A3%D0%9A%D0%98%D0%9D%D0%98%D0%A6/eng/Climate%20Change_09-2017_ENG_Light.pdf.

Kazhydromet. 2014. “Annual Bulletin of Climate Change Monitoring in Kazakhstan: 2013.” Ministry of Energy of RK, Kazhydromet.

Lee, Yuri. 2013. “Ambitious Aral Sea Revival Project Fuels Regional Development.” Nation, January 23.

<https://astanatimes.com/2013/01/ambitious-aral-sea-revival-project-fuels-regional-development/>.

Lee, V. and Popova V. 2008. “The vulnerability Assessment of Water Resources in Kazakhstan Due to Anthropogenic Climate Change in the First Half of the 21st Century.” *Hydrometeorology and Ecology* №1, 27-46.

Mambra, Shamseer. 2017. “Aral Sea Disaster: Why One of the Biggest Inland Seas Dried Up?” *Marine Environment*, September 4. <https://www.marineinsight.com/environment/aral-sea-disaster-why-one-of-the-biggest-inland-seas-dried-up/>.

UNDP. 2018. “UNDP and EU Delegation Visits Early Flood Warning System and Local Agro-Industrial Complex in Aktobe.” *UNDP*, May 4.

<http://www.kz.undp.org/content/kazakhstan/en/home/presscenter/press-releases/2018/05/04/undp-and-eu-delegation-visits-early-flood-warning-system-and-local-agro-industrial-complex-in-aktobe.html>.

Светлана Долгих, Елена Смирнова и Анастасия Сабитаева. 2006. «По вопросу о строительстве сценариев изменения климата в Казахстане». *Гидрометеорология и*

экология, 7-20.

Интервью с представителями МФСА Узбекистана, Ташкент, Август, 16, 2018.

Ли Юрий. «Еврокод для Приаралья», «Казахстанская правда», Апрель, 12, 2018.
<http://www.kazpra-vda.kz/articles/view/evrokod-dlya-priaralya/>.

Национальный атлас Республики Казахстан. Том 1: «Природные условия и ресурсы». Алматы, 2010. - 150 с.

Рябцев Анатолий. «Безопасность гидротехнических сооружений на примере Шардаринского гидротехнического комплекса». Казгидроводхоз, 2015. www.carawan-net.org.

7-ТАРАУ. ОРТААЗИЯЛЫҚ АЙМАҚТАНДЫРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС АКТОРЛАР

Қайрат Молдашев
Гаухар Нұрша

Негізгі сұрақтар:

- Мемлекеттік емес акторлар мемлекетаралық аймақтық бірлестіктер мен бастамалар жоқ кездің өзінде аймақ елдері арасындағы өзара әрекеттестікті тереңдету идеясын қолдаған еді;
- Орта Азиядағы сараптамалық қауымдастық қауіпсіздік аспектісіне ерекше көңіл бөлетін аймақтық интеграцияның қажеттілігі туралы дискурсқа елеулі үлес қосады;
- Үкіметтік емес ұйымдар негізінен адам дамуы, экология және демократияға ерекше зер салады;
- Нағыз аймақшілік құрылымдар тым аз, негізінен ОА барлық мемлекеттік емес платформалардың сыртқы серіктестері бар;
- Қазақстан мен ОА басқа елдері аймақтың көптеген проблемаларын шешу үшін мемлекеттік емес акторлар арасындағы өзара әрекеттестікті алға жылжытып, оған қолдау көрсетуге тиіс.

Алғы сөз

Шекаралар мен саяси элиталар арасындағы қайшылықтарға қарамастан, Орталық Азия елдерінің азаматтары көптеген салаларда ынтымақтасуды тоқтатпаған. Егер де біз бүгінгі таңда да қандай да бір мемлекетаралық ұйым жоқ бола тұра, Орталық Азия туралы аймақ ретінде сөз қозғайтын болсақ, онда бізді біріктіретін мемлекеттік деңгейлерден басқа да деңгейлер болуға тиіс. Бұл тарауда біз ортаазиялық аймақтандырудағы мемлекеттік емес акторлардың рөлі туралы баса айтқымыз келеді. Көптеген мемлекеттік емес акторлардың ішінен үкіметтік емес ұйымдарды, сарапшылар мен академияны қарастырамыз. Бұл тарауда біз сөз қозғайтын акторлар өздерінің мақсаттарына қарай ОА елдерінің азаматтары мен ұйымдары арасында диалогқа арналған алаңдар орнатады. Ал олар туралы өкінішке қарай ғылыми жұмыстар мен медиа-кеңістікте тым аз айтылады.

2000-жылдардан бастап ғылыми әдебиетте аймақтандыру үдерістеріндегі мемлекеттік емес акторлар мен азаматтық қоғамның рөлін зерттейтін еңбектер жарық көре бастады (Hettne and Söderbaum, 2000; Neumann, 2003; Gilson and Armstrong, 2010). Ондай жұмыстардың көбі Еуропалық Одақтағы мемлекеттік емес акторларды зерттеуге арналған (Bello et al., 2010; Ruzza, 2010). Сонымен қатар АСЕАН және Африканың біраз өңірлері туралы зерттеу жұмыстары да бар (Söderbaum, 2007; Chandra, 2004). Ал Орталық Азия туралы зерттеулер мемлекеттік емес акторлар ретінде экстремистік ұйымдар мен қылмыстық құрылымдарды қарастырады (Cornell, 2006; Thomas, 2002; Gleason and Shaihtudinov, 2005). Орта Азиядағы азаматтық қоғам туралы бірнеше зерттеу жұмысы жарық көрген (Holt Ruffin and Waugh, 2011; Ziegler, 2014). Бұл тарауда біз ықтимал қауіпті құрылымдарды емес, Орталық Азия халықтары мен мемлекеттерінің ортасына көпірлер салушы акторларды қарастырамыз. Олардың арасынан үкіметтік емес ұйымдарды (ҰЕҰ), жастарға арналған жобаларды, медиа-платформаларды, сараптамалық және академиялық қоғамдастықтарды бөліп қарастыруға болады.

Сараптамалық және академиялық қоғамдастықтар

Орталық Азияны зерттеуші сарапшыларды эпистемологиялық қоғамдастықтардың қатысушылары ретінде алып қарауға болады. Ондай қоғамдастықтарға іс-әрекеттері үшін құндылықты бағдар ретінде қызмет ететін ортақ нормативтік қағидалар, ұқсас себеп-салдарлық ұғым және белгілі бір құбылысты зерттеп, түсіндіруде және ақыл-кеңестік ұсыныстар даярлауда ұқсас тәсілдер, сондай-ақ белгілі бір мәселенамаға қатысты шешімдер қабылдауға әсер етудің ортақ практикалар мен құралдар жиынтығы тән (Naas, 1992). Егер эпистемологиялық қоғамдастықтардың анықтамасына құлақ салсақ, аймақ ішінде ортақ қағидаларға, тәсілдер мен әсер ету құралдарына ие сараптамалық эпистемологиялық қоғамдастықтың бар екендігін алға тартуға болады.

ОА сараптамалық қоғамдастығы жариялылық пен сарапшылар пікірі айтылатын салаларды кеңінен қамтуды бір-бірінен бөлек қарастырады. Сарапшылар жеке немесе мемлекеттік аналитикалық орталықтарда жұмыс істеуі немесе өздері аналитикалық орталықтардың немесе институттардың құрылтайшылары болып табылуы мүмкін. Орталық Азиядағы аймақтық интеграцияның нормативтік қағидалары туралы сараптамалық пікір әдетте сыртқы акторлар (мемлекеттер, экстремистік топтар) тарапынан аймаққа төнетін қауіптерге қарсы тұру және сонымен қатар проблемаларды (су, инфрақұрылымдық және т.б.) бірігіп шешудің қажеттілігіне сүйенеді. Халықаралық қатынастарда және күштер теңгерімінде мемлекеттің шешуші рөліне негізделетін саяси реализм кеңінен қолданылатын тәсіл немесе теория болып табылады. «Қауіпсіздік», «ұлттық мүдделер», «ОА қатысты ірі ойыншылардың стратегиясы», «геосаяси мүдделер» сияқты ұғымдар жиі қолданылады.

Медиа-кеңістікте кеңінен жарияланатын сараптамалық пікірлер ОА қатысты сұрақтар туралы көзқарастың қалыптасуына сарапшылардың әсер етуінің басты жолы болып табылады. Сондай-ақ сарапшылар мемлекеттік деңгейде шешім қабылдауға әсер ете алатындай фриланстан немесе жеке институттардан мемлекеттік зерттеу орталықтарына ауысу үдерісі де өтіп жатыр. ОА кейбір елдерінде үкіметтік ұйымдар сыртқы саясат мәселелері мен қауіп-қатерлерге қатысты сараптамалық сауалнамалар жүргізеді және ол жайт та шешімдер қабылдау ісіне әсер етудің бір амалы болып табылады.

ОА бойынша сараптамалық қоғамдастықтың өз идеяларын алға жылжытудың қағидалары, тәсілдері мен жолдары тұрғысынан алғанда ортақ ойларының көптігіне қарамастан, аймақтың әртүрлі елдерінің сарапшылары бас қосатын алаңдар тым аз. Ондай алаңдарды көбінесе аймақтан тыс құрылымдар жасайды. Мысалы, *Almaty Club* алаңы Фридрих Эберт атындағы қордың қолдауымен ОА төрт елінің (Түркіменстаннан өкіл болмады) әрқайсысынан екі сарапшыдан жинап, екі жылдың ішінде аймақтағы өзекті проблемаларға қатысты 5 жинақты жарыққа шығарды.

Сонымен қатар аймақтық сарапшылардың дағдарыс ахуалындағы біріккен іс-әрекеттеріне де мысал келтіруге болады. Сол кезде Қырғызстан Республикасының Президенті болып тұрған Атамбаевтың өзінің қазақстандық әріптесінің атына айтылған тосын сынынан кейін туындаған Қазақстан мен Қырғызстан қарым-қатынастарындағы дағдарыстың нағыз қызған шағында Саяси зерттеулер ассоциациясының бастамасымен Алматыда конференция ұйымдастырылды¹. Оған аймақ елдерінен келген сарапшылар қатысып, туындаған ахуалдан шығатын жолдарды талқылады.

¹ <https://vlast.kz/politika/25755-kak-razresitsa-krizis-v-otnoseniah-kazahstana-i-kyrgyzstana.html>

Сараптамалық қоғамдастықтың қатысушылары ретінде санауға болатын жеке тұлғалар мен ұйымдардың сыртында жоғарыда атап көрсетілген ОА қатысты қағидалар мен амалдардың кейбіреулерін қолдамайтын жекелеген сарапшылар мен ғалымдар да бар. Әсіресе, академиялық ортада аймақтық интеграцияның қажеттілігіне қатысты сыни көзқарас ерекше байқалады. Академиялық топтар арасында сараптамалық қоғамдастықта кеңінен қолданылатын саяси реализмнен гөрі конструктивизм, либерализм және басқа да тәсілдер қолданылуы мүмкін. Кейбір ғалымдар мен институттар аймақтағы демократизация мәселесімен айналысады. Ұстанған қағидалары мен жолдарының алуан түрлілігінен болып академиялық топтарды эпистемологиялық қоғамдастық ретінде жіктеу қиынға соғады. Академиялық топтар мен сараптамалық қоғамдастық арасындағы диалогқа арналған алаңқай ретінде көбінесе жоғары оқу орындарындағы платформалар қызмет етеді. Мұнда КІМЕР жанындағы Орталық Азияны зерттеу ортылығының, Бішкектегі Орталық Азиядағы Америка Университеті (American University of Central Asia) жанындағы Ортаазиялық зерттеулер Институтының және ЕҚЫҰ Академиясының рөлін ерекше атап өткен жөн.

Сараптамалық қоғамдастық пен академиялық топтар бірінші кезекте ОА туралы дискурсқа үлес қосады. Аталмыш дискурс ортаазиялық аймақшылдықты аймақтың көптеген проблемаларын шешудің жолы ретінде ұсыну арқылы мемлекеттік акторларға ынтымақтастықты бұдан былай да нығайта түсу үшін алғышарттар жасайды. Дискурс іс-әрекеттер үшін тікелей себеп бола алмаса да, шешім қабылдаушылар үшін мүмкін және мүмкін еместің арасындағы шекараны сызып бере алады. Аймақтағы сараптамалық қоғамдастық пен академиялық топтар серпін болған ОА қатысты ағымдағы дискурс бар кезде мемлекеттерге аймақтық бастамалардан толық бас тарту қиынға соғады. Ынтымақтастықты нығайту үшін күш салатын көшбасшылар ондай бастамаларды қолдау арқылы сараптамалық қоғамдастық мүшелері тарапынан баспасөз бетінде мақтауға ие болатын болады. Аймақтандыру үдерісіне сараптамалық қоғамдастық пен академиялық топтардың сыртында ҰЕҰ мен әртүрлі құрылымдардың аймақтық жобалары да үлес қосады.

Үкіметтік емес ұйымдар және аймақтық жобалар

КСРО ыдырағаннан кейін 90-жылдардың басында ОА тәуелсіз елдері үшін мемлекеттік және ұлттық құрылыс ең маңызды мақсат болды да, аймақтық ынтымақтастық мәселелері екінші орында қалды. Мемлекеттік деңгейдегі белсенді ынтымақтастықтың жоқтығы елдер арасындағы өзара әрекеттестіктің жаңа форматтарына қажеттілікті тудырды. Кейбір форматтар әртүрлі аймақтық жобалар аясында ұсынылды. Сонымен қатар белгілі бір қажеттіліктер үкіметтік емес ұйымдардың ынтымақтастығы арқылы өтелді. Сондықтан да осы тарауда біз оларды Орталық Азиядағы жайлы аймақшылдықтың маңызды бір факторы ретінде қарастырғанды жөн деп таптық.

Үкіметтік емес сектор Орталық Азияның аймақтану үдерісінің маңызды бір ойыншысы болып табылады. Өйткені адам дамуына қатысты өзгерістер дәл сол сектор арқылы өтеді. Тәуелсіздік жылдарында донорлардың қолдауымен азаматтық қоғамның әлеуетін дамытудың нәтижесінде дәл азаматтық белсенділердің ұсынысымен сапалы реформалар ұйымдастырылған болатын. ҰЕҰ көшбасшылары аймақ деңгейіндегі кооперацияны қолдай отырып, өзара тәжірибе алмасып, іс жүзінде барлық салада дерлік аймақтық міндеттерді шешу ісіне сүбелі үлес қосқан-тын.

Ең алдымен ҮЕҰ аймақ деңгейінде өзара әрекеттесуінің маңызды бір құрамдас бөлігін атап өткен жөн: олардың барлығына дерлік сыртқы қаржыландыру есебінен қолдау көрсетіледі. КСРО тарағаннан кейін Орталық Азияның үшінші секторына арналған ондай шеттен келген қаржыландыру өте көп болды. Ал тәуелсіздік алған соң 20 жыл өткеннен кейін ол біртіндеп қысқара бастады.

Ғалымдардың (Katz, 2006) және реципиент елдердің өздерінің сынына қарамастан, бүгінгі таңға дейін сыртқы ойыншылар тарапынан келетін көмек Орта Азиядағы аймақтық деңгейде әрекет ететін ҮЕҰ үшін ең тиімді қаржылай жәрдем ретінде қалып отыр. Ондай көмек болмаған жағдайда жергілікті үшінші сектордың жұмыс істеуі қиынға соғар еді. Себебі ҮЕҰ көбінде тұрақты қаржы көзі жоқ. Оған саяси турбуленттілік, саяси реформалардың әлі де біте қоймаған жаралары, элиталардың ішкі күресі, коррупция секілді аймақтық ішкі проблемалар қабаттасады. Солардың нәтижесінде үздіксіз өзгеріп тұратын нормативтік алаң аясында өз іс-әрекетін қамтамасыз ету міндетін жүзеге асыру кез келген ҮЕҰ қолынан келе бермейді және сол себептен олардың бір тобы құрдымға кетеді. Осындай факторлар үшінші сектордың ортаазиялық қатысушыларының кооперациясының нәтижелі форматы үшін салмақты тосқауыл болып табылады.

Аймақтық деңгейдегі горизанталды байланыстарды (жеке тұлғалар арасындағы және мемлекеттік емес құрылымдар арасындағы) күшейтетін алуан түрлі форматтардың ішінен екі тәсілді ерекше атап көрсетуге болады. Бірінші тәсіл әртүрлі форумдар мен шараларға, сондай-ақ аймақтық күн тәртібіне қолдау көрсету арқылы адамдар арасындағы өзара әрекеттестіктің (people to people) дамуына негізделеді. Ал екінші тәсіл бір елдегі акторлардың күш-қуаты жетіспей, аймақтық қамту қажет болған кезде белгілі бір қызметтерді атқару және проблемаларды шешу үшін аймақтағы үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты қарастырады.

- *Нетворкинг және өзара әрекеттестік*

Адамдар арасындағы өзара әрекеттестіктің артуына және ОА ақпараттық кеңістікті орнатуға үлес қосатын аймақтық деңгейде жұмыс істейтін бірнеше жоба бар. Мысал ретінде Соғыс пен бейбітшілік туралы баяндау институты (IWPR) қолдау көрсететін Аналитикалық журналистиканың ортаазиялық бюросын – CABAR.asia атауға болады. Бұл білім алмастыру және аймақтық проблемаларды шешу мақсатында сарапшылар, ғалымдар, қоғам және мемлекет қайраткерлеріне арналған платформа². Платформада жарық көретін мақалалар тек аймақтық ынтымақтастық тақырыбын ғана қозғамайды. Авторлар аймақтың жекелеген елдерінің экономикалық, саяси және мәдени мәселелерін талқылайды және сол арқылы көрермендерді ОА өзекті проблемаларынан хабардар етеді. IWPR CABAR.asia онлайн-платформасының сыртында ОА елдерінің аналитиктері мен журналистері үшін қысқа мерзімдік курстар ұйымдастырады. Оған қатысушылар тренингпен қатар ОА басқа елдеріндегі әріптестерімен нетворкинг мүмкіншілігіне ие болады.

Аймақтағы нетворкингіге себін тигізуші келесі бір жоба – ОА жастарының желісі (Central Asian Youth Network). Желінің үш жүзден астам мүшесі бар, көздеген мақсаты – қуатты Орта-Азиялық аймақ құру³. САҮН-ға ЕҚЫҰ қолдау көрсетеді және жастар желісінің жұмысында Бішкектегі ЕҚЫҰ академиясының түлектері белсенді рөл атқарады. Жоба

² <https://cabar.asia/ru/about-ru/>

³ Информация с фейсбук-страницы САҮН <https://www.facebook.com/pg/cayn.co/about/>

аясында жыл сайын аймақтағы жастардың өкілдері үшін семинарлар ұйымдастырылады. 2018 жылғы семинардың басты тақырыбы Орталық Азиядағы инновациялар болды⁴. САҮН аясында сондай-ақ Reboot Camp өткізіледі. Орта Азия жастарының басын қосатын ондай шаралар шеңберінде шиеленістердің алдын алудағы жастардың рөлі, диалогты жаңғырту және сенімді нығайту секілді мәселелер талқыланады⁵.

СABAR.asia және САҮН сияқты жобалардың шешуші үлесі аймақтағы адамдар арасындағы өзара әрекеттестікті нығайту, ОА күн тәртібіне қолдау көрсету және аймақтық барабарлықтың қалыптасуына жеткізетін байланыстарды құру болып табылады. Дойч бойынша аймақтық қауіпсіздік қоғамдастығын құру аймақтағы халықтар арасында тұтастық, бірлік сезімі (we-feelings) болуын талап етеді. ОА жастарының бейресми кездесулері, біріккен жобалар жасау мақсатында жыл сайын өткізілетін шаралар мен адамдар арасындағы өзара әрекеттестік мақсатында орын алатын басқа да форматтар тұтастық, бірлік сезімінің қалыптасуына негіз болады. Бейресми байланыстар аймақта жеке тұлғалар мен ҰЕҰ арасында өзара әрекеттестіктің институционалдық формаларының дамуына әкелуі мүмкін. Енді ортақ проблеманы шешу үшін ОА елдерінің ҰЕҰ арасындағы ынтымақтастық туралы сөз қозғаймыз.

- *Аймақтық проблемаларды шешу мақсатында ҰЕҰ бірігіп жұмыс істеуі*

Қазақстан туберкулез ауруының қатері мен дәріге төзімділігі жоғары елдер қатарына жатады⁶. Ахуалды түзеу мекемелері және т.б. орындарда туберкулездің кең тарауына қатысты ішкі проблемалармен қатар аймақтан елге келетін мигранттар легі ушықтыра түсуде: олар сырқаттың белгілері көрінген кезде медициналық орталықтарға қаралмайды, тіпті емделуден бас тартады⁷. Аз жалақылы жұмысқа келетін мигранттар уақытылы тамақтанбау мен еңбек ететін және өмір сүретін орындағы нашар шарттардан болып қауіп-қатер тобына енгізіледі. Көбінесе кейбір мигранттардың заңсыз мәртебесі мен жұмыстың нормаланбаған жұмыс кестесі мигранттардың медициналық мекемелерге аз баруына себепші болады.

Егер Қазақстандағы мемлекеттік бағдарламалар негізінен алғанда елдің өз азаматтары үшін жүзеге асып, туберкулезға шалдығушылардың санын кемітуге көмектессе, Project NOPE тәрізді халықаралық ұйымдар мигранттармен жұмыс істейді. Құрылыста, базарда және басқа да нысандарда жұмыс істейтін мигранттарға ауру туралы мәліметті жеткізіп, ақысыз қаралу мен емделудің жолдарын түсіндіру үшін еріктілер мен ҰЕҰ іске тартылады. Егер де ауру екендігі анықталып, Қазақстанда ем алу үдерісі басталса да, антибиотиктерді қабылдай бастаған соң қысқа мерзімде жеңілдікті сезінсе, пациент Отанына қайтқаннан кейін емделу курсы тоқтатып, өз елінде медициналық мекемелерге бармауы да мүмкін. Емделу үдерісін бақылайтын мониторингін жалғастыру үшін мигранттар келетін елдердің ҰЕҰ өзара ақпарат алмасып, бірлесе жұмыс істеулері қажет. Яғни, ҰЕҰ миграцияның көзі болып табылатын елдерде Отанына қайтқан мигрантқа ақпарат беру және оны емдеу мониторингісі бойынша Қазақстанда басталған үдерісті жалғастырады. Туберкулез

⁴ Youth of Central Asia, Afghanistan, Mongolia discuss innovation, interconnection at Almaty seminar <https://astanatimes.com>

⁵ <https://www.osce.org/programme-office-in-bishkek/337446>

⁶ Tuberculosis country brief, 2016 <http://www.euro.who.in>

⁷ НПО Центральной Азии объединились в сеть для трансграничного контроля туберкулеза <http://www.afew.org/ru/eecaids2018-ru/central-asian-ngo-tb-ru/>

ауруына шалдығуды азайту үшін Орталық Азияда ҮЕҰ желісін құру мақсатында алғашқы қадамдар жасалып, аймақ елдеріндегі коммерциялық емес ұйымдардың ынтымақтастығы жөнінде меморандум жобасы қабылданып та үлгерді⁸.

Осы және басқа да бастамалар аймақ проблемаларын шешу және біртұтастық, бірлік сезімін қалыптастыру ісіне мемлекеттік емес акторлар белсенді қатысуы қажет екендігін көрсетеді. Қазақстан аймақтандыру үдерісіне белсенді қатысып, мемлекеттік емес акторлардың рөлін арттыруға тиіс. Тек қана мемлекетаралық (үкіметаралық) қатынастардың болуы аздық етеді, ал аймақтық сараптамалық қоғамдастықтар, академиялар, ҮЕҰ мен жастар жобалары өзара тиімді әрі ұтымды ынтымақтастықты толықтыра түседі. Сөзімізді қорыта келе, мемлекеттік емес акторлардың рөлін арттыру мақсатында Қазақстан мен аймаққа арналған төмендегідей стратегияларды ұсынамыз.

Қазақстанға және аймаққа арналған стратегиялар

- Қазақстан мен ОА басқа елдері аймақтық проблемаларды шешу үшін мемлекеттік емес акторлар арасындағы ынтымақтастықты алға жылжытып, оған қолдау көрсетуге тиіс. Мигранттар арасындағы туберкулезбен күрес ҮЕҰ біріккен жұмысының тиімділігіне дәлел бола алады. Аймақтық деңгейде бірігіп жұмыс істеуді ынталандыру арқылы ғана шешіміне қол жеткізетін мәселе өте көп.
- Қазақстан Орталық Азиядағы мемлекеттік емес акторларды қолдауды Дамуға ресми көмек (ДРК) жүйесіне енгізе алады. Әлемде ДРК ҮЕҰ арқылы бөлу практикасы қолданылады. Аталмыш практика қаржының көмекке мұқтаж жандарға тиімді түрде жетуін қамтамасыз етеді. Мысалы, ОА басқа елдерінде денсаулық сақтау саласында жұмыс істейтін ҮЕҰ ДРК линиясы бойынша мемлекеттік гранттар арқылы қолдау көрсетуге болар еді. Ол жайт өз кезегінде туберкулезбен күрес мәселесінде айтылғандай, Қазақстанда аурулардың таралу проблемасын шешуге көмектеседі. ДРК-ке ОА ғалымдарының біріккен зерттеулерін ұйымдастыруға арналған гранттарды да қосуға болар еді.
- Қазақстан аймақтық проблемаларды шешу мәселесінде бірігіп жұмыс істеу үшін ҮЕҰ, ғалымдарға, оқу орындарына және зерттеу орталықтарына грант бөлуге қатысты идея ұсынып, ортаазиялық қор құруды қолдауына болады. Ондай грант бөлу қорының қамқоршылық кеңесін тек қана министрліктердің өкілдерінен құрмай, сондай-ақ аймақтық және халықаралық тәуелсіз сарапшыларды да қосқан жөн. Қорға ОА елдерінің бюджеті мен халықаралық ұйымдардың қаржысынан қолдау көрсетуге болар еді. Ондай бастама ҮЕҰ мен басқа да мемлекеттік емес акторларға арналған шетелдік қаржыландыруға аймақтық балама болар еді. Алайда ол жайт аймақтан тыс қаржыландырудан бас тартуды білдірмейді, керісінше үшінші сектор үшін қосымша қаржы көзін құрар еді.
- Қазақстандық университеттер мен институттар сарапшылар мен ғалымдар арасында алуан түрлі аймақтық шаралар өткізу үшін алаңдар ұсынатын болады. Ал ол жайт белгілі бір проблемаларды шешуге түрткі болып қана қоймай, елге адами капитал тартып, елдің білім және ғылым саласының беделін арттырар еді.
- Қазақстан мен аймақ елдері аймақтық бизнес-форумдар өткізу арқылы жеке

⁸ <http://www.tbcoalition.eu/ru/2017/06/19/нпо-центральной-азии-объединились-в-с/>

компаниялар арасында тікелей қатынастарды дамытуға тиіс. 2018 жылдың қазан айында USAID қолдауымен 8-Ортаазиялық сауда форумы өтеді. Оған ірі халықаралық компаниялар, ОА елдерінің жеке және ұлттық компаниялары қатысады. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ОА елдеріндегі басқа кәсіпкерлер палаталарымен бірлесе отырып, соған ұқсас аймақтық форумдарға бастамашылық жасай алар еді. Барлық индустрия салаларындағы компаниялар үшін ашық ортақ форумдар немесе аймақ ішінде белсенді сауда-саттық байқалатын нақты бір салаларға арналған жеке форумдар ұйымдастыруға болар еді.

Болашақта бейбітшіліктің сақталып, аймақтың жалпы өркендеуі үшін Орта Азия халықтары арасында өзара әрекеттестік арта береді деп үміттенеміз. Мемлекеттік емес акторлар ұлттық өлшемдермен шектелмей, көрші елдердегі әріптестерімен диалогқа ұмтылатын болса, аталмыш үдерісте шешуші рөл атқаратын болады. Бұл жайт проблемаларды шешу үшін бір елдің мүмкіншіліктері аздық ететін мәселелерде ерекше маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- Bello, Valeria, David Armstrong, Julie Gilson, and Debora Spini. 2010. "Europeanization of Non-State Actors: Towards a Framework for Analysis." In *Civil Society and International Governance* (Open Access), 85–103. Routledge.
- Chandra, Alexander C. 2004. "Indonesia's Non-State Actors in ASEAN: A New Regionalism Agenda for Southeast Asia?" *Contemporary Southeast Asia* 26 (1): 155–74.
- Cornell, Svante E. 2006. "The Narcotics Threat in Greater Central Asia: From Crime-Terror Nexus to State Infiltration?" In *China and Eurasia Forum Quarterly*, 4:37–67. isdp.eu.
- Gilson, Julie, and David Armstrong. 2010. "Introduction: Civil Society and International Governance." In *Civil Society and International Governance* (Open Access), 13–24. Routledge.
- Gleason, Gregory, and Marat E. Shaihutdinov. 2005. "Collective Security and Non-State Actors in Eurasia." *International Studies Perspectives* 6 (2): 274–84.
- Haas, Peter M. 1992. "Introduction: Epistemic Communities and International Policy Coordination." *International Organization* 46 (1): 1–35.
- Hettne, Björn, and Fredrik Söderbaum. 2000. "Theorising the Rise of Regionness." *New Political Economy* 5 (3): 457–72.
- Holt Ruffin, M., and Daniel Waugh. 2011. *Civil Society in Central Asia*. University of Washington Press.
- Katz, Hagai. 2006. "Gramsci, Hegemony, and Global Civil Society Networks." *Voluntas; Baltimore* 17 (4): 332–47.
- Neumann, Iver B. 2003. "A Region-Building Approach." In *Theories of New Regionalism: A Palgrave Reader*, edited by Fredrik Söderbaum and Timothy M. Shaw. New York: Palgrave Macmillan.
- Ruzza, C. 2010. "3 Organised Civil Society and Political Representation in the EU Arena." *Civil Society and International Governance*.
<http://www.oopen.org/download?type=document&docid=391030#page=62>.
- Söderbaum, Fredrik. 2007. "Regionalisation and Civil Society: The Case of Southern Africa." *New Political Economy* 12 (3): 319–37.
- Thomas, Troy S. 2002. *Lords of the Silk Route: Violent Non-State Actors in Central Asia*. DIANE Publishing.
- Ziegler, Charles E. 2014. *Civil Society and Politics in Central Asia*. University Press of Kentucky.

8-ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС**Қайрат Молдашев*****Негізгі сұрақтар:***

- *Эксклюзивті ұлттық барабарлықтарды қалыптастыру мен араздық тілін қолдану ОА елдеріндегі тұрақтылыққа қауіп төндіреді.*
- *Этностар арасындағы қатынас мәселелері әлі жеткілікті деңгейде зерттелген жоқ және ашық қолжетімді ақпарат тым аз, бұл жайт ақпараттық вакуумды құрайды. Әсіресе, күнделікті практикаға және қоғамдағы этносаралық ахуалға деген көзқарасқа қатысты зерттеулер аз да, мемлекеттік саясатқа қатысты ғылыми сипаты күмәнді мақтау жұмыстар көп.*
- *Мемлекетаралық деңгейде ұлттық барабарлықты қалыптастыру саласындағы аймақтық ынтымақтастықты жүзеге асыру қиынға соғады және ол ішкі істерге араласпау қағидасына қайшы келуі мүмкін. Алайда үкіметтердің қолдауымен ұлттық құрылыс мәселелері мен жекелеген елдердің мемлекеттік саясатына қосуға болатын ақыл-кеңестерді дамытуды талқылауға арналған мемлекеттік емес және тәуелсіз аймақтық платформалар орнатуға мүмкіншіліктер бар.*
- *Инклюзивті аймақтық барабарлықтарды қалыптастырудағы шешуші рөлді мемлекеттік емес акторлар – атап айтқанда, ғалымдардың, аналитиктер мен журналистердің кәсіби қоғамдастықтары және сондай-ақ қоғам қайраткерлері – атқарады.*

Алғы сөз

Бұл жинақта біз аймақты құру ісіне қатысатын акторлар мен үдерістерге ерекше көңіл бөлетін конструктивістік тәсілге негізделген «аймақтандыру» терминін қолданамыз. Конструктивістік тәсіл сонымен қатар ұлттық құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты зерттеу барысында да қолданылады. Бұл – аймақтық және ұлттық құрылысқа қатысты – екі үдеріс Орталық Азияда бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі тарихи өлшемдер тұрғысынан алғанда, КСРО ыдырағаннан кейін және аймақтық деңгейдегі ынтымақтастықты жолға қойып жатқан жаңа ұлттық мемлекеттердің қалыптаса бастағанынан бері көп уақыт өте қойған жоқ.

Егер ұлттық құрылыс туралы сөз қозғасақ, оған тіл, мәдениет, дін, білім және т.б. мәселелер кіреді. Ұлттық және аймақтық құрылыстың тоғысатын ең маңызды тұстары – бұл ұлттық барабарлық мәселелері, этностар арасындағы қатынастар мен миграция проблемалары. Бұл тараудың басты мақсаты Орта Азия елдеріндегі ұлттық құрылыс барысындағы проблемалар мен оларды аймақтық деңгейде шешу мүмкіншіліктерін талқылау болып табылады. Ұлттық барабарлық мәселесі дәстүрлі түрде әр мемлекеттің ішкі ісіне жатқызылатындығына қарамастан, аймақтағы этностар арасындағы қатынастар саласында тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ету үшін Орталық Азияда күш біріктіру мүмкіншіліктері бар.

Тарау негізгі үш тармақтан тұрады. Бірінші тармақта ОА ұлттық құрылыстың шешуші талаптары қысқаша қарастырылады. Одан соң әдебиетке шолу жасалып, этносаралық

қатынас мәселелері бойынша бұған дейін жинақталған ілімге баға беріледі. Үшінші тармақта этносаралық қатынастардағы проблемаларды шешу және инклюзивті ұлттық барабарлықтарды қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын аймақтық ынтымақтастыққа мысалдар келтіріледі. Қорытындыда Қазақстандағы және аймақтағы мемлекеттік және мемлекеттік емес акторлар үшін стратегиялар ұсынамыз.

Орталық Азия елдеріндегі ұлттық құрылыс талаптары

Жекелеген тұлғалардың қауіпсіздігіне және мемлекеттердің қауіпсіздігіне тікелей әсері бар баяу әрекет ететін миналардың бірі – эксклюзивистік ұлттық барабарлықтарды қалыптастыру (Жусипбек, 2015).

Проблеманың түбірін «өзгелерге» қарсы туындайтын «басқаларды шеттетуші», «тар» барабарлықтарды құрудан (ең болмағанда соларды құруға деген талпыныстардан) іздеген жөн. Ондай ұлттық немесе ұжымдық сипаттағы өзіндік барабарлықтың құрылу сұлбасы қарапайым. Мысалы, «өзбек болу» деген сөз «тәжік болмау» дегенді және керісінше, «тәжік болу» деген сөз «өзбек болмау» дегенді білдіреді. Соған ұқсас «қырғыз болу» деген сөз «өзбек болмау» дегенді немесе «нағыз қазақ болу» деген сөз «шала қазақ болмау» дегенді және керісінше жағдайды білдіреді (Жусипбек, 2015).

Ұлттық барабарлықтың ондай формасы барысында жиі биік ақылақтық құндылықтары мен ұлы тарихы бар «ерекше» этнос немесе ұлт туралы аңыз қалыптасады. Ұлт пен ұлтшылдық ұғымының тарихы аймақтың – әсіресе, оның Жібек жолы бойындағы сауда жанданған тұста қатты өркендеген дәуіріндегі – тарихымен салыстырғанда қысқа екендігіне қарамастан, тарихи өткен шаққа «өз» ұлтының пайдасына қарай қайтадан түсініктеме жасалады. Ұлттық барабарлық құру үшін кейбір мемлекеттер басты тарихи тұлғалар ретінде ұлан-асыр аумақтарда билік құрған өткен күннің ұлы қолбасшыларын алады, ал бұл жайт кейде – ел аумағында өмір сүріп жатқан саны аз ұлттардың жат болып саналу мүмкіндігі туралы сөз қозғамағанның өзінде – аумақтық наразылықтарға әкеліп соғады. Кейбір шала ғалымдар мен «сарапшылар» қалыптастырып жүрген «ұлық ұлт» туралы аңыздар қызба мінезділерді «жат» этнос мүшелерін дегуманизациялауға итермелеуі мүмкін. Дегуманизация – субъектіні, айталық, басқа этнос өкілін бостандыққа, мүлікке және тіпті өмірге деген құқықтарынан айыру. Ал бұл жайт аймақ елдерінде өмір кешіп жатқан жекелеген этностарға, диаспораларға және аз қауымдарға ғана емес, сонымен қатар мемлекеттердің тұрақтылығына да қауіп төндіреді.

Эксклюзивистік ұлттық барабарлықтарды қалыптастыру, араздық тілі (hate speech) және дегуманизация елдің азаматтары арасында белгілі бір топтарды кемсітушілікке әкеліп ғана қоймай, сондай-ақ мигранттарға да зардабын тигізеді. Жергілікті жұртшылықтың көңіл-күйіндегі «біздің жұмыс орындарымызды тартып алып жатыр» дегенге саятын экономикалық себептер бүкіл жерде дерлік бар. Енді оның үстіне араздық тілінің тек тұрмыстық деңгейде ғана емес, БАҚ-та да таралуын қоссақ, адамның негізгі құқықтары тұрғысынан алғанда, мигранттарға жиі қысым жасалатындығын көреміз.

Этнофолизм жиі қолданылатын ортада өскен адам кейін журналист, шенеунік немесе бизнесмен болған кезде басқа этностарға деген таптаурындарды сақтап қалады да, соларға сүйене отырып, шешімдер қабылдауы мүмкін. Этнофолизмдер деп «жаттарды» белгілейтін және толерантсыздық сипат тән, кекету мен менсінбеуден бастап кемсіту мен балағаттауға дейін баратын лексикалық бірліктерді айтамыз (Коробкова, 2009). Мәселен,

кеңестік дәуірде Орта Азиядан және Қазақстаннан шыққандарға қатысты «чурка» сөзі жиі қолданылатын (Степанова, 2007). Орта Азияны мекендеген этностар арасында да көршілерге қатысты алалау, шеттету, жақтырмау және қастандық дискурстарында жиі қолданылатын этнофолизмдер, анекдоттар мен тілдің басқа да элементтерінің ұзақ тізімдері жетіп артылады.

Этнофолизмдер мен араздық тілі тіпті инклюзивистік мемлекеттік саясат барысында да қолданылуы мүмкін. Этносаралық қарым-қатынастарда этностарға қатысты құқықтық негіз бен мемлекеттік саясат ғана емес, сондай-ақ күнделікті практика да маңызды. Ис-әрекеттің барлық саласында бейресми қатынастар үстемдік құрған шақта – ал бұл жайт Орта Азия елдерінде нақтылық болып табылады – жұмысқа қабылдарда, қызмет көрсетуде және басқа да мәселелер бойынша жасырын дискриминация практикасының сақталу ықтималдығы жоғары. Ондай кемсітушілікті анықтау оны зерттеуде және оған қарсы күресуде мұқияттылықты талап етеді. Этностар арасындағы қарым-қатынастардың зерттелу деңгейі келесі тармақта қарастырылады.

Этносаралық ахуал туралы не білеміз?

Мұнда этносаралық қарым-қатынастар саласында жинақталған ілімге қысқаша шолу жасалады. Проблема оның барлық қырларын білгенде ғана оңай шешілмей ме. Әлемдік ғылыми әдебиетте этносаралық ахуалдың зерттелуінде «ұлттық азшылық» және «диаспора» терминдері өте жиі қолданылады. ҚР ұлтаралық қатынастарға қатысты заңнамалық құжаттар мен ресми дискурстарға талдау жасағанда, «этнос» терминінің жиі қолданылатындығы көзге түседі. Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңында этностардың өкілдігін этномәдени бірлестіктер жүргізетіндігі айтылған. Орта Азияның басқа елдерінде де «ұлт», «халық», «конфессия» терминдері қолданылады. Ресми құжаттарда «диаспора» және «ұлттық азшылық» терминдерін қолданудан қашқақтау бар екендігі байқалады.

«Ұлттық азшылық» терминіне саяси реңк тән және ол көпшілік қауыммен салыстырғанда, сан жағынан азшылық пен үстемсіздіктің сыртында сол ұлттық азшылықты қорғау қажет болатын дискриминацияны мойындауды да білдіре алады. Ал «диаспора» ұлттық азшылықтың ерекше түрі болып саналады: оның өкілдері тарихи шарттар барысында белгілі бір мемлекеттің аумағында ұзақ уақыт немесе үнемі өмір кешсе де, сонымен қатар тарихи деп аталатын отанға да ие (Ким, 2010, 29).

«Диаспора» немесе «азшылық» терминдерін қолданудан бұлтару және конфессияаралық, этносаралық қатынастарды зерттеудің олқылығы ұлттық құрылыс проблемаларын шешпейді. Жоғарыда айтылғандай, дискриминацияның заңнамалық деңгейде жоқ екендігі оның билік, білім, денсаулық сақтау және т.б. салалардың көптеген институттарының күнделікті практикасында да жоқ деген сөз емес. Кемсіту практикалары, әсіресе, ұлттық барабарлықты құрудың эксклюзивистік формасы жоғары деңгейдегі елдерде қатты байқалады. Тұрғын этникалық белгілеріне қарай ашық немесе жасырын дискриминацияны сезінуі мүмкін. Бірақ онымен күрестің проблемасы ең алдымен оның толық зерттелмегендігінде жатыр. Проблеманың өзін түсінбей тұрып, ол жөнінде дұрыс шешімдер қабылдау өте қиын¹.

Мысал ретінде аймақтың басқа кейбір елдерімен салыстырғанда зерттеу ісіне либералды

¹ <http://agkipr.kz/archives/348>

түрде қарайтын Қазақстанды алып қарасақ, тіпті мұнда да аталмыш тақырыптың зерттелу деңгейінің төмен екендігі байқалады. Этносаралық қарым-қатынастарға қатысты арнайы тарауы бар және әдістемесі егжей-тегжейлі сипатталған қолжетімді социологиялық зерттеулердің бірі 2011 жылы жүргізілген (Мухамеджанов и Жусупова, 2011). Бұл саладағы мамандар жағдайдың жайлы еместігін және тұрақты мониторингінің қажет екендігін алға тартады². Жалпы алғанда Қазақстандағы этносаралық қатынастар мәселесімен айналысатын ғылыми әдебиетті үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топ – этникалық себептен туатын шиеленістердің алдын орап шыдаған мемлекеттің аталмыш салада жүргізген дана саясаты жөнінде мақтау мақалалар. Әрине, бұл мәселе бойынша мемлекеттік саясаттың кейбір қырларының оңдылығын мойындау керек. Әйтсе де, ғылымға жанама ғана қатысы бар ондай еңбектер (оларда кемінде сілтемелер бар, алайда олардың көбі мемлекеттік стратегияларға жасалады) ахуалды түсінуге үлес қоса алмайды.

Екінші топ мемлекеттің этносаралық қарым-қатынастарды реттеу саясатына теориялық мағына үстемелеуге тырысады. Бұл тұста Әбдімәлік Нысанбаев пен Рустем Қадыржановтың еңбектерін атап өтуге болады. Ондай еңбектерде салыстырмалы талдау кеңінен қолданылады. Мәселен, Қадыржанов мақаласында Қазақстан мен Малайзияны салыстырып, байырғы малайлар мен қытайлардың қарым-қатынастарындағы әлеуметтік келісім-шарт концептісін тілге тиек ете отырып, оны Қазақстанда қолдану мүмкіндігі туралы сөз қозғайды (Қадыржанов, 2014). Бұл бағыт барабарлық пен этностар арасындағы қатынастар мәселесін зерделеуде теориялық және концептуалдық құралдар даярлау үшін тереңірек зерттеулерді талап етеді.

Зерттеулердің үшінші тобы сауалнамаларға негізделген және олар алуан түрлі этникалық топтардың өкілдері арасындағы күнделікті өзара қарым-қатынастарды және олардың бұл саладағы ахуалды қабылдауын түсіну тұрғысынан алғанда құнды болып табылады. Мысал ретінде 2002 және 2016 жылдың сараптамалық сауалнамасының нәтижелері салыстырылған «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығының талдауын атауға болады³. Динамика этносаралық шиеленістер саласында болмашы өсім бар екендігін көрсетеді. Бірақ әртүрлі этникалық топтардың өкілдерімен сұхбат пен сауалнама жүргізілген 2014-16 жылдардағы жоба (Садвокасова, Кошман и Ракишева, 2016) мен шетелдік басылымдарда жарық көрген ғылыми еңбектерден басқа ондай зерттеу жұмыстар тым аз және олар әдістемесі егжей-тегжейлі сипатталған ғылыми жұмыс түрінде мүлде дерлік таралмайды. Ал аздаған зерттеу жұмыстарының арасынан Оңтүстік Қазақстандағы ұлттық барабарлық тақырыбына жазылған диссертация (Савин, 2006) мен азаматтық және этникалық барабарлық мәселесімен айналысқан мақаланы (Sharipova, Burkhanov and Alpeissova 2017) атап өтуге болады.

Ұлттық барабарлықты қалыптастыру саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру мәселесі бойынша ғалымдар мен аналитиктер арасында пікірлер алуан түрлі. Мысалы, «Тілдік ренессанс саясаты» (Сулейменова и Смагулова, 2005; Ahonen, 2008) және латын әліпбиіне көшу туралы айтсақ, «лингвистикалық деколонизация» (Сатпаев, 2018) сияқты балама концептілердің бар екендігіне қарамастан, тіл саясаты іс жүзінде орын алатын, бірақ ресми деңгейде жоққа шығарылатын «қазақтандыру» үдерісінің бір бөлігі ретінде бағалануы мүмкін (Karin and Chebotarev, 2002).

²<https://camonitor.kz/19209-mezhetnicheskaya-napryazhennost-v-kazahstane-vse-taki-suschestvuet.html>

³ <http://www.ofstrategy.kz/index.php/ru/research/socialresearch/item/508-mezhetnicheskie-protivorechiya-v-strane-est>

Азаматтық және этникалық ұлтшылдықты өзара бөлек қарастыратын зерттеулер халық арасында азаматтық ұлтшылдық идеясына қолдау көрсетілетіндігін алға тартады (Мухамеджанов және Жусупова, 2011; Sharipova, Burkhanov and Alpeissova, 2017). Бірақ сөйте тұра бұл бағыттағы мемлекеттік саясаттың екіұштылығы және ол саясатта азаматтық ұлтшылдықтың да, этникалық ұлтшылдықтың да белгілері бар екендігі атап көрсетіледі (Schatz, 2000; Dave, 2007; Sharipova, Burkhanov and Alpeissova, 2017).

ОА басқа елдерінде де этностар арасындағы қарым-қатынастар және ұлттық құрылыс мәселесі бойынша зерттеулердің кемдігі байқалады. 2010 жылы Ошта орын алған оқиғалар қайтадан зерттеушілердің аталмыш проблемаларға ерекше назарын аударды (Wilkinson 2015; Laruelle 2012). Орта Азияның үш мемлекетінің аумағында жатқан көп ұлтты және халық тығыз орналасқан Ферғана аңғары ұлттық құрылыс барысында инклюзивтілік қағидасын сақтау тұрғысынан ерекше мұқияттылықты талап етеді.

Ұлттық құрылыс талаптарына берілер аймақтық жауаптар

Ұлттық құрылыс пен барабарлыққа қатысты көптеген сұрақтарды екі жақты деңгейде шешу – өте күрделі мәселе. Барабарлық мәселесіне көбінесе сыртқы күштердің араласуына тыйым салынады. Бірақ ОА көп ұлтты мемлекеттерінде, әсіресе, Ферғана аңғарында аумағы бар елдерде бір мемлекеттің ішкі саясаты басқа елдегі этносаралық ахуалға үлкен ықпал көрсетеді. Ник Мегоран Ош оқиғаларына байланысты әртүрлі дискурстардың егжей-тегжейлі сипаттамасында Өзбекстандағы жалпы жағдай мен Қырғызстандағы өзбек халқына қатысты мемлекет саясаты сол топтың барабарлығына және олардың қырғыздарға деген қатынасына қалай әсер еткеніне мысал келтіреді (Megoran, 2013).

Ынтымақтастықтың қажеттілігі Қытайдағы қазақтардың ахуалынан да көрінеді. Қазақ тіліндегі медиа Қытайдың Синьцзяндағы ұсақ ұлттарға қатысты жүргізіп отырған қатал саясатының нәтижесінде сол өңірде орын алып жатқан оқиғалар туралы белсенді түрде ақпарат таратып жатыр. Соңғы жылдарда қазақ мектептері жабылуда, қазақ тілі мен мәдениетінің қолданылу өрісі тарайып барады. Қазақтар мен ұйғырлар секілді аз халықтардың өкілдерін қайта тәрбиелеу лагерьлерінде ұстайтындығы туралы айтылуда. Егемендік пен ішкі істерге араласпау қағидасына қарамастан, Қазақстан делегаттары ҚХР Сыртқы істер министрлігі, Алматыдағы Қытай Бас консулдығының және ҚХР елшілігінің қолдауымен ҚХР барды⁴. Бұл жерде делегацияда Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының өкілдері болмағанын және оның қоғам қайраткерлерінен құралғанын айта кету керек. Әрине, делегация көптеген сұрақтарға – әсіресе, саяси лагерьлер туралы – жауап ала алмады. Бірақ есесіне қытай жағына қазақстандық жұртшылықтың Синьцзяндағы ахуалға қатысты ұстанымын көрсете білді.

Бұл жайт тіпті ішкі істер болып саналатын мәселелердің өзінде мемлекет мемлекеттік органдардың өкілдеріне қарағанда, қоғамдық ұйымдарға ашығырақ қатынасатындығын көрсетеді. Орталық Азияда этносаралық ахуалды зерттеу мен ұлттық құрылыс саласындағы инклюзивті саясатты алға жылжыту мақсатында ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің аймақтық бірлестіктерін құруға мүмкіншілік бар. Айталық, тәуелсіз ғалымдар, бұқараның және зерттеу орталықтарының өкілдерінен құралған ұлтаралық және конфессияаралық келісім бойынша аймақтық комиссия ұсынымдар дайындап, ахуалға мониторинг жасау тұрғысынан Орта Азия елдерінің мемлекеттік органдарымен тығыз ынтымақтастық орната алар еді. Яғни, назар тек шиеленісті ахуалдарға жауап қатуға ғана

⁴ <http://jebeu.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=4&id=1051>

емес, сондай-ақ олардың алдын алу мен ұзақ мерзімдік перспективаға да бөлінуі қажет. Аймақтық және ұлттық деңгейлерді жақындастыру және этникалық негіздегі шиеленістердің алдын алу үдерісінде шешуші рөлді сыртқы істер министрліктері немесе әскери құрылымдар емес, керісінше ұлттық құрылысқа қатысты мемлекеттік саясатты қалыптастыру үдерісіне тікелей немесе жанама түрде қатысатын ғалымдар, аналитиктер мен журналистер қоғамдастықтарының атқарғаны жөн.

Жалпы адамауи және біріктіргіш құндылықтарды дамытып, оларды тарату ісінде ғалымдардың, қоғамдық пікір көшбасыларының және медианың рөлі өте зор. Мұнда тек қана саяси ерікке үміт артуға болмайды. Эксклюзивистік ұлттық барабарлықтар мен этносаралық шиеленіс кез келген саяси жүйеде өсуі мүмкін. Автократияда популист көшбасшы экономиканың құлдырау кезеңдерінде этникалық ұлтшылдықты және тіпті шовинизмді режимді қолдау құралы ретінде қолдануы мүмкін. Ал «либералдық» қосымшасы жоқ демократияда партиялар мен олардың өкілдері сайлаушыларды тарту үшін этникалық сезімдермен ойнаулары мүмкін.

Шеттету мен араздық тілімен күресу үшін мектептер мен ЖОО Орталық Азия халықтарының тарихына қатысты пәндер енгізуге болар еді. Айталық, онда Қазақстанның немесе Өзбекстанның 1920 жылдардың бірінші жартысына дейінгі тарихын оқытқанда, хандықтар, әмірліктер мен империялар тұсында өзгерген шекаралар шеңберінде орын алған оқиғалар туралы да айтылар еді. Бұл аталмыш аймақтағы мәдени, діни, сауда-экономикалық, географиялық және саяси қатынастар байланыстырған халықтардың ортақ тарихы. Ондай пәндер үшін қажетті оқу құралдарын даярлауға талпыныстар орын алып та үлгерген. 2009 жылы Орта Азия тарихы бойынша оқулық жасауға қатысты төрт жылдық жоба туралы ақпарат тарады, бірақ жобада басынан бастап Өзбекстан мен Түркіменстанның өкілдері болмады⁵. Ал 2018 жылы Өзбекстан Республикасының Ғылым академиясына қарасты Тарих институты Ресей Ғылым академиясының Шығыстану институтымен және Конрад Аденауэр атындағы қормен бірлесіп, «Орталық Азияның ең жаңа тарихы: Теория мен әдіснама проблемалары» атты мақалалар жинағын жарыққа шығарды (Аликберов, Рахимов, 2018).

Өртүрлі этникалық топтардың өкілдері арасында келісімді қамтамасыз ету тақырыбы бойынша тұрақты түрде аймақтық деңгейде конференциялар мен кездесулер өткізіп тұру аймақтық барабарлықты қалыптастыруға сүбелі үлес қосар еді. Халықаралық қатынастар, саясаттану, тарих, социология сияқты ғылым салаларындағы ғалымдар аймақтағы адам қауіпсіздігі проблемаларын зерттеу саласында аймақтық ассоциациялар құрулары қажет. Адам қауіпсіздігі дегенде бұл жерде «адамның жеке мүдделері мен қажеттіліктері деңгейіндегі қауіп-қатер факторларынан қорғалу күйі, оның өмірін, денсаулығын, әр адамның абыройын, конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ар бостандығы мен саяси ұстанымдарын толық көлемде қамтамасыз ету» айтылып отыр (Пучкова, 2015). Бұл термин 1994 жылы БҰҰ Даму бағдарламасының адам дамуы жөніндегі баяндамасы жарияланған соң қолданыла бастады. Этникалық белгіге қарай жұмысқа немесе қызметке қабылдау барысында дискриминация көрсету, қызмет көрсетуден бас тарту, жәбірлеу және этнофолизмдер қолдану практикасы, міне, мұның бәрі адамның қауіпсіздігіне жағымсыз әсерін тигізіп, жеке тұлғаны осалдыққа итермелейді. Қазіргі кезеңде адам қауіпсіздігіне қатысты дискурс қалыптастырып, сол концептіні этносаралық және конфессияаралық мәселенама барысында қолдану өте маңызды.

⁵ <http://www.fergananews.com/articles/6199>

Дискурс қалыптастыруда журналистер шешуші рөл атқарады⁶. Бұл салада араздық тілінің кез келген көрінісімен күресу қажет. Жаңалықтарда қандай да бір қылмысты белгілі бір этникалық топтың өкілдері жасағандары туралы тақырыпшаларды жиі көруге болады немесе кейде «сырттан келгендер» немесе «мигранттар» деген сөздер қолданылады. Ондай тақырыпшалар адамның этникалық қатыстылығы немесе миграция қылмыс жасаудың басты себебі болып табылатындығына меззейді. Журналистер қоғамдастығы тарапынан нақты және күш біріктірген ниет болмаған жағдайда араздық тілінің қолданылуы БАҚ пен сөз бостандығына қатысты заңдардың бұдан былай да қатая беруі үшін жақсы себеп болатындығының ықтималдығы өте жоғары.

Ұлттық құрылыс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үдерісіне тікелей қатысушы мемлекеттік органдар этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастар саласында тәуелсіз зерттеулер жүргізудің қажеттілігін түсінуге тиіс. Жарылу қаупі бар заттармен жұмыс істеу саперден білім мен кәсіби біліктілікті талап етеді, өз білімділігіне ерекше сенімді деген шенеуніктің өзі де минасыздандыру ісіне бармас еді. Ұлттық барабарлық та тура сол сияқты, айырмашылық – бұл мәселедегі қателіктер жылдар бойы шоғырланып, күтпеген салдары бар шиеленістерге әкеліп соқтыруы мүмкін. Ұлттық және аймақтық зерттеу ассоциацияларымен және институттарымен тығыз ынтымақтастықта болып, бұл мәселелер бойынша ұсынымдарға ашық қабақ танытқан жөн. Кейбір мемлекеттерде ондай сезімтал, нәзік мәселелерді шешу барысында ғылыми орта өкілдерімен жабық талқылаулар өткізу немесе тек мемлекеттік сыңайлы немесе үкіметтік зерттеу орталықтарының қызметтерін пайдалану практикасы жолға қойылған. Бірақ ондай жабықтық қауіпке әкеліп соғуы мүмкін. Ондай жағдайда ғалымдар мен аналитиктердің белгілі бір тобының пікірі әріптестері тарапынан сынға ұшырамайтындықтан, қате шешімдер қабылдану ықтималдығы жоғары. Келесі тармақта Қазақстан мен аймақ үшін ұлттық және аймақтық құрылыстағы проблемалардың алдын алуға көмектесетін стратегиялар ұсынылады.

Қазақстанға және Орталық Азия елдеріне арналған аймақтандыру стратегиялары

- Орталық Азиядағы этносаралық ахуал бойынша бұдан былай зерттеу, мониторинг жүргізу және ұсынымдар даярлау үшін аймақ елдерінің тәуелсіз ғалымдары мен қоғам қайраткерлерінен құралған этносаралық келісім комиссиясын құру. Әрбір мемлекет ондай комиссияның мемлекеттік құрылымдармен және жергілікті басқару органдарымен өзара әрекеттестігі үшін институциялық негіз құруына болады.
- Елдердің мемлекеттік органдары, атап айтқанда, мемлекет басшыларының әкімшіліктері, мәдениет және білім министрліктері, үкіметтік аналитикалық орталықтар, сонымен қатар Қазақстан халқы ассамблеясы сияқты құрылымдар этносаралық қатынастарға қатысты мәселемен айналысатын ассоциациялармен, институттармен және жекелеген ғалымдармен ынтымақтастықты дамытып, өзара әрекеттестік үшін платформалар орнатуға тиіс.
- Ұлттық құрылыс саласындағы – тілдік, кадрлық, экономикалық, мәдениет және білім саясатын қосып – мемлекеттік стратегияға инклюзивтілік/эксклюзивтілік тұрғысынан баға беру. Инклюзивтілікті арттыру үшін қажетті өзгерістерді енгізу.
- Этносаралық қарым-қатынастарды зерттеуге бөлінетін қаражатты арттыру және аймақтық деңгейде өтетін конференцияларға, дөңгелек үстелдер мен басқа да шараларға қолдау көрсету. Мемлекеттік саясат пен заңнамалық актілерді ғана емес,

⁶ <http://hdr.undp.org/en/content/human-development-report-1994>

сонымен қатар сұхбаттар мен сауалнамаларды қолдана отырып, әртүрлі этностарға қатысты күнделікті практиканы да зерттеу маңызды.

- Араздық тілі мен эксклюзивтілікке қарсы күрес тұрғысынан алғанда, журналистердің, ғалымдардың, аналитиктердің кәсіби қоғамдастықтары арасында өздері реттеу механизмдерін ынталандыру қажет. Сөз бостандығын шектейтін заңдардың бұдан былай да қатаюы этносаралық қарым-қатынастардағы проблемалардың ашық айтылмауына және олардың ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін.

- ОА елдерінің ғылыми қоғамдастықтары Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар мен тарих бойынша оқулықтар мен жинақтар дайындауда күш біріктіруге болар еді. Ондай басылымдарды білім министрліктерінің қолдауымен ЖОО және тіпті мектеп бағдарламаларына негізгі немесе қосымша оқу материалы ретінде енгізуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Ahonen, A. 2008. “S Kirillicy Na Latinicu: Nacional’naâ Identičnost’, Âzykovaâ Politika I Perevod Pis’mennosti v Kazahstane = С кириллицы на латиницу: национальная...” <https://tampub.uta.fi/bitstream/handle/10024/79958/gradu03105.pdf?sequence=1>.

Dave, Bhavna. 2007. *Kazakhstan - Ethnicity, Language and Power*. Routledge.

Karin, Erlan, and Chebotarev, Andrei. 2002. “The Policy of Kazakhization in State and Government Institutions in Kazakhstan,” January. https://www.researchgate.net/publication/265353848_The_Policy_of_Kazakhization_in_State_and_Government_Institutions_in_Kazakhstan.

Laruelle, Marlène. 2012. “The Paradigm of Nationalism in Kyrgyzstan. Evolving Narrative, the Sovereignty Issue, and Political Agenda.” *Communist and Post-Communist Studies* 45 (1): 39–49.

Megoran, Nick. 2013. “Shared Space, Divided Space: Narrating Ethnic Histories of Osh.” *Environment & Planning A* 45 (4): 892–907.

Schatz, Edward A. D. 2000. “Framing Strategies and Non-conflict in Multi-ethnic Kazakhstan.” *Nationalism & Ethnic Politics* 6 (2): 71–94.

Sharipova, Dina, Aziz Burkhanov, and Alma Alpeissova. 2017. “The Determinants of Civic and Ethnic Nationalisms in Kazakhstan: Evidence from the Grass-Roots Level.” *Nationalism & Ethnic Politics* 23 (2): 203–26.

Wilkinson, Cai. 2015. “Imagining Kyrgyzstan’s Nationhood and Statehood: Reactions to the 2010 Osh Violence.” *Nationalities Papers* 43 (3): 417–36.

Аликберов А.К., Рахимов М.А., eds. 2018. *Новейшая история Центральной Азии: проблемы теории и методологии*. Российская акад. наук. Ин-т востоковедения.

Жусипбек Галым. 2015. “Эксклюзивистские национальные самоидентификации, или пороховая бочка Центральной Азии.” 2015. <http://reflections.kz/index.php/ru/analytics-c/31-exclusive-identities>.

Кадыржанов Рустем. 2014. “Межэтническая стабильность и национальная консолидация в Казахстане. Научные статьи и публикации • Е-Библиотека. Портал «История Казахстана».” National Digital History. 2014. <http://e-history.kz/ru/books/library/read/1216>.

Ким Александр. 2010. “Диапора как национальное меньшинство: этнополитическая экспликация.” *Известия высших учебных заведений. Северо-Кавказский регион. Общественные науки*, no. 1. <https://cyberleninka.ru/article/n/diaspora-kak-natsionalnoe-menshinstvo-etnopoliticheskaya-eksplikatsiya>.

Коробкова Ольга. 2009. “Маркеры языка вражды в номинациях этнической принадлежности: социолингвистический аспект.” *Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена*, no. 111. <https://cyberleninka.ru/article/n/markery-yazyka-vrazhdy-v-nominatsiyah-etnicheskoy->

prinadlezhnosti-sotsiolingvisticheskiy-aspekt.

Мухамеджанов Б., Жусупова А. 2011. *Казахстан в оценках жителей и экспертов*. Алматы: Фонд Первого Президента Республики Казахстан.

Пучкова В.А., ed. 2015. *Гражданская защита: энциклопедия. В 4 томах*. Москва: ФГБУ ВНИИ ГОЧС (ФЦ).

Савин Игорь. 2006. “Этническая идентификация городского населения Республики Казахстан 1992-2005 гг.” кандидат наук, Российская академия наук <http://old.iea.ras.ru/autorefs/2006/Sa-vin.04.07.06.pdf>.

Айгуль Садвокасова, Татьяна Кошман, Ботагоз Ракишева. 2016. “История межэтнических, межконфессиональных отношений в Республике Казахстан, включая историю наиболее крупных этносов.” «edu.e-History.kz» электрондық ғылыми журналы 8 (4). <http://edu.e-history.kz/kz/publications/view/593>.

Сатпаев Досым, ed. 2018. *Досым Сатпаев: Лингвистическая деколонизация*. Forbes Казахстан. https://forbes.kz/life/opinion/dosyim_satpaev_lingvisticheskaya_dekolonizatsiya/.

Степанова Н.Г. 2007. “Этнические прозвища как показатель развития межэтнических отношений.” *Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена* 13 (36). <https://cyberleninka.ru/article/n/etnicheskie-prozvischa-kak-pokazatel-razvitiya-mezhetnicheskih-otnosheniy>.

Сулейменова Элеонора, Смагулова Жулдыз. 2005. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. Qazaq universiteti.

9-ТАРАУ. ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ АЙМАҚТАНУ МӘНМӘТІНІНДЕГІ ОРТААЗИЯЛЫҚ АЙМАҚШЫЛДЫҚ

Икболжон Корабоев

Негізгі сұрақтар:

- *Аймақшылдық әлемдік саясаттың маңызды қыры болып табылады. Аймақшылдықтың ресми және бейресми практикасы әлемнің барлық аймақтарында дерлік бар. Жаһандану мемлекеттердің ынтымақтастық пен интеграцияның аймақтық жобаларын жүзеге асыруына кедергі келтірмейді. Аймақшылдық тіпті жаһандық басқару механизмдерін жақсартуға қызмет ете алады.*
- *Мемлекеттер өзінің тәуелсіздігін нығайтып, аймақтағы көрші елдермен өзара тәуелділікті басқару үшін аймақшылдыққа иек сүйейді. Ең бастысы – аймақшылдық кішірек мемлекеттерге ірі державалармен қарым-қатынастарын басқарып, әлемнің басқа аймақтарымен диалог орнатуына көмектесе алады.*
- *Қазақстан аймақшылдықты Орталық Азиядағы ынтымақтастыққа жәрдем ету үшін, қауіпсіздік немесе сауда-саттық секілді ең өзекті аймақтық проблемаларды ортақ түрде түсінуге қол жеткізу үшін, жаһандануға байланысты проблемаларды шешу үшін, Қазақстан мен Орталық Азияның әлемдегі халықаралық орнын көтеру үшін қолдана алар еді.*
- *Аймақшілік шынайы құрылымдар өте аз, негізінен, Орталық Азиядағы барлық мемлекеттік емес платформалардың сыртқы серіктестері бар;*
- *Қазақстан Орталық Азияда жайлы аймақшылдық пен аймақтанудың болуына жағдай жасауға тиіс. Бұл жайт Қазақстанға Орталық Азияда аймақшылдықты дамытуға ғана емес, сонымен қатар еуразиялық интеграция үдерісіне ары қарай да қатыса беруіне көмектеседі.*

Алғы сөз

Бірінші тармақта Орталық Азиядағы аймақшылдықтың артықшылығын көрсететін үш негізгі дәлел қарастырылады. Олар тарихи, өтпелі және геосаяси аргументтер. Сол үш аргумент жалпы алғанда Орталық Азияның аймақтық және жергілікті ерекшеліктерін көрсетеді. Мемлекеттер аймақтық ынтымақтастыққа ең алдымен жергілікті реалийлерден болып қатысады, өйткені географиялық жақындық пен ортақ проблемалар мемлекеттерді ынтымақтастыққа итермелейді. Саясаткерлердің сондай-ақ басқа аймақтардың тәжірибелерінен сабақ ала отырып, аймақшылдық саласында өз күш-жігерлерінің тиімділігін арттыра алуға мүмкіндіктері бар. Осы тармақта Қазақстанның аймақшылдықтың жаһандық практикасын өзінің Орталық Азияда аймақшылдық стратегиясын жақсарту үшін қалай қолдана алатындығы туралы сөз болады. Аймақшылдық заманауи әлемдік саясаттың тұрақты сипатына айналып үлгерген және Орталық Азиядағы аймақшылдық динамикасы да ешқандай ауытқушылық емес. Сондықтан ортаазиялық аймақшылдыққа да әлемдік саясат тұрғысынан талдау жасау қажет. Жаһандық жүйелік және идеократиялық күштер әлемдегі аймақтық үдерістерді қалыптастыруда. Одан соң аймақшылдықтың жаһандық басқарудағы түбегейлі мәнін, өзінің мүше мемлекеттерінің мүдделерін алға жылжыту үшін жайлы аймақшылдықты

пайдалана білген АСЕАН үлгісін және Орталық Азияда аймақшылдықты дамыту үшін Қазақстанның салыстырмалы аймақшылдықтан туған сабақтарды қалай қолдана алатындығы туралы егжей-тегжейлі қарастырамыз.

Жаһанданған әлемдегі аймақшылдықтың зор мәні

Ортаазиялық елдердің тәуелсіздігі 1990 жылдардың басында либерализм мен жаһандану дискурсының ең қызған шағына сай келді. Халықаралық қоғамдастықтың толыққанды мүшесі ретінде Қазақстан мен басқа елдер халықаралық экономикалық және әлеуметтік алыс-берістердің қарқындауы мен үдеуі, халықаралық және аймақтық ұйымдар мен басқа да мемлекеттік емес субъектілердің халықаралық саясаттағы рөлінің күшеюі және де жаһандық талаптардың жаңа түрлерінің пайда болуы сияқты факторлармен сипатталатын халықаралық саяси жағдайға тап келді. Бұл үдерістер әдетте «өсіп келе жатқан бүкіләлемдік өзара байланыстылық» формасында көрініс табатын және өзіндік ережелері мен өзіндік логикасы бар жаңа халықаралық жүйе ретінде танылатын жаһандану құбылысының бір бөлігі ретінде қарастырылады (Friedman, 1999). Жаһандану тудырған мүмкіндіктер мен талаптар жаһандық басқарудың қажеттілігін де тудырды. Жаһандық басқару қаржылық дағдарыстар, миграциялық ағымдар немесе экологиялық проблемалар сияқты жаһандық проблемалардың шешімдерін іздеуге мемлекеттермен қатар мемлекеттік емес акторлар да қатысатын көп деңгейлі ынтымақтастық ретінде сипатталады.

Аймақшылдық – жаһандық саясатты түсінудің келесі бір түбегейлі негізі. Әдетте жаһандану мен аймақшылдық өзара байланысты құбылыстар ретінде танылады. Аймақшылдық пен аймақтандыру жиі жаһандануға байланысты проблемаларды шешудің ең оңтайлы құралдары ретінде қарастырылады. Аймақшылдықты жаһанданудың мақсаттарын (жаһандық нарықтардың аумағын арттыру, әмбебап ұйымдардың өрісін кеңейту немесе жаһандық нормаларды дамыту) алға жылжыту үшін қолдануға болады; жаһанданудың баламасы ретінде (жаһандық институттар мен ережелерге қарсы тұра алатын аймақтық нормалар мен институттар түрінде) қарастыруға болады; немесе әртүрлі аймақтық топтар жаһандық тәртіптің құрамдас бөлігі бола алуы үшін нақты бір аймақтық мәнмәтіндегі жаһандану үдерістерін жеңілдету мен басқару үшін қолдануға болады (Cooper, Hughes & De Lombaerde, 2007). Аймақшылдықты сонымен қатар жаһандық басқаруды жақсарту мен нығайту үшін де пайдалану мүмкіншілігі бар (Kahler, 2017).

Осындай себептерден аймақшылдықтың өзектілігі жаһандану құбылысы барысында соңғы үш онжылдық бойы сақталып отыр. Аймақшылдықтың өлшемдерін аталмыш құбылысқа, теориялық және концептуалдық байлыққа және аймақшылдық практикасының бүкіл әлемде кеңінен өріс алып бара жатқандығына арналған басылымдар санының өсіп келе жатқандығынан байқауға болады. 2016 жылы жарық көрген Oxford Handbook of Comparative Regionalism аймақшылдықтың дәл осы тұрақты мәнін атап көрсетіп, әлемнің негізгі аймақтарын қамтыған аймақшылдықтың теориясы мен практикасы туралы көлемді шолу ұсынады (Börzel и др., 2016). Edward Best мен Thomas Christiansen аймақшылдықтың әлемде өрістеуін төрт динамиканы бөле отырып, түсіндіреді (Best and Christiansen, 2017):

- 1) Мемлекеттер аймақшылдықты өзінің тәуелсіздігін нығайту үшін пайдаланады: аймақтық өлшемдер жаңа тәуелсіз мемлекеттерге өзара қарым-қатынастарын реттеуге және бұрынғы метрополиялар мен басқа державалар алдында өз тәуелсіздігін бекітуге көмектеседі. Аймақшылдық ол мемлекеттерге өзінің халықаралық барабарлығын нығайта түсуге мүмкіндік береді.

2) Мемлекеттер аймақшылдықты өздерінің өзара тәуелділіктерін басқару үшін пайдаланады: аймақтық ынтымақтастық өлшемдері аймақтық проблемалар мен ортақ проблемаларды қозғайды. Аймақшылдық бейбітшілікті нығайтуға, халықтардың және экономикалық ойыншылардың шекараға қарамай, өзара әрекеттесуіне, сонымен қатар аймақтық ынтымақтастықты немесе интеграциялық ұмтылыстарды қолдауға жәрдемдеседі.

3) Аймақшылдық мемлекеттерге «интернационализация» мақсаттары үшін қызмет етеді: аймақтық өлшемдер мемлекеттерге көп қырлы жүйе шеңберінде өздерінің ортақ мүдделерін оңтайлы түрде алға жылжытып, жаһанданудың проблемаларына жауап қатудың тиімді шараларын даярлауға көмектеседі.

4) Келесі жағынан алғанда, аймақшылдықты ірі ойыншылар өздерінің ықпал етер өрісін кеңейту үшін де қолдана алады. Мұнда аймақшылдық ірі державалардың өздерінің бақылауында болатын аймақтық ұйымдар мен құрылымдар құру арқылы нақты бір аймақтарда өз мүдделерін нығайта түсу үшін қажетті құрал ретінде көрініс табады. Алайда екінші жағынан алғанда, кішірек мемлекеттер аймақшылдықты гегемондық державалардың ықпал етер салаларын тудырмау үшін де дамытуларына болады.

Мемлекеттердің аймақшылдыққа деген ынтасын арттыратын басқа да маңызды мақсаттар қатарында мүше елдер арасындағы аймақтық барабарлықты құру немесе әлемнің басқа да аймақтарымен диалог пен ынтымақтастықты жолға қоюды (interregionalism) атауға болады.

Әлемдегі аймақшылдық үдерістерінің салыстырмалы талдауынан алынған тағы бір маңызды сабақ – аймақшылдық логикасының аймақтандыру логикасымен тығыз байланыста болатындығы. Аймақтандыру нарықтық және қоғамдық күштер – ол күштер аймақтық деңгейдегі өзара байланыстылық пен ынтымақтастықты арттыра түседі – арасындағы трансшекаралық өзара әрекеттестікке көңіл бөледі. Бұл жайт халықаралық және ұлттық саясаттағы мемлекеттік емес және қоғамдық акторлардың ықпалының артуына көмектесетін жаһандану шарттары аясында ерекше маңызды болып табылады. Кейбір авторлар аймақтық режимдер бір-бірімен араласып кеткен екі құбылыстың өзара әрекеттестігінің нәтижесінде туындайды деген пікірде. Бұл жерде сөз елдер арасындағы экономикалық және әлеуметтік өзара әрекеттестіктің күшеюіне байланысты аймақтандыру мен мемлекеттің аймақтық институттарды дамытуға талпыныстарына басты назар бөлінетін аймақшылдық құбылыстары туралы болып отыр. Демек, аймақшылдық пен аймақтандыру құбылыстарын бірге қарастыру қажет, себебі «аймақтандырудың негізінде саясат жатады, ал нарықтар институттардың пайда болуы мен жобалануы үшін қажетті алғышарттарды тудырады» («politics underlies regionalization and markets create conditions for the emergence and design of institutions», Solingen and Malnight, 2016). Бұл ойлар аймақшылдықтың жүйелік, материалдық және идеологиялық факторлардың қоспасына негізделетін әлемдік саясатта күрделі және маңызды құбылыс болып табылатындығын көрсетеді (Karns, Mingst и Stiles, 2015).

АСЕАН: жаһандану мен аймақшылдық арасындағы өзара әрекеттестіктің үлгісі

Аймақшылдық пен аймақтану құбылыстары сөйтіп мемлекеттерге жаһандануға байланысты проблемалардың шешімінде және өздерінің халықаралық беделін арттыруға көмек көрсететін маңызды құралдар болып саналады. Еуропалық мемлекеттер 1980 және

1990 жылдарда Жапония сияқты жаңа жаһандық экономикалық ойыншылардың пайда болуына қатысты туған талаптардың салдарынан еуропалық интеграция үдерістерін жылдамдата түсті. Оңтүстік-Шығыс Азия елдері 2000 жылдарда барған сайын жаһандана түскен Азия-Тынық мұхит аймағының халықаралық саясатында дауыс құқығына ие болу үшін АСЕАН арқылы аймақтану жолын таңдап алды. АСЕАН аймақшылдық, жаһандану және аймақтанудың алуан түрлі динамикаларының арасындағы өзара әрекеттің нәтижелерін көруге мүмкіндік беретін жарқын мысал болып табылады. Оның құрылғанынан бері 50 жылдан астам уақыт өтсе де, әлі күнге дейін ресми деңгейде аймақтық ұйым ретінде АСЕАН жетістігі туралы бәтуа жоқ (DW, 2017). АСЕАН онжылдықтар бойы табанды түрде институцияланудың жайлы формасын (light institutionalization) ұстанып отыр (Jetschke, 2009). Ғалымдар әлі күнге дейін АСЕАН Шығыс Азия аймағындағы ортақ проблемалардың шешіміне қосып отырған үлесінің тиімділігін талқылаумен келеді (Eaton and Stubbs, 2006; Narine, 2009). АСЕАН нақты аймақтық экономикалық интеграцияны жүзеге асыруға қабілетсіздігі және 1990 жылдардың соңында орын алған Азия қаржылық дағдарысы немесе мүше мемлекеттер тарапынан адам құқықтарының жаппай бұзылуы (оған Мьянма айқын мысал бола алады) сияқты аймақтық дағдарыстарға тиімді жауап қата алмағандығы үшін сынға ұшырады. Бірақ басқа ғалымдар АСЕАН-ға институциялық ықпалының жоқтығы үшін кінә артуға болмайтындығын алға тартады. Себебі ол расында да «мүдделер шиеленісі міндетті түрде орын алатын жанжалдардың көздерімен, тосын дағдарыстармен немесе ахуалдармен күресуге қабілетсіз» («unable to deal with sources of conflict, immediate crises or situations where clashing interests cannot be avoided», Eaton and Stubbs, 2006). Ол батыстың интеграциялық бірлестіктерінің үлгісіндегі ұлттық деңгейден де жоғары тұратын интеграциялық ұйым ретінде құрылған жоқ. Керісінше, АСЕАН-ды әлемдік саясатта өзіндік ережелері мен мемлекетаралық ұстаным нормаларының жиынтығы бар жеке аймақтық субъект ретінде Оңтүстік-Шығыс Азия шекараларын сыза білген қабілетіне сай бағалау қажет. Және де, әсіресе, сол нормалар мен ережелерді аймақ елдерінің АҚШ және Қытай сияқты ірі ойыншылармен қарым-қатынастары аясында алға жылжытуға қосқан үлесі үшін бағалау қажет. АСЕАН құрылған 1960 жылдардан бастап бүгінгі таңға дейін Шығыс Азия аймағындағы істерге әлемдік державалар ұдайы араласып отырды. Алғашқы жылдарда одақтың мүше мемлекеттері арасындағы қатынастар қазіргідей бейбіт сипатта болмаған еді және мемлекетаралық шиеленіс қаупі бар болған. АСЕАН өз мүше мемлекеттерінің арасында бейбітшілікті сақтауға қол жеткізе білді. Ең бастысы, жаһандық державалар аталмыш аймақтың ерекшеліктерін түсінуге қол жеткізіп, АСЕАН-ды Шығыс Азия аймағындағы саясат пен қауіпсіздік мәселелері бойынша басты сұхбаттас ретінде танытын болды. Shawn Narine айтуы бойынша, АСЕАН аймақ елдері мен ірі державалар арасында дәнекершінің пайдалы рөлін атқарады. Бұл фактор АСЕАН-ға мүше мемлекеттерге бір дауыспен сөйлеп, бүкіл Азия-Тынық мұхит аймағына қатысты және әлемдік державалармен қарым-қатынастарында өздерінің дипломатиялық ықпалын барынша арттыруына мүмкіндік береді. АСЕАН сонымен қатар өзінің құндылықтары мен нормаларын өрістетуге және олардың сақталуын қамтамасыз етуге қабілеттілігін көрсете білді (Narine, 2009). Amitav Acharya ойынша, АСЕАН аймақтық автономия немесе қол сұқпаушылық доктринасы секілді бірқатар құқықтық рационалды нормаларға және сондай-ақ АСЕАН Жолдары деп аталатын бейресми ережелер мен механизмдер жиынтығына талпынады. АСЕАН Жолдары басты назарды бәтуаға және дауларды бейбіт амалдармен шешуге жетелейтін бейресмилікке, ұйымдастыру минимализміне, инклюзивтілікке, қарқынды кеңестерге бөледі (Narine, 2008). АСЕАН саясат пен қауіпсіздік мәселелері бойынша диалогтың басты серіктесі ретіндегі рөлінің нығая түсуі бұл ұйымның өз ықпалын өзінің институциялық шекараларынан да асырып өрістете білуіне мүмкіндік берді. Narine айтуы бойынша, соңғы онжылдықтар бойына Азия-Тынық мұхит аймағының саяси диалогының ең маңызды механизмдері АСЕАН төңірегінде

құрылған. Аталмыш ұйым АСЕАН+3 (Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея), АСЕАН аймақтық форумы немесе Шығыс Азия форумы сияқты көпжақты платформаларға бастамашы болды. Ол платформаларда АСЕАН мүше мемлекеттер жаһандық және аймақтық басқарудың маңызды сұрақтарына деген ортақ көзқарастарын таныстырады және оларда сонымен қатар жаһандық және аймақтық державалар АСЕАН көшбасшылық рөлін мойындайды (Narine, 2009). АСЕАН сонымен қатар аймаққа әлемнің басқа аймақтарымен қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік береді. Бұл құбылысты әдетте «интераймақшылдық» (*орыс тілінде интеррегионализм – ауд. ескертпесі*) деп атайды, ол жаһанданған әлемдегі «аймақтар арасындағы диалог» немесе «бір аймақтың басқа аймақпен өзара әрекеті» ретінде сипатталады. Ол аймақтардың жаһандық салдары бар аймақаралық келісімдерді қалыптастыру арқылы жаһанданудың белсенді ойыншыларына айналуына алғышарт болады (Gilson, 2005; Söderbaum және Van Langenhove, 2005). АСЕАН-мен аймақаралық ынтымақтастықтың үлгісі ретінде оның ЕО қатынасын атауға болады. АСЕАН өзінің ЕО әрекеттестігін екі аймақаралық механизм арқылы бағыттайды: диалог ЕО – АСЕАН және АSEM (Asia-Europe Meetings). ЕО мен АСЕАН қарағанда, соңғысы көбірек қатысушыларды қамтиды. Бірақ соған қарамастан, ЕО мен АСЕАН онда үдерістің басты қатысушылары болып табылады. Жоғары деңгейдегі бейресмилік, көп өлшемділік, тең серіктестік пен тең диалог қағидаларына негізделген АSEM екі аймаққа ортақ мүдделі барлық мәселелер бойынша тұрақты сұхбат жасап тұруға мүмкіндік береді (Gilson, 2005).

АСЕАН тәжірибесі аймақшылдықтың практика жүзінде қалай өріс алатындығын түсінуге көмектеседі. Аталмыш ұйым туралы жоғарыда келтірілген пікірлер аймақшылдық құбылысының АСЕАН арқылы оған қатысушы мемлекеттерге көптеген маңызды мәселелерде көмек көрсеткенін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл оларға тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында аймақтағы саяси шиеленісті азайтып, өздерінің тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесті. Сонымен қатар олардың қауіпсіздік пен экономика саласында ынтымақтастықты дамыту арқылы өзара тәуелділіктерін басқаруды жақсартуға әсерін тигізді. АСЕАН Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріне Қытай мен АҚШ секілді ұлы державалармен қатынастарын реттеуге көмек көрсеткенін де атап өту маңызды. АСЕАН сондай-ақ Еуропа мен Азия арасында қатынастардың дамуына себін тигізеді.

Қазақстан және Орталық Азия жаһандану мен аймақтану құбылыстарының тоғысында

Қазақстан мен Орталық Азия елдері жаһандану мен жаһандық басқару құбылыстарына айтулы деңгейде тәуелді. Бұл елдердің ең маңызды саяси мақсаттарының бірі көптеген әмбебап және аймақтық ұйымдарға қосылу, көпқырлы және халықаралық келісімді режимдерге қол жеткізу арқылы халықаралық қоғамдастыққа ену немесе құқықтың ұлықтығына, нарықты ырықтандыруға немесе адам құқықтарын қорғауға қатысты жаһандық және трансұлттық ережелерді қолдану болып табылады. Екінші жағынан алғанда, Орталық Азия елдері сонымен қатар жаһанданудың кері салдарының алдында осалдық танытады. 2016 жылғы Адам дамуы жөніндегі аймақтық баяндамаға сай Орталық Азия елдері үшін осалдық пен теңсіздік проблемалары олардың адамауи капиталы мен инфрақұрылымы түріндегі постсоциалистік мұрасының жарасы өскен сайын одан ары өзекті бола түседі (UNDP 2016). Жаһандық экономиканың қазіргі құбылмалылығы мен әлемдік державалардың қатынастарындағы шиеленіс Қазақстан секілді елдер үшін маңызды салдар тудырады. Ресейге қатысты американдық және еуропалық санкциялар саясаты, шикізат тауарларына деген әлемдік бағалардағы өзгерістер немесе «Бір белдеу, бір жол» жаңа бастамасын алға жылжытудағы Қытайдың жаһандық ұмтылысы аймаққа

қазірдің өзінде тікелей немесе жанама ықпалын көрсете бастады.

Аймақшылдық осындай жағдайлар тоғысында проблемаларды шешу үшін маңызды құрал бола алады. Қазақстан мен Орталық Азия елдері де аймақшылдыққа зер салу арқылы өздерінің халықаралық мәртебесін көтере алар еді. Еуропа мен АСЕАН тәжірибесіне сүйене отырып, аймақшылдықтың Қазақстан мен жалпы Орталық Азия үшін қандай олжа әкеле алатындығына жорамал жасап көруге болады.

Жаһандық басқару тұрғысынан алғанда, аймақшылдық тәсіл Орталық Азияға жаһандандудың нәтижесінде туындап жатқан проблемаларды жергілікті деңгейде шешудің жолдарын ұсынуға көмектесе алады. Ауғанстандағы ахуалға немесе жаһандық радикалды қозғалыстарға байланысты қауіпсіздік проблемалары; АҚШ пен Ресей арасындағы саяси шиеленіс немесе Қытай мен АҚШ арасындағы сауда жанжалы секілді әлемдік державалар арасындағы шиеленістердің тікелей немесе жанама әсері; адам құқықтары мен жеке тұлға бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін аймақтық құралдар дамытудың қажеттілігі немесе ортаазиялық елдердің қазіргі туындап жатқан трансұлттық транспорттық дәліздер аясындағы мәртебесін жақсарту мәселесі Орталық Азия елдері тарапынан аймақтық координация мен ынтымақтастықты талап етеді. Орталық Азиядағы аймақтандыру құбылысы Қазақстан үшін ең өзекті аймақтық мәселелер бойынша (су, энергетика, сауда) ортақ бәтуаға келуге, қазақстандық іскерлік және экономикалық ойыншылардың Орталық Азия нарықтарындағы қамтитын аумағын кеңейтуге және ең бастысы, Қазақстан мен ортаазиялық елдердің мүдделерін «Бір белдеу, бір жол» және басқа да әртүрлі трансконтиненттік транспорттық және инфрақұрылымдық жаһандық жобалар аясында алға жылжытуға жәрдемдесе алады.


Аймақшылдық тәсіл Орталық Азия елдеріне сонымен қатар аймақтық саясатқа бірнеше ірі державалар араласатын жағдайда аймақтық автономия мен аймақтық орнықтылықты арттыруға көмектесе алады. Аймақшылдық егемендік пен ішкі істерге қол сұқпаушылық нормаларын құрметтеуді айқындайтын құралдардың бірінің рөлін атқара алар еді. АСЕАН елдері секілді Орталық Азия елдері де аймақтық өлшемдерді сыртқы күштердің қатысуынсыз өтпейтін істерде аймақтық мәселелерге қатысты өздерінің біртұтас көзқарасы мен біріккен дауысын көрсету үшін қолдана алар еді. Аймақшылдықты ЕО және АСЕАН сияқты басқа аймақтармен тұрақты диалогты нығайту мақсатында да пайдалануға болады.

Сайып келгенде, аймақтағы саясаткерлер мен ғалымдар жаһандану, аймақшылдық және аймақтану құбылыстарының арасындағы байланыстарды мойындауға тиіс. Сонда ғана ашық және жайлы аймақшылдық пен аймақтандырудың үйлесімділігіне қол жеткізуге болады. Бұл Орталық Азиядағы аймақшылдық көздері тек қана аталмыш аймаққа тиесілі емес екендігін білдіреді. Аймақшылдық жаһанданып бара жатқан әлемнің тұрақты бір қыры болып табылады. Әлемнің әр түкпірінде мемлекеттер жаһандану талаптарына бейімделу үшін саналы түрде аймақшылдыққа жүгінеді. Әртүрлі аймақтық бастамалар ынтымақтастықтың жаһандық механизмдерімен байланыста қарастырылады. Бұл жайт та мемлекеттердің аймақтық жобалардың басты қозғаушы күші екендігін және сонымен қатар аймақтық жобаларды жүзеге асыру үшін нарық пен азаматтық қоғамның мемлекеттік емес акторларын іске тартатындығын көрсетеді. Жаһандық және аймақтық басқару жаңа талаптардың ортақ проблемаларды шешу жолдарын дамытуда мемлекеттердің нарық пен азаматтық қоғам қатысушыларының көмегіне жүгінуін талап ететіндігі туралы идеяға негізделеді. Сондықтан Орталық Азияның аймақшылдығы да мемлекеттік емес акторларды іске тартса, орнықты және табысты болмақ. Аймақтандыруға назар аудару да Орталық Азиядағы аймақшылдықтың икемді және жайлы тәсіліне жәрдем көрсетеді.

Икемділік пен жайлы аймақшылдық Қазақстанға бір жағынан, Орталық Азияда аймақшылдықты дамытуға қатысуға, екінші жағынан, Еуразиялық экономикалық одақ сияқты ағымдағы аймақтық интеграциялық жобаларға қатысуды жалғастыра беруге мүмкіндік береді. Себебі Еуразиялық экономикалық одақ ресми институционалдық құрылысқа негізделсе, Орталық Азияның аймақшылдығы міндетті түрде ресми сипаттын болуын талап етпейді. Ал бұл жайт өз кезегінде еуразиялық және ортаазиялық жобалар арасында институционалдық деңгейдегі қосарланушылықтың орын алуына жол бермейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- Best, Edward and Christiansen, Thomas. 2017. Regionalism in International Affairs. Ch 25 in Baylis, Smith and Owens, The Globalization of World Politics. Oxford University Press.
- Börzel, Tanja and Risse, Thomas. (Eds.). 2016. The Oxford handbook of comparative regionalism. Oxford University Press.
- Cooper, Andrews, Hughes, Christopher and De Lombaerde, Philippe. (eds.). 2007. Regionalisation and global governance: the taming of globalisation? Routledge
- Deutsche Welle. ASEAN 50 years on: Success or failure? April 29 2017 available at: <https://www.dw.com/en/asean-50-years-on-success-or-failure/a-38043777>
- Eaton, Sarah and Stubbs, Richard. 2006. “Is ASEAN powerful? Neo-realist versus constructivist approaches to power in Southeast Asia”. The Pacific Review, 19(2), 135-155.
- Friedman, Thomas. 2000. The Lexus and the olive tree: Understanding globalization. Farrar, Straus and Giroux
- Gilson, Julie. 2005. “New Interregionalism? The EU and East Asia”. Journal of European Integration, 27(3), 307-326.
- Held, David. 2004. A globalizing world?: culture, economics, politics. Routledge
- Jang, Jinseop, McSparren, Jason and Rashchupkina, Yulia. 2016. “Global governance: present and future”. Palgrave Communications, 2, 15045.
- Jetschke, Anja. 2009. “Institutionalizing ASEAN: celebrating Europe through network governance”. Cambridge Review of International Affairs, 22(3), 407-426.
- Kahler, Miles. 2017. „Regional challenges to global governance“. Global Policy. 8(1):97-100.
- Karns, Margaret, Mingst, Karen and Stiles, Kendall. 2015. International Organizations. The Politics and Processes of Global Governance, Third ed. Boulder
- Narine, Shaun. 2008. “Forty years of ASEAN: a historical review”. The Pacific Review, 21(4), 411-429.
- Narine, Shaun. 2009. “ASEAN in the twenty-first century: a sceptical review”. Cambridge Review of International Affairs, 22(3), 369-386.
- Söderbaum, Fredrik and Van Langenhove, Luk. 2005. “Introduction: The EU as a Global Actor and the Role of Interregionalism”. Journal of European Integration, 27(3), 249-262.
- Solingen, Etel and Malnight, Joshua. 2016. in Börzel, Tanja and Risse, Thomas. (Eds.). 2016. The Oxford handbook of comparative regionalism. Oxford University Press.
- UNDP. 2016. Regional Human Development Report 2016.



Жинақтың мазмұнында Фридрих Эберт атындағы қордың көзқарасы
көрініс табуы міндетті емес.

Орыс тілінен аударған: ф.ғ.к. Шырынгүл Зухай